

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан КОММУНИСТІ

7

И Ю Л Ъ

1962

А Л М А Т Ы

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАҢЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

Экономикалық тақырыптағы жаңа әдебиеттер

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСИ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ ШЫҒАРҒАН КІТАПТАР

А. КУРСКИЙ. Партия мен халықтың басты экономикалық міндеті.

«Партияның XXII съезі материалдарын оқып-үйренушілерге көмек». Көлемі 80 бет, бағасы 8 тиын.

Автор коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың барысын көрсетіп, оны коммунистік қоғамдық қатынастың дамуымен байланысты баяндайды. Оқушы бұл кітаптан материалдық-техникалық база жасаудың негізгі жолдары, коммунизм құрудағы еңбек өнімділігінің ролі туралы қанық ұғым алады. Кітапта алдағы жиырма жыл ішінде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының болашағы көрсетіледі.

Э. ГОРБУНОВ. Шетел жұртшылығы КПСС Программасы туралы. Көлемі 32 бет, бағасы 8 тиын.

Автор жаңа, тұңғыш рет жарияланып отырған материалдарды пайдалана отырып, империализм итаршылары мен жандайшаптарының Совет Одағы Коммунистік партиясының жаңа Программасына жапқан жаласы мен өсек-аяндарын әшкерелейді. Ол коммунизмнің қоғам дамуындағы заңды сатысы, барша адамзаттың бақытты болашағы екенін дәлелдейді.

В. БУНИМОВИЧ. Өнеркәсіп өнімдерінің түсер құны және техникалық прогресс. Көлемі 295 бет, бағасы 51 тиын.

Кітапта нақты материалдар негізінде жаңа техниканың және техникалық прогрестің қоғамдық еңбекті үнемдеудегі, әрі өнімнің түсер құнын кемітудегі экономикалық тиімділігі айтылған. Кітапта түсер құнды жоспарлау мен есептеудің тәжірибесі талданады, бұл жұмыстағы кемшіліктер ашылып, оны жақсартуға түсудің жолы көрсетіледі.

П. ДАНИЛОВ. Жұмысшылардың кәсіпорында басқаруға қатысуы. «Жұмысшыларға экономикалық білім беру» деген сериядан. Көлемі 48 бет, бағасы 5 тиын.

Қарышты кадаммен алға басу үшін, партия мен мемлекет мүддесін ойдайдай орындау үшін әрбір жұмысшыға социалистік өнеркәсіптің қалай басқарылатынын білу өте қажет. Автор, көпшілікке түсінікті түрде социалистік өндірісті басқарудың әдісі мен принципі, кәсіпорындардың ұйымдық құрылымы туралы баяндап, әкімшілік-басқару аппаратын ықшамдап, арзандату үшін не істеу керектігін, өндірісті басқаруда партия, кәсіподақ ұйымдарының қандай роль атқаратынын жазады.

И. ЦИКОТО. Шаруашылықты ғылыми негізде жүргізу. «Село еңбекшілеріне экономикалық білім беру» деген сериядан. Көлемі 64 бет, бағасы 6 тиын.

Кітапшада колхоз, совхоздардың шаруашылығын қалай ғылыми дұрыс жүргізу керектігі, оның ауыл шаруашылығын дамытуға қандай әсер ететіні айтылған. Сондай-ақ өз шаруашылықтарын ғылыми негізде жүргізіп отырған колхоз, совхоз өмірінен мысалдар келтіріліп, олардың өзат тәжірибесі баяндалған.

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ ШЫҒАРҒАН КІТАПТАР

С. БӘЙІШЕВ — Коммунизм және ғылым. Көлемі 80 бет, бағасы 9 тиын. 1962 жыл.

Автор бұл еңбегінде ғылымның қоғам дамуындағы тарихи роліне және оның кәзіргі жағдайына марксизм-ленинизм ілімі тұрғысынан талдау жасайды. Партияның XXII съезі шешімдеріне, жаңа Программаның теориялық қағидаларына сүйене отырып, ол коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда совет ғылымының тікелей өндіргіш күшке айналып келе жатқанын нақты материалдармен дәлелдейді.

Н. ПОНОМАРЕНКО — Коммунизм құрылысын кең өрістете жүргізу кезінде материалдық игіліктерді бөлу. Көлемі 78 бет, бағасы 10 тиын 1962 жыл.

Ә. КӘКІМЖАНОВ — Социализмнің Шығыстағы шамшырағы.

Автор бұл кітапшасында Қазақстанның совет өкіметі жылдарында қолы жеткен табыстары мен жетістіктерін сөз етеді. Көлемі 5 баспатабақ. 1962 жыл.

С. ИВАШКИН — Қазақстанның ауыл шаруашылығын социалистік қайта құрудағы совет жұмысшы табының ролі. Көлемі 19 баспатабақ. 1962 жыл.



Қазақстан КОММУНИСТІ

КАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ХЛІ жыл ШЫҒУЫ

№ 7

И Ю Л Ь

1962

МАЗМҰНЫ

БАС МАҚАЛА — Ауыл шаруашылығын мықтап өркендетудің қажетті шарасы	3
Ф. Р. КОЗЛОВ — КПСС — бүкіл халықтың партиясы	10
С. ДӘУЛЕНОВ — Қазақстанды қой шаруашылығының ірі базасына айналдырайық	23
Н. ЖАНДІЛДИН — Коммунизм және ұлттар арасындағы қарым-қатынас	31
А. ЩЕРБАКОВ — Мектеп құрылысы — жұртшылық ісі	40
Ш. ЕСМҰРЗАЕВ — Бар мүмкіндік тиімді пайдаланылсын	45

КОММУНИЗМ ҚҰРЫЛЫСШЫСЫНЫҢ МОРАЛЬДЫҚ КОДЕКСІ ТАҚЫРЫБЫНА

Б. ЖҰМАҒАЛИЕВ — Еңбек етпеген ішіп-жемейді	50
--	----

КОЛХОЗ-СОВХОЗ ӨНДІРІСІ БАСҚАРМАЛАРЫ БАРЫНША НЫҒАЙТЫЛСЫН

Ауыл-селодағы партиялық шешуші буын	54
С. ХАЙДАРОВ — Басшылық дәрежесі жоғары болсын	61
Е. СЕРІКБАЕВ — Басты бағыт	66
Ә. ТҮЯҚБАЕВ — Жетісай өндірістік басқармасында	70
Істі қолма-қол ұйымдастырамыз	75

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Ауданаралық газеттердің алғашқы адымы	77
---	----

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — Необходимая мера дальнейшего развития сельского хозяйства	5
Ф. Р. КОЗЛОВ — КПСС — партия всего народа	10
С. ДАУЛЕНОВ — Превратим Казахстан в крупную базу овцеводства	23
Н. ДЖАНДИЛЬДИН — Коммунизм и взаимоотношение нации	31
А. ЩЕРБАКОВ — Строительству школ — повседневное внимание общественности	40
Ш. ЕСМУРЗАЕВ — Хозяйствовать умело, полнее использовать резервы	45

МОРАЛЬНЫЙ КОДЕКС СТРОИТЕЛЯ КОММУНИЗМА


Б. ЖУМАГАЛИЕВ — Кто не работает, тот не ест	50
---	----

ВСЕМЕРНО УКРЕПЛЯТЬ ПРОИЗВОДСТВЕННЫЕ КОЛХОЗНО-СОВХОЗНЫЕ УПРАВЛЕНИЯ

Основное звено партийного руководства на селе	54
С. ХАЙДАРОВ — Руководить конкретно, со знанием дела	61
Е. СЕРИКБАЕВ — Главное направление	86
А. ТУЯКБАЕВ — В Джетысайском производственном управлении	70
Действенно, оперативно	75

ОБЗОР ПЕЧАТИ

Первые шаги межрайонных газет	77
---	----



Ауыл шаруашылығын мықтап өркендетудің қажетті шарасы

Ауыл шаруашылығын өркендету — елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың негізгі бір бөлегі. Сондықтан да Коммунистік партия және оның лениндік Орталық Комитеті халық шаруашылығының өмірлік маңызы ересен зор бұл саласын өрге бастыруға үнемі қамқорлық жасап, ірі-ірі шараларды қолданып келеді. Бұл шараларды іске асырып, азық-түлік молшылығын жасау жолында партия ауыл шаруашылығының маңызы туралы маркстік-лениндік ілімнің қағидаларын берік негізге алып отырады. В. И. Ленин социалистік мемлекет үшін ауыл шаруашылығының орасан зор маңызы бар екенін ерекше атап көрсеткен болатын. Ол былай деген еді: ауыл шаруашылығы өндірісін жаңа сатыға көтеріп, оны ғылымның және техниканың жетістіктері негізінде жүргізуді біздің партиямыз коммунистік құрылыстың негізгі міндеттерінің бірі деп біледі. Партияның XXII съезі ауылшаруашылық өндірісін онан әрі өрге бастыру бүкіл партияның, бүкіл халықтың ісі болуға тиіс деп жариялады.

«Біздің ауыл шаруашылығы саласындағы міндеттеріміз, — дейді Н. С. Хрущев жолдас, — коммунистік құрылыстың түбірлі мүдделерінен туып отыр. Біздің бәріміз ауыл шаруашылығын өркендету — халықтың әл-ауқатын арттырудың басты шартының бірі болып саналады, дегенге сүйенеміз».

Жақында партияның Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің барлық жұмысшыларға, колхозшыларға, совхоз жұмысшыларына, совет интеллигенциясына, бүкіл совет халқына арнаған Үндеуі жарияланды. Бұл документтің маңызы орасан зор, өйткені онда ауылшаруашылық өндірісін мықтап өркендету, халықтың азық-түлік, әсіресе ет, май жөніндегі өскелең қажетін өтеу жайындағы түбегейлі мәселелер қозғалды. Партия мен халықтың бірлігі — біздің қоғамға ежелден тән қасиет. Партия мен үкімет өз Үндеуінде еңбекшілерді мал өнімдерімен жабдықтау жолында кездесіп отырған қиыншылықтарды халыққа ашықтан-ашық айтып, ол қиыншылықтарды таяудағы уақытта жеңудің нақты шараларын баяндап берді.

Біздің партияның ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту жолында қандай табанды күрес жүргізіп келе жатқанын совет адамдары жақсы біледі. Тарихи сентябрь Пленумынан бері елімізде колхоз, совхоз өндірісін алға бастыру бағытында көп жұмыс істелді. Бүкіл елде ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1953 жылдан 1961 жылға дейін 1,6 есе артты. Астық майданында үлкен жеңіске қол жетті. Елдің азық-түлік мақсатына арналған астық жөніндегі қажеті толық қанағаттандырылуда. Сол сияқты ет, сүт, жұмыртқа, қант қызылшасын өндіру едәуір өсті. Партияның қолданған ірі шаралары мен ауыл-село еңбеккерлерінің күш жұмсауы нәтижесінде соңғы жылдары біздің республикада да ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру біршама артты.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі өз Үндеуінде былай деп ашық жазды: «Біздер ауыл шаруашылығы өндірі-

сінде қол жеткен нәтижелерге тіпті де қанағаттана алмаймыз. Халықтың кейбір азық-түлік өнімдеріне, ең алдымен, мал шаруашылығының өнімдеріне деген өскелең қажетін қамтамасыз етіп отыру үшін оның дәрежесі әлі де жеткіліксіз болып отыр». Әрине, мұның өзі кездейсоқ нәрсе емес. Ол біздің шұғыл өрге басуымыздан туып отырған қиыншылықтар. Совет экономикасы шапшаң өркендеп келеді. Халық сапы тез өсіп, еңбекшілердің ақшалай табысы жылдан жылға арта түсуде. Ол былтыр 1953 жылғымен салыстырғанда 87 процент көбейді. Мемлекет тұрғын үй құрылысына, мәдени-әлеуметтік шараларға, пенсия төлеуге, түрлі көмек көрсетуге қыруар қаржы жұмсайды. Бізде әр семья өз табысының денін жақсы тамақ ішіп, жақсы киінуге жұмсайды. Әлбетте, осының бәрінің қажеттілік мөлшерін анағұрлым көбейте түскені аян. Еңбекшілердің қажеттері, оның ішінде азық-түлік өнімдеріне деген қажеті келешекте кәзіргіден де шапшаң арта бермек.

Партияның XXII съезі мен КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерінде елімізде азық-түлік өнімдерін өндірудің жоғары дәрежеде болуын қамтамасыз етуге бағытталған елеулі шаралар белгіленді. Бұл шараларды іске асыру үшін, алдымен, қуатты материалдық-техникалық база жасау жағынан колхоз, совхоздарға көмекті күшейте беру керек.

Ауыл шаруашылығына материалдық-техникалық көмекті күшейтуге бізде үнемі қамқорлық жасалуда. Соңғы бірнеше жыл бойы колхоздар үшін ауыл шаруашылығы машиналарының, запас бөлшектердің, жанар майдың, құрылыс материалының, металдың бағасы арзандатылды, табыс салығы жөнінде жеңілдіктер берілді. Биыл совхоздарға күрделі құрылыс үшін қосымша қаржы тағы да бөлінді. Соңғы кезде ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау бағасы арттырылды. Осындай шараларды іске асыру мақсатымен мемлекет көптеген миллиард сом қаржы жұмсады. Алайда, шаруашылықты өркендету тәжірибесі көрсеткеніндей, ауыл шаруашылығының еңбекті неғұрлым көп тілейтін саласы — мал шаруашылығының тым кенже қалуын толық жою үшін бөлінген бұл қаржы мөлшері әлі де жеткіліксіз болып жүр.

Малға да бап, жақсы күтім керек. Малдың тез өсіп, етті, сүтті көп беруі үшін оның сайлы қорасы, құнарлы шөбі, жемі мол болуы шарт. Мал шаруашылығын кәзіргі талапқа сай жүргізу фермаларды жаппай механикаландыруды, электрлендіруді керек етеді. Демек қора салуға, жемшөп дайындауға, ферманы машиналандыруға едәуір қосымша қаржы қажет. Ал оның бер жағында кәзір колхоздар мен совхоздарда мал шаруашылығын механикаландыру жайы онша емес, еңбек өнімділігінің дәрежесі төмен, соның салдарынан ет, сүт өндіруге шығын көп жұмсалады. Мұның өзі кейде өнімді мемлекет сатып алатын бағадан бірқыдыру асып түсіп жүр. Содан барып жеке колхоздар мал шаруашылығынан пайда таппағаны былай тұрсын, қайтс одан зиян шегеді. Мұндай жағдайда, әрине, олар ет, сүт өндіруге оншама ынталы болмай келді. Бұл кемшіліктер біздің республиканың көптеген колхоздарына да тән.

Ет пен сүтті көп өндіруге колхоздар мен совхоздардың ынталылығын күшейту үшін, алдымен мал шаруашылығы өнімдерінің сатып алу бағасын арттыру керек болды. Бірақ бұған қаржыны қайдан алу керек деген сұрақ туды. Бұл сұраққа партия мен үкімет халыққа арнаған өз Үндеуінде айқын жауап берді. Біз колхоздарда еңбекке қарай бөлінетін табыс сомасын кеміту шарасын қолдана алмаймыз. Өйткені, бұл шара колхозшы бұқарасының материалдық ынталылығын оқыс бәсеңдетіп, колхоз өндірісінің экономикалық негізін нашарлатып жіберер еді. Отанымыздың қорғаныс қабілетін нығайтуға нұқсан келтіре отырып, мемлекет ауыл шаруашылығына қаржы жұмсау

жолына түсе алмайды. Мұны совет аламындары жақсы түсінеді. Металлургия, химия, машина жасау және өнеркәсіптің басқа саласына, тұрғын үй салуға жұмсалатын қаржыны да қысқартуға болмайды. Бұл да біздің жалпы алға басу қарқынымызды баяулатар еді.

Партия мен үкімет осы жағдайдың бәрін ескере, салмақтай келе, ірі қара, шошқа, қой-ешкі, құс етінің сатып алу бағасын орта есеппен 35 процент арттыруға ұйғарды. Үкімет мал мен құстың елдегі түрлі дайындау аймағы мен маусымы бойынша ірі қараның, шошқаның семіздігіне қарай сатып алу бағасын саралап белгіледі. Совхоздардан және өзге ауылшаруашылық кәсіпорындарынан мемлекет ірі қараны, шошқаны, үй қоянын, құсты колхоздардағыдан он процент кем бағамен сатып алатын болды. Қойдың жеке тұқымдарының сатып алу бағасына өзгерістер енгізілді. Мұнымен қатар еттің және еттен жасалған тағамдардың бөлшек сауда бағасын осы жылғы 1 июньмен бастап орта есеппен 30 процент, сондай-ақ тоң майдың бөлшек сауда бағасын 25 процент арттыру ұйғарылды. Сөйтіп мал шаруашылығы өнімдерінің сатып алу және бөлшек сауда бағаларының арасында дұрыс ара салмақ жасалды. Мұның өзі, бір жағынан, халыққа ет және ет өнімдерін, тоң май сату кезінде мемлекеттің тартып келген шығынын да азайтады.

Әрине, бағаны арттырудың өзі де жағымсыз шара. Өйткені, ол халықтың мал шаруашылығы өнімдерін сатып алу мүмкіндігін аздап болса да кемітеді, семьяның бюджетіне әсер етеді. Бұл жағдайды партия мен үкімет жақсы түсінеді. Сондықтан бөлшек сауда бағасын кейбір арттырудан халықтың көретін шығынын, мүмкіндігінше, кеміту амалы істелді — қанттың, штапель матасының, одан тігілген бұйымдардың бөлшек сауда бағасы арзандатылды.

Сатып алу және бөлшек сауда бағаларын арттыру сияқты ауыл шаруашылығына қомақты көмек көрсетуге бағытталған шаралардың экономикалық, саяси жағынан қажетті болып отырғанын совет адамдары дұрыс түсінді. Бұл шаралар колхоздардың ферманы механикаландыруға, жемшөп өндіруді молайтуға қосымша қаржы жұмсауына, сайып келгенде ет, сүт және басқа өнімдерді мол алып отыруға мүмкіндік береді. Сонымен қоса ол колхоздар мен совхоздардың, бүкіл ауыл-село жұртшылығының өз еңбегінің нәтижесіне ынталылығын күшейтуге дұрыс қызмет етеді.

Етке, ет өнімдеріне, майға бөлшек сауда бағасының кейбір арттырылуы — уақытша қолданылып отырған шара. Барлық колхоз бен совхоздың мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге ілгері қадам жасап, еңбек өнімділігін үрдіс арттыратын, өнім өндіруге шығынды азайтатын күні алыс емес. Ал өнім әбден көбейген кезде сатып алу бағасын кемітуге және онымен қоса бөлшек сауда бағасын арзандатуға әбден болады.

Бүкіл елімізбен бірге республиканың еңбекшілері де КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің күллі совет халқына арнаған Үндеуін шын жүректен мақұлдап қарсы алды. Олар ет, ет өнімдерінің, майдың сатып алу және бөлшек сауда бағаларын арттыру қажетті де, бірден-бір дұрыс шара деп санауда. Олар мұның мемлекет мүддесі, халық мүддесі үшін қолданылып отырғанын түсінеді. Жаңа шара, әсіресе колхоздарға финанс жағынан едәуір көмек болғалы отыр.

Колхозшылар, совхоз жұмысшылары, мамандар бүкіл ауыл-село еңбеккерлері партия мен үкіметтің шақыруына қажырлы еңбек ете отырып, нақты іспен жауап беруге бел байлаған. Қазақстанның партия, совет, ауылшаруашылық органдары КПСС Орталық Комитеті март Пленумынан кейін ауыл шаруашылығын, әсіресе мал шаруашылығын өркендету бағытында, социалистік міндеттемені іске асыру

жолында бірқыдыру жұмыс істеді. Соның нәтижесінде колхоздар мен совхоздарымыз егіс көлемінің құрылымын қайта қарап, отамалы дақылдардың, бұршақтың егіс көлемін едәуір ұлғайтты. Көптеген шаруашылық егісті агротехникалық қолайлы мерзімде өткізді. Биылғы көктемнің өзіне тән ерекшелігі, жаңалығы бар. Ол — егісте прогрестік әдістердің кең қолданылуы: тұқымның көбінесе тоғыспалы, тарқатарлы әдіспен себілуі болды. Республика бойынша 26 306 мың гектар жаздық дақылдар егілді. Мұның былтырғыдан екі жарым миллион гектары артық. Ал бидай жоспардағыдан 1 миллион 213 мың гектар көп салынды. Тары, бұршақ дақылдарын, кант қызылшасын, жүгері, күнбағыс егу тапсырмалары едәуір асыра орындалды. Қара сұлы іспеттес арамшөптерді құрту жөнінде биыл бұрын-сонды болмаған көлемде жұмыс атқарылды. Барлық жерде болған жанбыр егістің өсіп жетілуіне қолайлы жағдай туғызды. Егіннің түсімі жақсы болатын түрі бар. Бұл өте қуанарлық жәйт.

Мал шаруашылығын ілгері бастыруға бағытталған шаралардың кейбір игі нәтижесін көріп отырмыз. Бірқатар колхоздар мен совхоздар мал қыстатуды тәуір аяқтады. Республика бойынша үстіміздегі жылдың өткен айларында ірі қара, қой-ешкі, шошқа, құс саны өсті. Әрбір жүз саулықтан алынған қозы саны біраз көбейді. Бірінші июньге дейін былтырғы осы уақыттағыдан бір миллионнан астам қозы артық алынды. Гурьев облысында әр жүз саулыққа кәзірдің өзінде 105 қозыдан еріп отыр. Ал осы облыстың «Передовик» сияқты колхозында бұл 148-ден айналды. Оңтүстік облыстарда әр жүз саулықтан 120—130 қозы өсіріп отырған шаруашылықтар бар. Бірсыпыра аудандар ет, сүт өндіруді арттырды.

Партияның Орталық Комитетінің март Пленумында республика ауыл шаруашылығындағы елеулі кемшіліктердің қатаң да әділ сыналғаны мәлім. Бірақ кейбір партия ұйымдары осы сыннан тиісті қорытынды шығармай, ауыл шаруашылығы қызметкерлерін жарыста алған міндеттемені орындауға жаппай жұмылдыра алмай келеді. Соның салдарынан егіннен мол өнім алу, еттің, сүттің көп өндірілу тағдырын шешетін бірқатар жұмыс артта қалып қояды.

Кәзір егіннің түсімін молайтуға негіз қаланатын жауапты кезеңді бастан өткізудеміз. Егісті жаппай күтіп-баптау, арамшөптің шығуына ешбір бой бермеу, дақылдарды қоректендіру, суару жұмыстарын кезінде жүргізу керек. Бұл жұмыстардың бәрі уақытында, сапалы жүргізілсе ғана игі нәтиже береді. Амал не, осыны түсінбейтіндер әлі ұшырайды. Биыл мемлекетке 225 мың тонна «ақ алтын» сатуға серт еткен Шымкент облысының шаруашылықтары мақтаны баптауды нашар ұйымдастырып отыр. Оны сирету, үстеп қоректендіру, егістің қатар аралығын баптау кешеуілдеп қалды. Алматы, Жамбыл облыстарында кант қызылшасын күту жұмысының жайы мардымсыз. Бұларда, әсіресе егісті үстеп қоректендірудің, суарудың барысы шабан. Республиканың көптеген ауданында бағалы дақыл — жүгерінің егісін баптау ерекше дабыл қағарлықтай берекесіз болып отыр. Алғаш рет жүгері егісінің 6 процентіне ғана культиватор жүргізілді. Қазақ ССР-інің ауыл шаруашылығы жөніндегі комитеті өзінің мәжілісінде егісті күту жұмысындағы осындай елеулі кемшіліктерді ашып, оны тез арада жоюды партия, совет ұйымдарынан, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау министрлігінен, барлық территориялық өндірістік басқармалардан талап етті.

Социалистік жарыс міндеттемелерін абыроймен орындау жолында мал шаруашылығындағы олқылықтарды тез түзетудің мәні ерекше. Бірсыпыра ауданда биыл төл алу науқаны жөнді ұйымдастырылмай, біраз малдың шығын болуына жол берілді.

1962 жылы Орал облысының колхоздары мен совхоздары мемлекетке 70 мың тонна ет, 44 мың тонна сүт, 94 мың центнер жүн сатуға міндеттенді. Бірақ мұнда мал шаруашылығын өркендету осы жауапты міндеттемені іске асыру талабына сай деп айтуға болмайды. Биылғы жылдың өткен айларында малдың өлім-жітімі көбейіп кетті. Мысалы, ірі қараның төрт проценттейі, қой-ешкінің 3,6 проценті, шошқаның он проценті шығын болды. «Ішкі мұқтаж» деген желеумен ұстаранның қолында, тістегеннің аузында кеткен мал және көп. Алынған бұзау әр жүз сиырға 37-ден ғана айналады. Ал әр жүз саулықтан 11 қозы былтырғыдан кем алынды. Алғашқы айларда етке өткізілген малдың көпшілігі арық болды. Облыс бойынша мемлекетке сүт сатудың төрт айлық жоспары орындалмады. Жанақала ауданы 120 тонна етті, 40 тонна сүтті өткен жылғыдан кем сатты.

Социалистік міндеттемеге сәйкес Шымкент облысының шаруашылықтары биыл Отанға 57 мың тонна ет, 46 мың тонна сүт сатуға тиіс. Дегенмен, облыстың партия, совет, ауылшаруашылық органдары мал шаруашылығы өнімдерін өндіру күресін өрістеткен жоқ. Мұнда малдың аман сақталуына қамқорлық шамалы. Төрт айда күтімсіздіктен сиырдың үш, қой-ешкінің екі проценттейі өлім-жітімге ұшырады. Осы себептен Арыс ауданы 11 мыңдай, Түркстан ауданы жеті мыңнан астам қойдан айрылды. Биыл облыста сауылған сүт әр сиырға шаққанда былтырғыдан 86 килограмм кем болып отыр. Ет дайындау жұмысы нашар ұйымдастырылған. Жайып семіртуге бөлінген малдың саны өте аз.

Тың, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан өлкелерінің көптеген ауданында да жағдай осындай мүшкіл. Бұл кемшіліктерді дереу батыл жойып, социалистік жарыс міндеттемелерінің абыроймен орындалуына зер салу керек.

Колхоздар мен совхоздар мемлекеттің, бүкіл халықтың көрсетіп отырған материалдық көмегін неғұрлым ұтымды пайдаланып, ауыл шаруашылығының, әсіресе мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді арттыруға мүмкіндіктің бәрін тауып іске қосуға, сөйтіп етті, сүтті биылдың өзінде еселеп көбейтуге тиіс. Кәзір колхоз, совхоз өндірісінің басқармалары, өлкелік, облыстық, аудандық партия комитеттері өздерінің барлық ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмысын осы міндетті орындауға бағындырулары керек. Тек сөйткенде ғана ауыл-село еңбеккерлерінің жарыста қабылдаған құрметті міндеттемелері толық орындалатын болады.

Партияның Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі деревняның бүкіл еңбеккерлеріне арнаған екінші Үндеуінде сатып алудың жоғары бағасына ғана сеніп, басқа факторларды елемеу партияның ауыл шаруашылығын өркендетуде алға қойған міндетін шешуді тежеуі мүмкін деп алдын ала сақтандырды. Үндеуде мал шаруашылығының түбегейлі мәселелерін дұрыс шешудің нақты шаралары белгіленді және әрбір колхоз бен совхозда ет, сүт және басқа өнімдер өндіруді ұлғайтудың нақты жоспары жасалуы қажет екені айтылды. Мүмкіндікті толық ескеріп жасалған бұл жоспарда ет өндірудің «75 және 16» шебіне қай уақытта жетуге болатынын, биыл және алдағы жылы қанша мал семіртуге болатынын, бұған қанша және қандай жемшөп қажет болатынын есептеу, жемшөп өндіруге кімнің жауапты болатынын белгілеу керек. Колхоз, совхоз басшылары, өндірістік басқармалардың қызметкерлері ауыл еңбекшілерімен кеңесе, ақылдаса отырып мүмкіндіктерді жанжақты ашуға, мал шаруашылығын өркендетуде таяудағы айларда, сондай-ақ келесі жылы не істеу керек екенін белгілеп қоюға міндетті. Әрбір шаруашылықта ет пен сүт өндіруді молайту жөніндегі шараларды партия, комсомол жиналыстарында, колхозшылардың, совхоз жұмысшыларының жалпы жи-

налыстарында талқылау керек. Содан кейін оны колхоз, совхоз өндірісі басқармаларының советінде бекіткен жөн.

Партия мен үкімет сатып алу бағасының арттырылуы нақты жемісін беру үшін, алдымен колхоздар мен совхоздар еңбек өнімділігін арттыру, арзан жемшөп өндіру және ферманы механикаландыру жолына түсуі керек деп көрсетті. Ет пен сүт неғұрлым арзанға түсірілсе, жаңа сатып алу бағасы солғұрлым нәтижелі болады. Сөйткенде ғана мал шаруашылығынан мол табыс алынады. Бізде мал өнімдерінің көп ретте түсер құны жоғары болып келгені мәлім. Мысалы, Целиноград облысындағы «Полтавский» совхозында былтыр әр центнер қой етінің түсер құны 104 сомға жетті. Бұл тиісті мөлшерден үш есе қымбат. Ал Жамбыл облысының «Көктерек» совхозында қой етінің түсер құны мұнан да қымбаттап, 161 сом болды.

Мал шаруашылығының түбегейлі мәселелері жөніндегі Үндеуде жемшөп болса — мал да болады, ет, сүт те болады деген қағидаға жұрттың назары тағы да аударылды. Партия мен үкімет жүгеріден, қант қызылшасынан мол өнім алғандарға қосымша ақы төлеу тәртібін белгілеу қажет деп тапты. Мұның өзі жемшөп қорын нығайтуда зор роль атқармақ.

Ауыл шаруашылығы саласында істейтін ғалымдар алдына үлкен міндеттер қойылды. Ауыл шаруашылығын жүргізудің ғылымға сүйенген негізін белгілеу, дақылдардың жаңа сорттарын, малдың мол өнімді тұқымын өсіріп шығару, колхоз, совхоздарда еңбек өнімділігін еселеп арттыруға жәрдемдесу, егіс даласын, ферманы ғылыми лабораторияға айналдыра отырып, өндіріспен тығыз байланыс жасау — ғалымдардың құрметті міндеті.

Республикамыздың жағдайында жалпы дайындалатын ет ішінде қой еті үлкен орын алады. Оның үлесі 30 проценттен асып жүр. Демек қой шаруашылығын өркендетуге баса көңіл бөлінуге тиіс. Бұл «екінші тынды» игеру жолында көп жұмыс істеуге тура келіп отыр. СССР Министрлер Советінің шешіміне орай Қазақстанда 1962—1965 жылдары жанадан 160 қой совхозы құрылады, оның 30 биыл ұйымдастырылуға тиіс. Осы шаруашылықтарды құруға және шопандардың мәдени-тұрмыс күйін жақсартуға беруге, мал отарларында күрделі құрылыс жүргізуге мемлекет 102 миллион сом қосымша қаржы бөлді. Бұл қаржыны дұрыс та тиімді жұмсаудың, сөйтіп ұшан-теңіз жайылым байлығын қой еті мен жүнді көбейтуге толық жаратудың маңызы зор.

Ірі қараны үрдіс көбейту, әсіресе тыңдағы аудандарда шошқа, құс шаруашылығын кеңінен өркендету — ет алуды мықтап молайтудың сарқылмас резерві. Бұл резервті толық пайдалануда кәзір малды жайып семірту, бордақылау жұмысын шебер ұйымдастыру шешуші орын алады. Тәжірибе көрсеткеніндей, жазда ірі қараның тірідей салмағын 100—150 килограмм арттыруға болады. Тек осының есесінен ғана жүздеген тонна қосымша ет алу мүмкіндігі туады. Етке өткізілетін әр қойдың салмағын 50 килограмға жеткізудің өзі қисапсыз көп пайда келтіреді. Осының есебінен ғана республика бойынша шамамен 1 миллионнан астам қойды үнемдеп қалуға болады. Ал бізде мал семіртудің Керімбек Маманов сияқты шеберлері қойдың тірідей салмағын 60—70, тіпті 80 килограмнан келтіріп тапсырып жүр. Бұл да елеулі резерв. Республиканың барлық аймағында жаппай жауған жаңбыр жайылым шөбінің қаулап шығуына, жер отының күшеюіне жол ашты. Бұған өрістетілген мал жардай болып семіреді. Мәселе малды жайлауда бағуға, семіртуге өз ісіне машықтанған тандаулы адамдарды бөліп, олардың еңбегін дұрыс ұйымдастыра білуде болып отыр.

Қазір ауыл шаруашылығы жұмыстарының бір-бірімен қат-қабат келетін қауырт кезеңі туды. Оңтүстік облыстарда егін жаппай жиналып, барлық жерде бірдей шөп шабылып жатыр. Осы сияқты жұмыстың бәрін бір-бірімен шебер ұштастыра отырып, негізгі астықты облыстарда егін орағына, астық дайындауға мұқият әзірлік жүргізілуін, мемлекетке ет, сүт және мал шаруашылығының басқа да өнімдерін сату жоспарлары мен міндеттемелерінің абыроймен орындалуын қамтамасыз ету — колхоз-совхоз өндірісі басқармаларының, жергілікті партия, совет ұйымдарының кезек күттірмейтін міндеті.

Өндірістік басқармалардың қызметкерлері, деді Н. С. Хрущев жолдас, дәл биыл астық, ет, сүт және ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіруді молайтып, келесі жылы жаңа табыстарға жетудің жақсы базасын жасау үшін қолдан келгеннің бәрін де істеуге тиіс.

Республиканың ауыл шаруашылығында да озаттардың мол тәжірибесі мен ғылым жетістігі бар. Оны жинақтап, қорытудың, колхоз, совхоз өндірісіне кеңінен енгізудің маңызы жайында талай кеңес, мәжілісте сан қабат айтылып келеді. Бірақ осы мәселенің төңірегінде сөз көп болғанымен нақты іс шамалы. Мысалы, соңғы жылдары мал шаруашылығында қойды жиі қоздату, қозыны енесінен айрып бағу, шопандардың күрделі бригадасын құру, малды қорада байламай ұстау сияқты құнды әдістер пайда болды. Ол әдістерді қолданған шаруашылықтың қай-қайсысы болса да табысқа жетті. Не пайда, енбектің осындай тандаулы әдіс-үлгісі көп ретте жалпы дүрмектің тасасында елеусіз қалады. Озаттардың тәжірибесін, ғылым жетістігін дүйім көптің игілігіне айналдыру — бүкіл ұйымдастыру жұмысының өзекті мәселесі. Мұны, әсіресе партия қызметкерлері жадында берік сақтауға тиіс. Экономикалық пайдасы бар деген жаңалықтың, озаттықтың бәрін тайсалмай батыл қолдану керек. Бұл артта қалған шаруашылықтарды озаттар қатарына қосуға жәрдемдеседі.

Өндірістік басқармалардың қызметкерлері — басқарма бастығы, партия ұйымдастырушысы, комсомол ұйымдастырушысы, ұйымдастырушы-инспектор — мұне бұлардың бәрі колхоз бен совхоз өндірісін басқаруға тиісті негізгі кадрлар, бұлар ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыру ісінде өз рольдерін атқаруға тиіс.

Н. С. Хрущев жолдас 1962 жылғы 27 июньде Россия федерациясы Орталық аудандарының өндірістік басқармалары қызметкерлерінің кеңесінде сөйлеген сөзінде былай деді: «Бұл істегі бағыт айқын — өндірістік басқармаларды нығайтып, партторгтердің ролін арттыру керек, партторг колхоздар мен совхоздардың партия ұйымдары қызметін өндірістің кезек күттірмейтін мәселелерін шешуге бағыттал отыруға тиіс екенін ұмытпау керек».

Елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда Қазақстан лайықты орын алуы керек. Сондықтан бүкіл совет халқы, партия мен үкімет біздің республикаға үлкен үміт артып отыр. Бұл үмітті абыроймен ақтау үшін Отанымызға биыл кемінде 900 миллион пұт астық, 225 мың тонна шитті мақта, 800 мың тонна ет, 1 230 мың тонна сүт, 1 787 мың тонна қант қызылшасын және басқа өнімдер сату жөнінде социалистік жарыста алған міндеттемені мінсіз орындауға барлық күш-жігерді бағыштау керек. Міне бұл партияның XXII съезінің, март Пленумының шешімдерін, КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің бүкіл совет халқына арнаған үндеулерінде қойылған міндеттерді іске асыруға қосылған елеулі үлес болмақ.

КПСС — бүкіл халықтың партиясы

Ф. Р. КОЗЛОВ

Коммунистік қоғам құрылысы кәзір совет халқының практикалық ісіне айналып отыр. Тарихта тұңғыш рет жүзеге асырылып жатқан бұл ұлы құрылысты В. И. Ленин ұйымдастырған Совет Одағының Коммунист партиясы бастауда. Коммунистік құрылыстың табысты жүргізілуі партияның басшылық шеберлігіне, 220 миллион халықтың күш-жігерін ұйымдастыра білуіне байланысты.

«Бәрі де адам үшін, адамның игілігі үшін» — міне Коммунистік партия өзінің бүкіл қызметін осы мақсатқа арнайды. Партияның XXII съезі бекіткен КПСС жаңа Программасының негізіне осы ұлы идея алынған.

Еңбекшілердің бақытты өмір сүруі жолындағы күреске партия өзінің бүкіл күш-жігерін жұмсайды. Ол бұл қиын да даңқты күрес жолында аса ұлы табыстарға жетті. Бір ұрпақтың өмірі тұсында ғана совет халқы партияның басшылығымен елімізді экономиканы, мәдениетті, ғылым мен техниканы өркендетудегі қол жеткен табыстарымен бүкіл әлемді таңдандырған маңдайалды елге айналдырды. Партия еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін едәуір көтере алды. Еліміздің бар күш-қуаты арқасында СССР-да әрбір азаматтың еңбек ету, дем алу, білім алу және қартайғанда материалдық жағынан қамтамасыз етілу правосы берік сақталады, барлық жұртқа бірдей тегін білім беру тәртібі енгізілген, ақысыз дәрігерлік көмек көрсетіледі, бізде дүние жүзінде ең төмен пәтер ақы белгіленген. Мұның бәрі жағдайдың талап етуіне байланысты қор жинаудың өсу қарқыны, яғни бүкіл халық шаруашылығын өркендетуге, алдымен өнеркәсіпті ұлғайтуға жұмсалатын қордың өсу қарқыны халықтың тұтыну қорының өсу қарқынынан әлде қайда артып отырған жағдайда жүзеге асырылды.

Енді жағдай мүлде өзгереді. СССР-дің халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспары бойынша халықтың тұтыну қоры 60—63 процент артады, яғни ұлттық табыс қандай қарқынмен өсетін болса (62—65 процент), ол да сондай дерлік қарқынмен өседі. Бұл — өткен жылдары партияның басшылығымен халық не істесе, енді соның бәрі бұқараның тұрмыс дәрежесін арттыруға, олардың материалдық және рухани дәрежесін көтеруге тікелей, барған сайын күшті дәрежеде қызмет етеді деген сөз.

Партия өзінің жаңа Программасын қабылдай отырып, капитализмнің неғұрлым өркендеген елдерімен салыстырғанда Совет Одағында ең жоғары тұрмыс дәрежесін қамтамасыз ету міндетін алға қойды. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жөніндегі зор көлемді жұмыс тек болашақ үшін ғана жұмсалып жатқан күш-жігер емес, сонымен бірге ол бүгінгі күннің өзінде бүкіл халықтың тұрмыс-күйін жақсартатын фактор.

СССР-да халықтың тұрмыс дәрежесін көтеру міндетінің қалай жүзеге асырылып жатқанын тұрғын үй құрылысы қарқынының мыса-

лынан айқын көруге болады. Тұрғын үй құрылысының көлемі мен қарқыны жөнінен Совет Одағы дүние жүзінде бірінші орын алады. Тек 1961 жылдың өзінде ғана қалалар мен жұмысшы поселкелерінде 80 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй пайдаланылуға берілді. Бұл — әр қайсысында бір миллион халқы бар он жаңа қаланың құрылысымен бара-бар. Мұнан басқа селолық жерлерде 500 мыңнан астам үй салынды. Партияның Программасында 1980 жылы тұрғын үйді және барлық коммуналдық қызметтерді халық тегін пайдаланатын болады деп көрсетілген.

Сонымен бірге партия халыққа білім беруді, оның ішінде жоғары білім беруді күшейтудің, мәдениет құрылысының барлық түрлерін жетілдіре берудің, әдебиет пен көркемөнерді, дене шынықтыру мен спортты өркендетудің үлкен программасын белгіледі. Халық ағарту ісін өркендету, білімнің көптеген саласы бойынша мамандар, ең алдымен инженерлер даярлау жөнінен Совет Одағы кәзірдің өзінде дүние жүзінде бірінші орын алады. Таяу болашақта бізде әрбір адам қалауынша жоғары немесе арнаулы орта білім ала алатын болады.

Партияның түпкі мақсаты — коммунистік қоғам орнату, адамның материалдық және рухани қажеттері жан-жақты өтелетін, адамдар үшін толық әлеуметтік және экономикалық теңдік, шын мәнісінде бостандық пен бақыт орнайтын қоғам орнату. Партияның Программасы тек партияның ғана емес, сонымен бірге бүкіл халықтың да мақсатын көрсетіп отыр.

Партияның халық бақыты жолындағы қажырлы күресін бүкіл совет адамдары қалтқысыз қолдауда. Коммунистік партия — жұмысшы табының партиясы — өзінің құрылған күнінен бастап-ақ бүкіл еңбекшілердің түпкі мақсатын көздеді. Алайда, партия бүкіл халықтың партиясына айналуы үшін жұмысшы табымен бірге еңбекшілердің барлық топтары да оның саясатын өз саясатым деп тануы, партияның идеологиясын меңгеруі керек болды. Ал, мұны түбірлі экономикалық және әлеуметтік қайта өзгерістер жасау жолымен ғана жүзеге асыруға болатын еді.

КПСС бүкіл халықтың партиясына айналу жолында үш кезеңнен өтті. Ең алдымен ол Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуіне дейін жұмысшы табының көпшілігін және еңбекшілердің басқа топтарының едәуір бөлігін өзіне тартып ала алды. Социалистік революцияның, азамат соғысының барысында, онан кейінгі жылдары ел ішінде жасалған әлеуметтік өзгерістердің негізінде шаруалар мен интеллигенцияның негізгі бұқарасы партияның соңынан ерді. Бұлар жұмысшы табымен қосылып, халықтың көпшілігі болды. Ақырында СССР-да социализмнің жеңуі, қанаушы таптардың жойылуы, екі ынтымақты таптан — жұмысшылар мен шаруалардан және солардан құралған халықтық интеллигенциядан тұратын совет қоғамының бірлігі нығаяуы, Совет Одағы халықтарының достығы нығаяуы нәтижесінде Коммунистік партия бүкіл халықты түпкілікті баурап алды. Партияның идеологиясы, оның көздеген мақсаты қоғамның барлық әлеуметтік топтарының да идеологиясы мен мақсатына айналды.

Партия коммунистік құрылысты жан-жақты өрістетуді дәуіріне аяқ баса отырып, ол: «...жұмысшы табының Коммунистік партиясы совет халқының авангардына айналды, бүкіл халықтың партиясы болып алды, қоғамдық өмірдің барлық жақтарына жасайтын өзінің бағыт беруші ықпалын күшейтті» деп мәлімдеуге объективті мүмкіндік алды. Партияның жаңа Программасынан алынған осы аз сөзде социализмнің толық та түпкілікті жеңуі нәтижесінде елімізде болған зор өзгерістер бейнеленген. Бұл жеңіс партияның әлеуметтік базасын кеңейтті, оның совет қоғамы өміріндегі ролін арттырды.

ПАРТИЯҒА ХАЛЫҚТЫҢ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ БӨЛІГІ АЛЫНАДЫ

Совет Одағы Коммунист партиясының құрамы оның халықтық сипатын бейнелейді, ол социализмнің толық та түпкілікті жеңуіне байланысты СССР-да қалыптасқан совет қоғамының әлеуметтік құрылымына әбден сай келеді.

Өзінің XXII съезі қарсаңында Совет Одағы Коммунист партиясының 10 миллиондай мүшесі мен кандидаты болды. Партияның қатарына өтуге күштарлық ерекше күшті. Мұның өзі оның зор беделінің бар екенін және бұқарамен байланысының арта түскенін дәлелдейді. Алайда партия өз қатарын шамадан тыс көбейте беруге тырыспайды, ол коммунист деген атаққа кір келмеуі үшін қамқорлық жасайды. Н. С. Хрущев жолдас былай деп көрсетті: «Егер біз коммунистік партияға кім кіргісі келеді, жазыла беріңіздер десек, онда біздің партияның қатарында кәзір бірнеше ондаған миллион мүше болар еді. Бізге оның көрегі жоқ деп айтамыз. Коммунист болу үшін коммунизмді түсініп қою ғана жеткіліксіз, сонымен бірге оның белсенді солдаты болу керек. Ал, бұған коммунистік партияның идеясын қолдайтындардың бәрінің бірдей қабілеті жете бермейді».

КПСС бүкіл халықтың партиясы бола отырып, өзінің қатарына өтушілердің көпшілігі материалдық өндірісте істейтін адамдар, әсіресе жұмысшылар, жұмысшы табының өкілдері болуына бұрынғысынша ерекше қамқорлық жасайды. Коммунизм құрылысы кең өрістеген дәуірде де совет қоғамында жұмысшы табы өзінің жетекші ролін сақтап қала береді.

1961 жылы партияға өткендердің ішінде жұмысшылар мен колхозшылар 63,3 процент немесе КПСС қатарына қабылданғандардың үштен екідей бөлігі болды. Кәзір партияның қатарында тікелей өндірісте істейтін жұмысшылардың үлесі еліміздің халқындағы жұмысшы табының үлесінен едәуір көп.

Партияның қатарында интеллигенция өкілдерінің саны едәуір артты. Өйткені совет қоғамында интеллигенцияның сипаты да, ролі де мүлдем басқаша. Совет интеллигенциясы — шын мәнісінде халықтық интеллигенция, олардың мүддесі халықтың мүддесімен біртұтас. Кәзіргі уақытта партияға қабылданылатын қызметшілердің 70 проценттейі инженерлер, агрономдар, мұғалімдер, дәрігерлер және басқа мамандар. Жоғары және орта арнаулы білімі бар маман коммунистердің саны кәзір үш миллион адамнан асты. Бұл — әрбір үшінші коммунистің арнаулы орта немесе жоғары білімі бар деген сөз.

Партиялық күш барған сайын коммунистік құрылыстың шешуші салаларына шоғырландырыла түсуде. Барлық коммунистердің 70 проценттен астамы материалдық өндіріс саласында жұмыс істейді, мұның үстіне, егер партияның XX съезінен XXII съезіне дейінгі (1956—1961 жылдары) дәуірде бүкіл өнеркәсіпте коммунистердің саны шамамен 32 процент көбейген болса, станок, аспап-сайман жасау, электротехника, радиотехника, химия өнеркәсібі сияқты жетекші салаларда коммунистердің саны 50—80 процент артты. 1953 жылдан бері ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін коммунистердің саны шамамен 600 мың адамға көбейді.

Егер Совет Одағындағы партия мүшелерінің ролі туралы антикоммунистік баспасөздің таратып отырған өсегін тындасаң әрбір коммунист үлкен бе немесе кіші ме міндетті түрде қандай болса да бір әкім деп ойлап қаласын. Ал, іс жүзінде коммунистердің басым көпшілігі — қатардағы еңбекшілер, мұның үстіне өндірісте жұмыс істейтін коммунистердің үлесі соңғы жылдары барған сайын артып келеді. Егер 1956 жылғы 1 январьда өнеркәсіпте, құрылыста, транспортта жұмыс

істейтін мың коммунистің 130-ы басқару аппаратында жұмыс істеген болса, 1961 жылғы 1 январьда мұндай коммунистердің саны 46-ға дейін азайды. Қалғандары тікелей кәсіпорындарда жұмыс істейді.

Совет Одағы сияқты көп ұлтты елде партияның ұлттық құрамының өзі оның шын мәнісіндегі халықтық сипатын, СССР-ді мекендейтін барлық халықтармен кеңінен байланысты екенін айқын көрсетеді. Совет Одағы Коммунистік партиясы өз қатарында елімізді мекендейтін жүзден астам ұлт пен ұлт тобының өкілдерін біріктіріп отыр. Біздің партия—тең праволы социалистік ұлттардың ұлы бірлігінің және туысқандық достығының бейнесі.

Партия қатарының жас құрамы да онда совет адамдарының барлық ұрпақтары бар екенін, партия үнемі жас ұрпақтың есебінен толығып отыратынын көрсетеді. Мұнан он жыл бұрын партияның құрамында Совет өкіметінің кезінде өсіп жетілген адамдар 45 процент болса, ал кәзір олар 70 проценттей. Соңғы бес жылдың ішінде партияға қабылданғандардың жартысынан көбі оның қатарына комсомолдан келді.

БАСШЫЛЫҚ ӘДІСТЕРІН ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ

Партияның халықтық сипаты оның қызметі мен басшылық әдістерінен көрінеді, бұл әдістер советтік қоғамның жаңа кезеңіне сәйкес, барған сайын демократияланып барады. «Коммунизм құрылысы, — деді Н. С. Хрущев, — нағыз демократиялық әдістер арқылы, қоғамдық қатынастардың жетілуі және дамуы, өмірдің ескі формаларының өшіп-өлуі, жаңа формаларының тууы, олардың ұштасуы және өзара ықпал етуі жолымен жүзеге асырылады».

Партияның басшылық әдістерін жетілдіру үлкен де, кіші-гірім де істерден көрінуде. Мұның өзі партия ұйымдары өмірінің барлық саласын қамтиды. Егер ұсақ-түйекті былай қойып, мәселенің ең бастысы не дейтін болсақ, ол — қалың бұқараның белсенділігін, инициативасын дамыту, іскерлікті, коммунизм орнату процесінің шын мәнісін білдіретін нәрсенің бәрін қолдап отыру. Бұл жөнінде Сталиннің жеке басына табынуды батыл айыптау, оның зиянды зардаптарын жою зор роль атқарды.

Совет Одағында саяси, шаруашылық және мәдени құрылыс саласындағы аса маңызды шаралардың жобаларын бүкіл халық болып талқылау дағдыға айналды. Ондаған миллион адамның ірі мемлекеттік документтерді талқылауға қатысуы өте мол құнды пікірлер мен ұсыныстар жинауға, бұқара тәжірибесіне кенелуге мүмкіндік берумен бірге, жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның өздерін ел иесімін деген сезімге бөлейді, алда жүзеге асырылуға тиісті істердің табысты болуына олардың жауапкершілігін арттырады. Тек соңғы жылдардың өзінде ғана Н. С. Хрущевтің партия XXI съезінде халық шаруашылығын өркендету жөніндегі жетіжылдық жоспардың бақылау цифрлары туралы жасаған баяндамасының жобасы, сондай-ақ өнеркәсіп пен құрылысты басқаруды, машина-трактор станцияларын қайта құру, мектептің өмірмен байланысын нығайту сияқты аса маңызды шаралар бүкіл халықтық талқылауға түсті. КПСС Программасының жобасын талқылауға шынтуайтқа келгенде бүкіл халық атсалысты.

Біздің бүкілхалықтық талқылаулар капиталистік елдерде өткізіліп тұратын және бостандық пен демократияның ең жоғары көрінісі делініп жүрген референдумдарға мүлде ұқсамайды. Референдумға қатысушының халі мүшкіл, оның ролі біреу-ақ—не мақұлдау, не мақұлдамау. Референдумда талқыланатын мәселені кейде толық ұната қоймайтын жағдайдың өзінде де оны бәрібір құптау қажет болады. Біздің бүкіл халықтық талқылаулар — мүдделі адамдардың жұмысты жетілдіруге көмектесетін қонымды ойлары, — мұның бәрі — сын.

Бүкілхалықтық талқылаулар өткізу тәжірибесі жергілікті ұйымдардың да жұмыс әдісіне айналып отыр. Көптеген облыстық партия комитеттері өз облысы үшін маңызы бар белгілі бір шешім қабылдамас бұрын оның жобасын аудандық партия комитеттерінің, колхоздардың, кәсіпорындардың талқысына салады. Кәсіпорынның, совхоздың немесе колхоздың бірде-бір өндірістік жоспары еңбекшілер коллективтерінің алдын-ала талқылаусыз қабылданған емес. Сондай-ақ қалалық советтер жасайтын қалаларды көріктендіру, тұрғын үй салу жоспарлары да, әдетте, баспасөз бетінде, халық арасында талқыланып отырады.

Соңғы жылдары партия комитеттері мәжілістерінің сипаты да өзгерді. Енді бұларға қалың актив, оның ішінде партияда жоқтар жиі қатысатын болды. Мысалы, КПСС Орталық Комитетінің 1962 жылғы март Пленумына Орталық Комитет мүшелерімен және мүшелікке кандидаттармен, Орталық Тексеру Комиссиясының мүшелерімен бірге, республикалардың, өлкелердің және облыстардың көптеген басшы қызметкерлері, ғылыми-зерттеу институттарының басшылары, баспасөз қызметкерлері, ауыл шаруашылығының озаттары қатысты. Коммунистердің, сондай-ақ партияда жоқтардың кең қатысуымен даярланатын шешімдердің жобалары кабинеттік шығарма емес, қайта оларда қалың көпшіліктің тәжірибесі, пікірі бейнеленеді.

Қоғамдық қызметтің соңғы уақытқа дейін тек ішкі партиялық делініп келген салаларына да осындай өзгерістер енгізілуде. Мәселен, бұрын партия оқуы жүйесінде—үйірмелерде, семинарларда, марксизм-ленинизм университеттерінде—негізінен тек коммунистер ғана оқып келген болса, үстіміздегі жылы коммунистерге қарағанда партияда жоқтар екі есе көп оқыды. Тыңдаушылардың мұндай құрамы «партия оқуы» деген терминнің өзі өмір шындығын толық та дәл бейнелей алмайтынын көрсетіп отыр. Партиялық баспасөзде қоғамдық негіз барған сайын кең өріс алып келеді, ал жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің ішінде, газет пен радиохабар редакциялары штаттан тыс бөлімдері қызметкерлерінің ішінде партияда жоқтар өте көп.

КПСС өзінің халықпен байланысын дәйекті түрде кеңейтіп, тереңдете түсуде, өз Программасының мына аса маңызды қағидасын белсенділікпен орындауда: «Партия ішкі және сыртқы саясаттың аса маңызды мәселелері жөнінде еңбекшілермен үнемі ақылдасып отыруды, бұл мәселелерді бүкіл халық болып талқылауға салып отыруды, күллі жұмысына партияда жоқтарды кеңінен қатыстырып отыруды өзінің борышы деп санайды».

Партия еңбекшілердің өкілдік органдарының ролін арттыруға, олардың бұқара алдында есеп беріп тұруын күшейтуге, совет право тәртібін нығайтуға қамқорлық жасап келеді. Совет Одағының жаңа Конституциясы (оны жасау жөнінде СССР Жоғарғы Советі қаулы алды) социалистік демократияны бұрынғыдан да биік сатыға көтереді, еңбекшілердің демократиялық праволары мен бостандықтарына бұрынғыдан да берік кепілдік береді, социалистік заңдылықты қатаң сақтауға кепілдік береді, коммунистік қоғамның өзін-өзі басқаруына көшу үшін жағдайлар әзірлейді.

Басшылық әдістерін онан әрі жақсарту үшін партиялық және мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдірудің, оған кең түрде қоғамдық сипат берудің орасан зор принциптік және практикалық маңызы бар. Әңгіме өмірінің соңғы жылдарында Ленин ұсынған жұмысшы-шаруа инспекциясына қатысы бар тамаша идеяларды қалпына келтіріп, дамыту туралы болып отыр. В. И. Ленин советтік құрылысты жетілдіру үшін жоғарыдан да, төменнен де бұқара бақылауын кең жолға қоюдың, бақылауды жүзеге асыруға адамдарды қатыстырудың маңызы күшті деп санады, «...бұл адамдарға арқа сүйеуге әбден болады, сенім

көрсеткенін үшін олар ақы сұрамайды, олар ар-намысқа берік», олар «ешқандай қиыншылықтан қорықпас еді, өз алдындағы нақты мақсатқа жету үшін ешқандай күрестен тайынбас еді». Жеке адамға табыну кезінде Лениннің осы ақыл-кеңестері бұрмаланып, түптеп келгенде ескерусіз қалды. Партия кәзір бақылау туралы лениндік нұсқауларды жаңа, әрі бұрынғыдан да кең негізде нақты жүзеге асыруды ойластырып, бұл жұмысқа, ұнамсыз құбылыстармен күреске еңбекшілерді қатыстыру—мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға бұқараны тартудың аса маңызды құралы деп қарауда.

Өткен ондаған жылдар ішінде совет елінің дамуы арқасында мәдениеттің қарыштап өсуі білімді де мәдениетті бұқараның белсене қатысуына сүйене отырып, басқарудың бүкіл жүйесін жетілдіруге жаңа мүмкіндіктер туғызды.

Коммунистік құрылыс барысында басқару ісіне, партиялық жұмысқа бұқараны қатыстырудың бұдан да жаңа түрлері, қоғамдық қызметтің бұдан да жаңа көріністері пайда бола беретіні күмәнсіз. Партия бұқараның белсенділігі мен инициативасын өрістететін, партиялық басшылықты онан әрі демократияландыруға жағдай жасайтын бағалы нәрсе атаулының бәрін қолдап отыруды өз міндеті деп біледі.

Демократияның дамуын партия қалың бұқараның творчестволық инициативасына, еңбектегі белсенділігіне жол ашудың аса маңызды құралы деп біледі. Партияның ұлы жоспарларын жүзеге асыру, жетіжылдықтың төртінші жылының жоспарын асыра орындау жолындағы социалистік жарыстың жаңадан кең құлаш жаюы, соңғы кезде өткізілген СССР Жоғарғы Советінің сайлауы, комсомол съезі, композиторлар съезі, еліміз өміріндегі және басқа маңызды оқиғалар КПСС XXII съезі демократияның дамуына, бұқараның белсенділігі артуына жаңадан қуатты серпін бергенін, ел тағдыры үшін, КПСС жаңа Программасын жүзеге асыру үшін олардың жауапкершілік сезімін күшейткенін көрсетті.

ЖАҢА КАДРЛАР ӨСІП КЕЛЕДІ

Партияның дәйекті демократиялық бағытын коммунистер мен партияда жоқтар ерекше мақұлдап қарсы алуда. Партия тұрмысының лениндік нормаларының дамуы жолындағы әрбір жаңа қадам төменнен белсенді қолдау табады, төменнен жаңа ұсыныстар туғызады. Бірақ партия мен елдің өміріндегі жаңалықтар қиыншылықтарсыз, кедергісіз тарайды десек араттық болар еді. Ескі ұғымдар әлі орын алуда.

Жеке адамға табыну қызметкерлерді дербес пікір айтудан, инициативадан айырды, ой тоқырауына әкеп соқтырды. Міне осының бәріне қирата соққы беріле тұрса да, ондаған жылдар бойы қалыптасып қалған әдеттер бірден толық жойылмақ емес. Осы уақытқа дейін төменнен болатын ұсыныстарға немқұрайды қарайтын, коллективті түрде жұмыс істей алмайтын, әкімшілікке салынатын адамдар әлі кездесіп жүр. Кейде КПСС Уставында көзделген, сайлануға тиісті қызметкерлердің міндетті түрде үздіксіз ауысып отыруын нақты жүзеге асыруды жактырмайтындар табылады.

Партия ұйымдары тарапынан қатаң талап қою, олардың есеп беруі мен жұмыс нәтижелерінің жариялылығы жөніндегі демократиялық практика, бүкіл советтік өмір құрылысы кадрлардың жұмысты қайта құруына көмектеседі. Сонымен қоса кімде-кім заман талабына ілесе алмаса, ескі әдіспен жұмыс істей берсе, ондайлар қабілетті қызметкерлерге, жананы, озаттықты қолдаушыларға орын беруі керек.

Соңғы жылдары партия кадрларының құрамында үлкен өзгерістер болды.

Облыстық, өлкелік комитеттер, одақтас республикалар компартияларының Орталық Комитеттері бірінші секретарьларының 70,5 проценті бұл қызметте үш жылдан сәл кем істейді, бес жылдан артық істейтіндері — 12,8 процент. Үш жылға дейін аудандық, қалалық партия комитетінің секретарьлары болып істеп жүргендер 78,8 процент. Мұның өзі кәзір партиялық басшылықтың аса маңызды қызмет орны өмірді терең білуі, коммунизм құрылысының кең өрістеген дәуірінде партия саясатын дұрыс жүзеге асыру қабілеті арқасында жоғарылаған адамдардың қолында екенін дәлелдейді.

Сондай-ақ партия кадрларының құрамында болған өзгерістерді мынамен түсіндіру керек: ұзақ уақыт адал да жақсы жұмыс істеген көптеген қарт, тәжірибелі басшылар жұрттың бәріне аян табиғи себептерден де пенсияға шығып отырады.

Партия кадрларының жалпы білім және арнаулы даярлығындағы өзгерістердің айрықша мәні бар. 1956 жылы аудандық және қалалық комитет секретарьларының ішінде жоғары білімділері 25,7 процент болатын. Кәзір жағдай бұдан өзгеше. Қалалық және аудандық комитет секретарьларының 76,9 процентінің жоғары білімі бар. Сөйтіп, партиялық жұмыста жан-жақты жалпы және арнаулы жақсы даярлығы бар жоғары білімді кадрлар көбейіп келеді, ал бұл — іскер басшылықтың үлкен кепілі.

Кәзіргі уақытта одақтас республикалар компартиялары Орталық Комитеттерінің, өлкелік, облыстық партия комитеттерінің секретарьлары негізінен 35—50 жастағы адамдар. Қалалық және аудандық партия комитеттері секретарьларының көпшілігі 30—40 жаста. Басшылыққа жас, инициативалы адамдар келуде. Партия жас қызметкерлерге даңғыл жол ашады, сонымен бірге қарт кадрларға мұқият қарайды, олардың тәжірибесін, білімін, ұйымдастыру қабілетін бағалайды.

Басшы партиялық жұмысқа соңғы жылдары көптеген әйелдер келді. Аудандық партия комитеттерінің құрамында әйелдер 21,4 процент, облыстық, өлкелік комитеттер мен одақтас республикалар компартияларының Орталық Комитеттері құрамында — 18 процент. Аудандық және қалалық партия комитеттерінің секретарьлары қатарында әйелдер 16,1 процент, бастауыш партия ұйымдары секретарьларының 22,4 проценті әйелдер.

Партия кадрларының құрамына тән нәрсе — олардың бәрі де төменгі жұмыстың мектебінен өткен және өздері жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның арасынан шыққандықтан тек өз қызметінің силаты жағынан ғана емес, сонымен бірге өздерінің бүкіл өмір жолы арқылы да халықпен тығыз байланыста.

Өз кадрларына зор мән бөре келіп, оларды іріктеуге, мамандығын арттыруға, тәрбиелеуге қамқорлық жасай отырып, партия бұл кадрлардың құрамына бейнебір томаға-тұйық, тұрақты деп қарамайды. Керісінше, партия кадрлардың үнемі жаңартылып отыруын қалайды. «Толық жариялылықтың, сайланудың және жаппай бақылаудың «табиғи іріктелуі», — деп көрсетті В. И. Ленин, — әрбір қайраткердің сайып келгенде «өз орнында» болуын, өзінің күшінен және қабілетінен келетін істі алуын, өз қателерінің зардаптарын өзі сезініп, түсінуін, сол қателерді жұрттың көз алдында мойындауға қабілеті бар екенін және жоя алатынын дәлелдеуін қамтамасыз етеді».

КПСС Программасы мен Уставына барлық партия органдарының құрамын үздіксіз жаңарту және басшылықтың сабақтастық принципін қамтамасыз ететін қағидалар енгізілді. Мұның өзі басшы партия органдарында жаңа, соны күштерді көбейтуді қамтамасыз ету үшін, қарт кадрлар мен жас кадрларды дұрыс ұштастыру үшін, сондай-ақ өкімет билігінің жеке қызметкерлер қолында шамадан тыс көп болу мүмкіндігін және коллектив бақылауынан олардың шығып кету мүм-

жіндігін болдырмас үшін істелді. Партия кадрларын үздіксіз жаңартып отыру және басшылықтың сабақтастық принципі жаппай қолдау тапты, сөйтіп партия заңы ретінде КПСС Программасы мен Уставында тұжырымдалды.

Партия өмірінде партия аппаратының қаншалықты зор роль атқарғаны және атқара беретіні белгілі. Ал бірақ коммунизмге қарай аяқ басқан сайын партия қызметі келе-келе кәсіби сипатын жойып, қоғамдық, көпшілік іс сипатын алатын болады. Облыстық, өлкелік комитеттер мен одақтас республикалар компартиялары Орталық Комитеттерінің аппараты соңғы он жыл ішінде үштің біріндей азайды. Егер партия осы уақыт ішінде сан жағынан едәуір өскенін еске алсақ, онда Совет Одағы Коммунистік партиясы бойынша тұтас алғанда бір мың коммунистке шаққанда босап жұмыс істейтін партия қызметкерлерінің саны екі есеге жуық кеміді.

Ақылы аппараттың қысқаруына қарай, қоғамдық актив ұлғайып келеді. 1 800 мыңнан аса коммунист—партия комитеттерінің және бастауыш партия ұйымдары бюросының мүшелері, секретарьлар, секретарьлардың орынбасарлары, партия тобының ұйымдастырушылары. 320 мыңнан аса коммунист штаттан тыс нұсқаушылар, лекторлар, әрқилы партиялық комиссиялардың мүшелері болып істеп жүр. Миллиондаған коммунист алуан түрлі қоғамдық, партиялық тапсырмаларды орындайды.

Міне мұның бәрі партия тұрмысын жандандырады, коммунистердің жауапкершілік сезімін арттырады, ішкі партиялық демократияның дамуына көмектеседі. Өзінің ішкі өмірінде демократияның дамуын партия бүкіл партиялық күштердің белсенділігін арттырудың және олардың бұқарамен байланысын нығайтудың шарты деп біледі. Партия тұрмысы көзіо тек ішкі партиялық маңызда ғана емес. Коммунизм орнатып жатқан халықтың алдыңғы қатарлы отряды ретінде партия өзінің ішкі өмірін ұйымдастыруда да алда жүруге тиіс, коммунистік қоғамның өзін-өзі басқаруының неғұрлым тиімді формаларын жасауда үлгі, өнеге көрсетуге тиіс.

ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕ ПАРТИЯ РОЛІНІҢ АРТУЫ

Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасында: «Коммунизм құрылысы кең өріс алған дәуір совет қоғамының басшы және бағыт беруші күші болып табылатын Коммунистік партияның ролі мен маңызының онан әрі арта түсуімен сипатталады» делінген. Бұл—партияның халық бұқарасының көсемі және ұйымдастырушысы ретіндегі ролін маркстік-лениндік жолмен түсінудің онан әрі дамуы.

Партия жұмысының түрлері мен әдістері тарихи жағдайдың өзгеруіне сәйкес ауысып отырады. Бірақ оның бағыт беруші, басшылық етуші ролі барған сайын артып, ұлғая түседі.

Партия бұқараға бастаушы болмай, оның қозғалысының соңынан әруге тиіс, ал социалистік революция жеңгеннен кейін ол бұқараны бастаушы және ұйымдастырушы роль атқармауға тиіс, оның ролі бұқараны ағартатын қайдағы бір мәдени-ағарту ұйымының ғана ролімен шектелуге тиісті-міс дейтін ревизияшыл идея-сымақты марксизм-ленинизм батыл жоққа шығарады. Артта қалуды дәріптейтін бұл ұғым—марксизм-ленинизмнің революцияшыл рухына мүлде жат.

Социалистік революцияның жеңісі—қоғамның және адамдардың өздерінің өміріндегі ұлы өзгерістер заманының бастамасы ғана. Бұл өзгерістер халық бұқарасының өз қимылында жоғары ұйымшыл және нысаналы болуын талап етеді. В. И. Ленин партияның өмір сүруінің және қызметінің бүкіл мақсат-мұраты оның жаңа құрылыстың жетуі

жолындағы күреске басшылық етуінде деп білген. Ленин мынаны атап көрсетті: «...бұқараның сөзсіз болып тұратын ұсақ буржуазиялық толқуларына, пролетариаттың арасында сөзсіз болып тұратын дәстүрлерге және кәсіби томаға-тұйықтықтың немесе кәсіби соқыр сенімдердің қайталауына бір өзі қарсы тұра алатын және бүкіл пролетариаттың біріккен барлық қызметіне басшылық ете алатын, яғни оларға саяси басшылық ете алатын, ал ол арқылы барлық еңбекшілер бұқарасына басшылық ете алатын пролетариат пен бүкіл еңбекшілер бұқарасының авангардын тек жұмысшы табының саяси партиясы, яғни Коммунистік партия ғана біріктіріп, тәрбиелей, ұйымдастыра алады. Мұнсыз пролетариат диктатурасы іске аспайды».

Партияның басшылығынсыз бүкілхалықтық мемлекеттің де өмір сүруі мүмкін емес. Совет өкіметі өмір сүре бастаған уақыттан бері буржуазиялық насихат Совет Одағында пролетариат диктатурасы партия диктатурасымен ауыстырылған деп тынымсыз даурығып келеді. Біздің елде пролетариат диктатурасы өзінің тарихи міндетін кәзірдің өзінде орындап шықты. Совет мемлекеті жалпыхалықтық мемлекетке айналды деген фактіні дәлелдеп берген Совет Одағы Коммунистік партиясының жаңа Программасы жарияланғаннан кейін, әсіресе коммунизм құрылысы дәуірінде Коммунистік партияның ролі арта түседі деген тезиске өршілене шабуыл жасалуда. Бұл тезистен социалистік демократияның онан әрі дамуы туралы, социалистік мемлекеттіліктің коммунистік қоғамның өзін-өзі басқару орнына ұласуы туралы программалық қағидаларға қарсы келетін қайдағы бір қайшылықты іздеп табуға тырысуда.

Бұл, әлбетте, ойдан шығарылған қайшылық. Буржуазиялық және реформашыл идеологтардың түсінігі бойынша халықтың бір бөлігі болып табылатын партияның ролі халықтың басқа бір бөлігінің немесе бүкіл халықтың ролін кеміту есебінен артпақшы. Буржуазиялық қоғамда, үстемдік және бағындыру бүкіл қоғамдық өзара қарым-қатынастың негізі болып отырған қоғамда басқаша болуы мүмкін де емес.

Совет Одағы Коммунистік партиясы ролінің артуы еңбекшілердің басқа ұйымдарына қарағанда оның правосы арта түседі деген ұғым туғызбайды. Керісінше, бұл оның міндеттері, оның қызметінің көлемі, оның идеялық және саяси басшылығының маңызы арта түсетінін көрсетеді.

Партияның ролі басқа қоғамдық ұйымдардың ролін кеміту есебінен, халықтың белсенділігін төмендету есебінен арттырылмайды. Қайта, партия өзінің басшылық ролін неғұрлым ойдағыдай жүзеге асырса, еңбекшілердің қоғамдық белсенділігінің құлашы соғұрлым кең, қоғамдық өмірдің барлық саласының демократиялануы соғұрлым терең болады. Басқаша айтқанда, партияның басшылық ролінің артуы мен елдің бүкіл қоғамдық өмірінің онан әрі демократиялануы—бірін-бірі туғызған, іштей ұштасып, үйлесіп жатқан құбылыс. Бұл бүкіл Совет өмірінің шындығымен дәлелденіп отыр.

Мысалға 60 миллионнан астам жұмысшы мен қызметшіні біріктіріп отырған кәсіподақтар сияқты бұқаралық ұйымды алсақ та болады. Кәсіподақтардың жұмысы соңғы уақытта бұрынғыдан мазмұнды да көп салалы бола бастады, олардың правосы едәуір кеңейтілді. Бұрын мемлекет орындайтын кейбір міндеттер кәсіподақтардың қолына көшті. Совет кәсіподақтары ондаған миллион адам үшін іс жүзінде басқару мектебі, шаруашылықты жүргізу мектебі, коммунизм мектебі болып табылады. Өнеркәсіп орындарын басқарудың маңызды буыны—тұрақты өндірістік кеңестерге, мысалы, 4,5 миллион жұмысшы мен қызметші катысады. Тұрғын үй құрылысы жоспарларының орындалуын, тұрғын үйдің бөлінуін, сауда мен қоғамдық тамақтандыру ережесінің

сақталуын жұмысшылардың жаппай бақылауына кәсіподақтардың алты миллион активі қатысады.

Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың жұмысын ұштастыра жүргізетін еңбекшілер депутаттарының Советтері еңбекшілердің қалың көпшілігін қоғам істерін тікелей басқаруға қатыстырады. Барлық Советтердің құрамында екі миллиондай депутат бар. Жергілікті Советтердің түрлі тұрақты комиссияларының жұмысына (депутаттардан басқа) екі миллионнан астам еңбекші қатысады, ал Советтердің бүкіл активі шамамен 20 миллион адам болады.

Совет жастарының ұйымы — комсомолдың, сондай-ақ интеллигенцияның творчестволық одақтары, өзге де қоғамдық ұйымдар жұмысының маңызы орасан зор дәрежеде артты. Партия қоғамдық ұйымдарға бұйыру, әкімшілік жасау әрекеттеріне батыл тойтарыс береді. Партия творчестволық қызметкерлерге ерекше қамқорлықпен қарайды, олардың еңбегінің ерекшелігін, көркем өнер творчествосындағы жеке даралықты ескеріп отыруды талап етеді.

Партия, әрине, қоғамдық ұйымдар мен творчестволық коллективтердің жұмысына бағыт беріп отырады. Бірақ оның басшылығы тек иландыруға, идеялық ықпал жасауға негізделген және партияның моральдық беделіне, еңбекшілердің партияның саясатына толық сенім көрсететініне, халықтың партияны өзінің көсемі, ұйымдастырушысы деп білетініне сүйенеді.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Уставында былай делінген: «Партия ұйымдары совет, кәсіподақ, кооперация және еңбекшілердің басқа да қоғамдық ұйымдарының орнына жұмыс істемейді, партиялық және басқа органдар функцияларының араласуына, жұмыстағы қажетсіз бірін-бірі қайталаушылыққа жол бермейді». КПСС Уставына тұңғыш рет енгізілген бұл қағида қоғамдық ұйымдардың іскерлігі артқандығын бейнелейді. Сонымен демократия неғұрлым кең болса, қоғамдық инициатива неғұрлым көп салалы болса, осы бастаманың бәрін біріктіруге, бүкіл қоғам мүддесі үшін оларға тиісті бағыт сілтеуге қабілеті жететін күштің ролі соғұрлым маңызды бола береді. Мұндай күш — Коммунистік партия.

Кейде былай деп сұрайды: егер совет халқы партияның программасын өз өмірінің программасы деп қабылдаса, егер бұқараның саналылық дәрежесі өлшеусіз өссе, онда бұдан, партияның басшылық ролі бірте-бірте әлсіреуге тиіс деген қорытынды шығаруға болмай ма? Маркстік-лениндік теория мен коммунистік құрылыс практикасы бұған керісінше жауап береді. Коммунизм орнату—стихиялық дамудың нәтижесі емес, қайта халық бұқарасының саналы, нысаналы қызметінің нәтижесі. Тек қоғамдық дамудың заңдарын білетін, халықтың ең алдыңғы қатарлы өкілдерін біріктіріп отырған, халықпен тығыз байланысты, оның сеніміне толық ие болған партия ғана коммунизм құрылысына дұрыс басшылықты қамтамасыз ете алады, оған ұйымшыл, жоспарлы, ғылыми негізделген сипат бере алады.

Партия бұқараның творчествосы туғызған жаңалықтың бәріне сергек, жіті қарайды, бұл жаңалықтың қаншалықты өміршен, қаншалықты коммунистік екенін, оның болашағы қандай екенін, ал ол коммунизмнің сара жолынан бұра тартпай ма—міне осының бәрін партия таразыға салып, жанжақты өлшеп отырады.

Коммунизм құрылысы кең өріс алған дәуірде партияның ролі үнемі арта беруінің белгісі қандай?

Мұны ең алдымен шаруашылық құрылыстың ұдайы өсіп отыратын міндеттерін шешуден көруге болады. Жиырма жыл ішінде коммунизмнің материалдық-техникалық базасы жасалады; мұның өзі—өнеркәсіп өнімінің көлемі кемінде алты есе, ауылшаруашылық өнімі шамамен үш жарым есе ұлғаяды деген сөз. Коммунизмнің материалдық-техника-

лық базасын жасау экономикалық өмірдің барлық тарауларына партиялық басшылықтың дәрежесі неғұрлым жоғары болуын талап етеді. Ғылым мен техниканың соны жетістіктері негізінде еңбек өнімділігінің мықтап артуын қамтамасыз ететін материалдық негіз жасалғанда ғана тұтыну заттарының молшылығына жетуге және коммунизмнің «әркімнен—кабілетіне қарай, әркімге—керегіне қарай» деген принципін жүзеге асыруға болады. Барлық партия ұйымдары мен партияның қызметі ең алдымен мемлекеттік жоспарлардың орындалуын және асыра орындалуын қамтамасыз етуге, өнеркәсіп пен транспортта жаңа резервтерді тауып, пайдалануға, үздіксіз техникалық прогресті қамтамасыз етуге бүтіндей бағыттталып отырады.

Мысалға ауыл шаруашылығын басқару жүйесін қайта құруды алайық. Соңғы уақытқа дейін өндірістің бұл ерекше күрделі, өмірлік маңызы бар саласын басқаратын жеткілікті дәрежеде күшті мемлекеттік орган болмады. Мұның өзі колхоздар мен совхоздарға басшылықты қиындатып жіберді және жетіжылдық жоспардың алғашқы үш жылының ауыл шаруашылығы жөніндегі тапсырмаларының толық орындалмай қалуының бір себебі болды. Соңғы жылдарда елімізде ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру қауырт өсе тұрса да, қол жеткен қарқын жеткіліксіз болып қалды.

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің март Пленумы елімізде ауыл шаруашылығының артта қалу себептеріне нақты талдау жасап, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау жөнінде белгіленген жоспарлардың орындалуын қамтамасыз ететін шаралар белгіледі. Осындай аса маңызды шаралардың бірі—ауыл шаруашылық өндірісіне мемлекеттік жолмен басшылық ететін оперативті органдардың құрылуы. Жаңа территориялық өндірістік басқармалардың өзіне тән бірқатар ерекшеліктері бар. Олар мемлекеттік шаруашылық—совхоздарда да, кооперативтік шаруашылық—колхоздарда да өндірісті ұйымдастырады. Олардың жұмысы кең демократиялық негізде жүргізіледі. Басқармалардың жанында советтер бар, бұл советтердің құрамына колхоз председателдері, совхоз директорлары, партия, комсомол ұйымдарының өкілдері кіреді. Бұл—шаруашылыққа басшылық етуде мемлекеттік, партиялық, қоғамдық негіздің бұрынғыдан жақындай түскенін дәлелдейтін мемлекеттік аппараттың дамуындағы жаңа құбылыс.

Социалистік мемлекеттілікті коммунистік қоғамның өзін-өзі басқару орнына ұластыру барысында пайда болатын елеулі проблемалар, жаңа адамды коммунизм құрылысының моральдық кодексі негізінде тәрбиелеу міндеттерінің маңыздылығы, қоғамдық қатынастарды өкімшілік-праволық жолмен реттеп отыру өңірінің тарыла түсуі, иландыру және тәрбиелеу маңызының арта түсуі—мұның бәрі жоғары тұрпатты қоғамдық ұйым болып табылатын Коммунистік партия ролінің арта түсетінін тағы да дәлелдейді.

Социалистік демократияның онан әрі жетілуі, қоғамдық ұйымдар ролінің артуы, одақтық республикалар мен жергілікті ұйымдардың правосының кеңеюі инициативаның, жергілікті бастаманың өрістеуіне себепші болады, шаруашылық және мәдени құрылыс қарқынын шалшандату үшін қосымша резервтерді табуға көмектеседі. Сонымен қатар мұның бәрі жергілікті инициативаның жергілікшілдікке айналып кетпеуі үшін, алуан түрлі қоғамдық ұйымдардың қызметі ведомстволық сипат алып кетпеуі үшін, оның есесіне халықтың, оның барлық ұйымдарының күш-қуаты бір мақсатқа жетуге бағыттталуы үшін бір орталықтан, жоспарлы басшылық етуді талап етеді. Бұл арада ешқандай жергілікті немесе ведомстволық мүдделермен байланысты емес партия ғана біріктіруші, бағыт беруші күш болып табылады.

Коммунизм құрылысы дәуірінде болып жатқан қоғамдық процесстерге теориялық дұрыс түсінік берудің, алға басуға кедергі болатын өткен заманның сарқыншақтарына шабуыл жасауды күшейтудің қажеттігі орасан арта түседі. Совет Одағының Коммунистік партиясы өзінің бүкіл өмір сүру тарихында маркстік-лениндік теорияның таза-лығы үшін, оған қандай да болсын ревизия жасау, жала жабу әрекеттеріне қарсы ымырасыз күрес жүргізіп келді. Партия сонымен бірге теориядағы догмалық қатып-семіп қалуға қарсы, жаңа, жанды өмір тіршілігінің ерекшелігін зерттеудің орнына жаттанды тұжырымдарды мағынасыз қайталай беруге қарсы күрес жүргізудің лениндік дәстүрлерінен айнымайды. Ғылыми коммунизмнің теориясын творчестволықпен дамыту—марксистік-лениндік партиялардың борышы. Бұл, — әсіресе коммунизмнің іс жүзіндегі құрылысына басшылық етіп отырған біздің партияның борышы.

«Коммунистік қоғам құрылысының кең өріс алу дәуірінің ерекшелігі мынада, — деп көрсетті Н. С. Хрущев жолдас, — біздің алдымыздан мұндай теориялық мәселелер барған сайын көп пайда болуда, бұларға жауапты кітаптан ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен коммунистік құрылыстың өмірден туып отырған практикасынан іздеу керек. Егер осы жаңа жағдайда марксизм-ленинизмді творчестволықпен қолданып, дамыта алмасақ, егер оны жаңа теориялық қағидалармен және қорытындылармен байыта алмасақ, егер жаңа тарихи тәжірибеге сай келмей қалған тұжырымдар мен қағидаларды анықтауға біздің батылымыз жетпейтін болса, онда біз өз іліміміздің рухынан тайған болар едік».

Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасы теорияны творчестволықпен дамытудың ерекше үлгісі болып табылады. Оның бүкіл рухы мен мазмұны марксизм-ленинизм теориясы мен коммунистік құрылыс практикасының бірлігін, бөлінбес тұтастығын бейнелейді. Өмір, іс жүзіндегі тәжірибе, әрине, біздің алдымызға тағы да көптеген теориялық проблемаларды қояды. Оларды шешу—партияның міндеті, қоғамның дамуындағы оның жетекшілік ролінің белгісі.

* *
*

Коммунизм құрылысы совет халқын өзінің ізгі мақсаттарымен, жаңа қоғам орнату барысында еңбекшілер ие болып отырған нақты игіліктермен жігерлендіріп келеді. Сонымен қатар совет адамдары коммунизм құрылысын өзінің интернационалдық ұлы борышым деп біледі.

Совет Одағының шаруашылық және саяси құрылыстағы табыстарының халықаралық орасан зор маңызы бар. Жеңіп шыққан социализм тарихтың тағдырына өнегенің күшімен, өзінің шаруашылық саясатымен күшті ықпал жасайды, бұл салада біз жеңіп шықсақ, онда халықаралық көлемде сөзсіз және түпкілікті ұтып шығамыз деп В. И. Ленин өте дұрыс айтқан.

Біздің коммунизм құрылысындағы жеңістеріміз, сондай-ақ социалистік елдердің туысқан партиялары мен халықтарының социализм құрылысындағы жеңістері капиталистік елдердің барлық еңбекшілеріне, өзінің тәуелсіздігі жолында күресіп жатқан барлық халықтарға материалдық игілік пен нағыз еркіндікті халық бұқарасына тек социализм мен коммунизм ғана қамтамасыз ете алатынын көрсетіп беруде. «Жеңіп шыққан социализм, — деп көрсетілген КПСС Программасында, — өзінің өнегесімен капиталистік дүниедегі еңбекшілердің ой-сана-сына революциялық ықпал жасап, оларды империализмге қарсы күреске жігерлендіреді және осы күрес жағдайларын орасан зор мөлшерде жеңілдетеді».

Совет қоғамы неғұрлым мықты, дәулетті болса дүниежүзілік социалистік система соғұрлым күшті, коммунистік идеялардың өзін тарту күші соғұрлым жоғары, бейбітшілік, демократия, ұлттық тәуелсіздік және әлеуметтік прогресс жолында күресіп жатқан барлық халықтардың Совет Одағынан, социалистік ынтымақтағы елдерден алатын моральдық және материалдық көмегі соғұрлым көзге көрінерлі болады.

Сонымен қатар Совет Одағының Коммунистік партиясы, совет халқы өздеріне халықаралық коммунистік және бүкіл азаттық қозғалыс көрсетіп отырған орасан зор рухани көмектен бойына қуат алады.

Жемісті өзара қимылды, туысқан партиялардың тәжірибесін зерттеп-үйренуді, бірін-бірі қолдап, бірінен бірі оқып-үйренуді марксист-лениншілдер пролетарлық интернационализмнің маңызды көріністерінің бірі деп біледі. Пролетарлық интернационализмнің дүниежүзілік коммунистік қозғалыстың дамуының кәзіргі кезеңдегі талаптарына сәйкес принциптері компартиялардың халықаралық кеңестерінің документтерінде—1957 жылғы Декларацияда және 1960 жылғы мәлімдемеде танытырылған. Біздің партия өзінің бүкіл қызметінде осы бірлесіп жазылған документтердің идеялары мен қағидаларын басшылыққа алып, соның негізінде дүниежүзілік коммунистік майданның қатарынан әрі нығайта беру жолында күресіп келеді.

Халықаралық коммунистік қозғалыстың құрамында алуан түрдегі жағдайларда қимыл жасайтын партиялар бар. Солардың ішінде көптеген партиялардың қанаушы таптарды құлатып, халық өкіметін, пролетариат диктатурасын орнату жолындағы күресте әлі де ұзын-сонар жолдан өтуіне тура келеді. Социалистік елдердің туысқан партиялар социализм құрылысында зор табыстарға жетті; олар өз елдерінде социализм орнатып, коммунизм құру дәуіріне қадам басады. Коммунизмді бірінші болып орнатудың ұлы абыройы үлесіне тиген Совет Одағының коммунистері өз партиясының тарихи тәжірибесі бүкіл халықаралық коммунистік қозғалысқа тірек және көмек болады деп сенеді.

(«Проблемы мира и социализм»
журналы, № 6, 1962 жыл)

Қазақстанды қой шаруашылығының ірі базасына айналдырайық

С. ДӘУЛЕНОВ,

Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі

Партиямыздың жаңа Программасы елімізде коммунизм орнату-дың аса маңызды міндеттерін айқын белгілеп берді. Совет халқы коммунистік партияның басшылығымен бұл тарихи документті жүзеге асыру үшін қажырлы-қайтпас жігермен еңбек етуде.

«Қуатты өнеркәсіппен қатар, көркейген, жанжақты өркендеген және жоғары өнімді ауыл шаруашылығын жасау — коммунизм орнатудың міндетті шарты» делінген Программада.

Тың және тыңайған жерлерді игеру, көптеген ірі жаңа совхоздар ұйымдастыру, машина-трактор станцияларын қайта құру, өндіріс құралдарын колхоздарға сату, жоспарлаудың жаңа тәртібін енгізу, ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің материалдық ынталылығын арттыру, ауыл шаруашылығына басшылық ету органдарын қайта құру жөнінде партия мен үкіметтің соңғы жылдар ішінде жүргізген күрделі шаралары ауыл шаруашылығын өркендетудегі маңызды кезең болып саналады.

Ауыл шаруашылығын өркендетудің ең шұғыл шараларының ішінде мал шаруашылығын өркендету мәселесі, әсіресе Қазақстанда ерекше орын алады. «Тың игерген аудандарда жақсы жолға қойылған ірі мал шаруашылығы ет, сүт, май өндіруді арттырудың аса маңызды көздерінің бірі болып табылады, мұның өзі халықтың қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Тың жерлер біздің халқымызға миллиардтаған пұт астық берді, енді ол жерлер астықпен бірге миллиондаған тонна ет, сүт және басқа да мал шаруашылығы өнімдерін беруге тиіс» деді Н. С. Хрущев жолдас партияның XXII съезінде жасаған есепті баяндамасында.

Тың және тыңайған жерлерді игеру арқасында еліміздің ең ірі астық қоймаларының біріне айналған республикамыздың алдына қойылып отырған бұл аса жауапты міндетті ойдағыдай орындаудың ең негізгі, ең дұрыс жолы — қой шаруашылығын өркендету. Қой өсіру — республикамыздың мал шаруашылығының ең басты саласы. Мал шаруашылығының жалпы өнімінің ішінде қой шаруашылығының үлес салмағы (кұны жөнінен) 38,2 процент болып отыр.

Алдағы уақытта қой шаруашылығын үнемі өркендете беруге біздің мүмкіншіліктеріміз орасан мол. Ең алдымен Қазақстанның жер қоры аса бай. Болашақта республика бойынша 205 миллион гектар жер игеру көзделеді. Осының 40 миллион гектары егістік, 165 миллион гектары жайылымдық жерлер болмақ. Бұл жердің көпшілігі республикамыздың далалық, шөл және шөлейт аудандарында. Демек осы жерді толық және дұрыс пайдаланған күнде Қазақстанның совхоздары мен колхоздары болашақта қой санын 100 миллионға шейін жеткізіп, қойдың еті мен жүнін, қаракөл елтірісін молынан өндіре алады. «Егер колхоздар мен совхоздарда орта есеппен гектар басына

бір қойдан болса да, Қазақстанда 100 миллионнан астам қой болға болар еді» деп Н. С. Хрущев жолдас біздегі бұл мүмкіншіліктерді әт ден дұрыс атап көрсетті.

Қой шаруашылығын онан әрі өркендете беруде жайылымдарды суарудың және суландырудың маңызы орасан зор. Республикамызд осы күні 90 миллион гектардай жайылымдық жер суарылып отыр. Бұл жайылымдарда шыңырау, қима құдықтар, су тоспалары жән апандар қазылған. Жер суландыру шаралары жылдан жылға кең көлемде жүргізіле түсуде. Мырзашөлде, Шардарада, Гурьев және Ақтөбе облыстарында суландыру жүйесі салынып жатыр. Бұл құрылыстарды жедел салып іске қосу мақсатымен биылдың өзінде бір құрылыс тресі, үш құрылыс-монтаж басқармасы жаңадан құрылды. Сонымен бірге Тын өлкесінің су құрылыс ұйымдары республика Су шаруашылығы министрлігінің қарамағына алынды. Қазір Су шаруашылығы министрлігінің қарауында бес құрылыс-монтаж тресі бар, төрт облыстық суландыру басқармасы, 11 облыстық су шаруашылығы бөлімі, 25 суару және суландыру жүйесінің басқармасы, 213 аудандық суландыру учаскесі, 410 гидротехникалық учаске жұмыс істейді. Жаңадан екі өлке құрылуға байланысты өлкелік су шаруашылығы бөлімдері ұйымдастырылды.

Республикамызда су шаруашылығының көлемі жылдан жылға қарыштап өсіп бара жатқанын мына цифрлардан көруге де болады: егер республиканың су шаруашылығын дамытуға бөлінген қаржы 1957 жылы 14 миллион сом болса, ал 1962 жылға 57,4 миллион сом қаржы бөлінді, яғни төрт есе өсті.

Партия ұйымдарының басшылығымен Қазақстан еңбекшілері, соның ішінде, әсіресе шопандар халқымыздың игілігі үшін шабытты еңбек етіп, соңғы бес жылдың ішінде республикамызда қой саны 10 миллионнан астам көбейтіп, жүн өндіруді 1,5 есе, қаракөл елтірісін 1,5 есе, қой етін өндіруді 2,4 есе арттырды. Тек өткен жылдың өзінде ғана 12 миллион қозы өсіріліп, мемлекетке ет сату жоспары орындауда қой етінің үлес салмағы 41 процент болды. Өткен жылы қой етінің түсер құны республикада бір шама арзандап, орта есеппен алғанда совхоздарда центнері 39 сом 16 тиыннан айналды. Ал бірқатар облыстарда, мысалы, Гурьев облысында — 28 сом 13 тиыннан, Қарағанды облысында — 32 сом 12 тиыннан, Семей облысында — 33 сом 2 тиыннан айналды.

1957—1961 жылдары экономикалық жағынан әлсіз, бірақ жер көлемі көп 1506 колхоз негізінде төрт жүз мал совхозы ұйымдастырылды. Олардың көпшілігі қой совхоздары. Бұлардың көбі аз уақытта-ақ мал шаруашылығын дұрыс жолға қоя білді, кәзір олар көп салалы және мол табысты шаруашылыққа айналды. Осы шаруашылықтардың әр қайсысында орта есеппен 20 мыннан аса қой бар.

Сол колхоздар негізінде құрылған көптеген совхоздар алғашқы екі—үш жылдың ішінде-ақ, оларды ұйымдастыруға жұмсалған шығынды түгелдей өтеп тастады.

Бұл совхоздарды ұйымдастырудың экономикалық жағынан анағұрлым тиімді болғанын мынадан да көруге болады. Мысалы, Алматы облысының Балқаш ауданындағы барлық колхоздардың негізінде мал өсіретін жаңадан 5 совхоз құрылған еді. Осы совхоздарды 1956 жылғымен салыстырғанда, 1961 жылы ірі қара мал 1,6 есе, қой 1,9 есе, мемлекетке ет сату 1677 тоннадан 2206 тоннаға дейін, жү сату 114 тоннадан 478 тоннаға дейін, мал шаруашылығы өнімдері өткізуден түскен табыс 874 мың сомнан 2038 мың сомға дейін артты.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі Қазақстанның өндіргіш күштерін барған сайын дамытуға, оның ауыл шаруашылығын бұдан да гөрі мықтап өрге бастыра беруге үнемі қамқорлық жасап келеді.

СССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР-інде қой шаруашылығын өркендетудің қосымша шаралары туралы» биылғы 17 майда алған қаулысын осы камқорлықтың тағы бір айқын белгісі деп білуіміз керек. Бұл қаулы бойынша республикада жаңадан 160 қой совхозы ұйымдастырылады. Соның ішінде 62 совхоз мемлекеттік жер қоры негізінде, ал 98-і жері көп, экономикасы жағынан әлсіз колхоздар негізінде құрылады. Осы совхоздарды ұйымдастырып, жайғастыруға, олардың жемшөп қорын нығайтып, қой қораларын, шоландар үшін тұрғын үй және мәдени-тұрмыс орындарын салуға 102 миллион сом күрделі қаржы бөлініп отыр.

Қазақстандағы «екінші тың» деп аталатын қой шаруашылығы осы жеті жылдықта және онан арғы жылдарда жұмсалатын осындай орасан зор күрделі қаржыны қысқа мерзім ішінде-ақ өтейді.

Бізде қой шаруашылығы енді көп ұзамай мемлекетке үлкен пайда келтіретін негізгі салаға айналдырылады. Тиісті мекемелердің зерттелген мәліметтеріне қарағанда, республика шаруашылықтарының таяудағы он жылда қой шаруашылығының барлық өнімінен кемінде 4674 миллион сом табыс алуға мүмкіндігі бар.

Әбден дұрыс жолға қойылған қой шаруашылығы өзіне шығарылған миллиондаған сом қаржыны өтеуі былай тұрсын, тіпті мемлекетімізге ұшан-теңіз пайда келтіретіндігіне ешбір күмән болмауға тиіс.

* *
*

Айта кету керек, қой шаруашылығын өркендету жөнінде партия мен үкіметтің республика еңбекшілерінің алдына қойып отырған аса күрделі де жауапты міндеттерін іске асыру жолында көптеген озат шаруашылықтарымыз тамаша табыстарға жетіп келеді. Олар қой санын жылма жыл көбейтіп, ет, жүн тағы басқа өнімдер алу жоспары мен міндеттемелерін аброймен орындауда. Мысалы, Алматы облысындағы «Сарыбұлақ» совхозы соңғы жылдары қой санын үш есе арттырды. Совхоз 1946 жылы әрбір қойдан 2,3 килограмм жүн алған болса, былтыр 5,3 килограмнан жүн қырықты, ет өндіруді 1959 жылғыдан екі еседен астам көбейтті. Социалистік Еңбек Ері Жолмұрзаев басқаратын ферманың көрсеткіші бұдан да жоғары. Ол кейінгі екі—үш жыл ішінде әр қойдан 6 килограмнан аса жүн қырып жүр. Бұл асыл туқымды қой фермасы республиканың колхоздарына жылмажыл 600—700 қошқар өсіріп беріп келеді. Ал совхоз жүннің әр центнерін 190—200 сомға, қой етінің әрбір центнерін 24—35 сомға түсіруде. Совхоз бұған, ең алдымен, жемшөптің берік қорын жасау, жайылымдарды дұрыс пайдалану, зоотехникалық-мал дәрігерлік жұмысты жолға қою арқылы ғана жетуде. Совхоздың партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары дирекциясымен бірге келісе отырып, коллектив арасындағы жұмысты, әсіресе ұйымдастыру, тәлім-тәрбие жұмысын едәуір жақсартқан. Табыстың кілті міне осында.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы Социалистік Еңбек Ері А. Месяцев жолдас директор болып істейтін «Шымқорған» совхозының даңқы республикадан тыс жерге де кең жайылған. Совхоз «СЖК» препаратын шебер қолданудың үлгісін көрсетіп келеді. Соның нәтижесінде соңғы жиырма жылда бұл шаруашылық 166,5 мың қозыны қосымша алып, елтіріні мемлекетке сатудан 1248 мың сом табыс келтірді. Мұнда ауыл шаруашылығы жерінің әр жүз гектарына 72 қойдан келіп, жалпы қойдың саны 160 мыңға жетіп отыр. Совхоз соңғы 20 жыл бойы жұмысты үзбестен пайдалы істейді. Соңғы бес жылда ол мемлекетке жаңа ақшамен алғанда 5,68 миллион сомның өнімін сатты.

Целиноград облысындағы «Самар» совхозы (директоры И. Лихобаба жолдас) тың игеріп, астық өнімін арттырумен бірге мал шаруа-

шылығын да ойдағыдай өркендетіп келеді. Соңғы екі—үш жыл ішінде биязы және биязылау жүнді қойдың саны 21 мыңға жетті. Мұнда ауыл шаруашылығының әрбір 100 гектарына есептегенде ет бүкіл өлкедегі мөлшерден екі есе артық өндіріледі. Былтыр совхоз малшылары ет дайындау жоспарын асыра орындады. Ет арзанға түсті, қой шаруашылығының өзінен ғана 85 мың сом таза табыс келтірілді.

Гурьев облысының жергілікті Советтері, ауыл шаруашылығының, ең алдымен қой шаруашылығы озаттарының тәжірибесін үнемі зерттеумен, оны жинақтап таратумен неғұрлым нақты шұғылданатын болды. Мұның өзі жақсы нәтиже беріп отыр.

Облыста 1961 жылы ауа райының қиын жағдайына қарамастан қой саны 15 мыңға өсті, мемлекетке жүн, қаракөл елтірісін сату жоспары асыра орындалды. Облыста шопандардың екі жүзден астам бригадасы әр жүз саулықтан 110—158 қозы өсірді.

Республикамызда екінші тың игерудің нағыз шеберлеріне айналған ерен жүйрік малшылардың қатары өсіп келеді. Шымкент облысының атақты шопаны, партияның тарихи XXII съезінің делегаты, СССР Жоғарғы Советінің депутаты Әзімхан Шақабаяев пен малды жайып семіртудің нағыз шебері Керімбек Маманов, Целиноградтың оза шауып жүлде алған қойшысы Әбдіуәли Самайбаев, Гурьев облысында қозы өсіруде өзгелерден ерекше көзге түскен шопан Құмар Сүндетов, Семей облысының қой шаруашылығының майталмандары Әбдірахманов және Қалиев жолдастардың есімдерін кім білмейді!

Алайда біздің колхоздарымыз бен совхоздарымыздың, малшыларымыздың бәрі бірдей жұмысты әлі озаттар сияқты істеп отырған жоқ. Сондықтан барлық шаруашылықтың ілгері қарай тең баспауы салдарынан бірсыпыра облыстар мен аудандардың көрсеткіштері алақұла болып келеді.

Соңғы кезде республиканың бірсыпыра партия ұйымдары, совет ауылшаруашылық органдары мал шаруашылығына, әсіресе қой шаруашылығына басшылығын едәуір әлсіретіп алды, мұның аяғы халық шаруашылығының бұл өзекті саласын өркендетуде елеулі олқылықтың орын алуына әкеліп соқтырды. Бұл жағдай, әсіресе қой шаруашылығында үлкен орын алып келеді. Қойдың санын көбейту және одан ет жүн алу жөнінде жетіжылдық жоспарда белгіленген тапсырма өткен үш жыл бойы орындалмай қалды. Жетіжылдық жоспарға орай былтыр республикада 84 мың тонна жүн дайындалуға тиіс еді, ал содан 73 мың тонна ғана жүн дайындалды. Қазақстанның барлық шаруашылығы бойынша белгіленген 34 миллион орнына 1962 жылдың 1 январына 29 миллион ғана қой болды. Демек, бұл түлікті көбейту жөніндегі тапсырманың да орындалуы ойдағыдай емес.

«Мал төлден өседі» дейді халық мақалы. Қой санының баяу өсуінің басты себебі — саулықтардан қозы аз алынуында. Мысалы Павлодар, Көкшетау, Целиноград облыстарының колхоздары мен совхоздары өткен жылы әрбір жүз саулықтан 67—69 қозыдан, ал Семей облысының шаруашылықтары 75 қозыдан ғана алды.

Сонымен қатар қойдың жүн өнімі аз болып жүр. Биязы жүнді қой шаруашылығын өркендету бағытында біраз жұмыс істелгеніне қарамастан, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында бір қойдан қырқылған жүн 1,8—2,0 килограмнан аспайды.

Қой шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарының қанағаттанғысыз орындалуына мынадай негізгі себептер бар. Біріншіден колхоздар мен совхоздардың көпшілігінде жемшөптің берік қоры жасалмайды, екіншіден, шұрайлы жайылымдардың көлемді бөлегінде етталшы, үшіншіден, бірсыпыра ауданда мал қорамен қамтамасыз етілмей келеді. Мұның салдарынан қойдың өлім-жітімі тиылмай отыр.

Республикамызда көптеген аудандық және облыстық Советтердің атқару комитеттері мал шаруашылығына осы күнге шейін ескі сарынмен, жалпылама, үстірт басшылық етумен келеді, әрбір ферманың жұмысын жанжақты зерттеп, оның ең қажетті мұқтажын ескеріп отырмайды, кездескен кемшіліктерді жоюға дер кезінде көмектеспейді. Қысы-жазы бірдей мал соңында жүрген адамдардың хал-жайына жеткілікті қамқорлық жасамайды.

Қазақстанның жалпы ауыл шаруашылығын, оның ішінде қой шаруашылығын өркендетудегі кемшіліктері партияның Орталық Комитетінің биылғы март Пленумында тағы да қатаң сынға алынғаны мәлім. Пленумда жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас кемшілігімізді уақытылы айтып, әділ сынады, мол мүмкіндіктерді жөнді іске қоса алмай отырғанымызды ерекше атап көрсетті.

Н. С. Хрущев жолдас былай деді: «Қазақстан үшін ет өндіру жөніндегі жоспар көрер көзге азайтылып белгіленген. Шынында да, 33 миллион гектар егістік жері бар республика үшін 700 мың тонна ет өндіру дегеннің мәнісі не? Бұл егістік жердің бір гектарына 21 килограмм ет өндірді деген сөз! Ал Қазақстанда егістік жерден басқа ондаған миллион гектар жайылым бар. Бірақ Қазақстан мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі жетіжылдықтың тіпті азайтылып белгіленген тапсырмасының өзін орындай алмай келеді». Міне республиканың бүкіл партия, совет, ауылшаруашылық органдарының атына айтылған елеулі де әділ сын осындай. Біз бұдан тиісті қорытынды шығаруға міндеттіміз.

Асыл тұқымды қой өсірудің жайы да ойдағыдай емес. Қой отарының құрылымы жүйелі тәртіпке әлі келтірілмеген. Кейбір облыстық, аудандық Совет атқару комитеттері мен ауылшаруашылық органдары Қазақ ССР Министрлер Советінің кроссбред, цигай тұқымдас қой өсіру, кілемдік жүн беретін қой өсіру жөніндегі қаулысын орындауда қажырлы күрес жүргізбей келеді. Қой шаруашылығында малды тұқымына қарай аудандастыру жоспары да берік сақталмайды. Қазір республиканың колхоздары мен совхоздарында жалпы қой малының ішінде асыл тұқымды қойдың саны өте аз.

Ет пен майды мол беретін қой шаруашылығын өркендетудің маңызы жете бағаланбай жүргенін де айтқанымыз жөн. Қойдың асыл тұқымын өсіруге мүмкіншілігі мол аудандарда да қой тұқымын өсіруді аудандастыру жүйесіз жүргізіледі. Еділбай қойын өсірудің жайы да қанағаттанғысыз. Мұның бәрі—ет және жүн өндіруге кері әсерін тигізетін кемшілік.

Алматы облысында ауыл шаруашылығы жерінің әрбір жүз гектарына орта есеппен 28 қойдан ғана келеді. Ал Қызылорда облысында — 9, Гурьев облысында — 7, Қарағанды облысында — 5, Ақтөбе облысында (Байғанин, Ырғыз, Шалқар сияқты негізгі мал өсіретін аудандарда) не бәрі 4 қойдан ғана келеді. Демек, бұл мәлімет республиканың көп облысында қой өсіру мүмкіндіктері толық пайдаланылмай отырғанын көрсетеді.

1961—1962 жылғы мал қыстатуға арнап жемшөп қорын дайындау жұмысы қанағаттанғысыз ұйымдастырылғаны жұртқа мәлім. Соның салдарынан Шымкент облысының Арыс, Шәуілдір, Созақ, Орал облысының Жанақала, Қазталов, Жымпиты аудандарының көптеген шаруашылықтарында осы өткен қыста мал шығыны көп болды. Өйткені көптеген жергілікті Совет және ауылшаруашылық органдарының басшылары, совхоздардың директорлары, колхоз басқармаларының председателдері жемшөпті мол дайындаудан гөрі малды қыста тебінде бағып шығу мүмкіндігіне көбірек сенім малға жеткілікті азық дайындамайды.

Шымкент облысының барлық совхозынан тек 4 совхозда ғана жемшөп қыс бойына жеткілікті болды, ал «Первомайский», «Байыркөл», «Алғабас», Жданов, Жамбыл атындағы совхоздар малдарын жемшөппен тіпті қамтамасыз етпеді.

Бірақ осындай өрескел көмшіліктерден сабақ алмағандықтан, Орал, Шымкент облыстарының көптеген шаруашылықтарында мал азығын дайындау биыл да нашар. Биыл шөптің бітік шыққан жылы, мал азығын мол дайындап алуға толық мүмкіншіліктер бар. Солай бола тұрса да Орал облысының колхоздары мен совхоздарында 1962 жылғы 20 июньге дейін шөп шабу жоспары 6 процент, Шымкент облысында 24 процент қана орындалған.

Келешекте республикада қойды 100 миллионға дейін көбейтіп, ет өндіруді еселеп арттыру үшін жыл сайын ондаған миллион жемшөп өлшемін дайындау қажет. Жемшөптің осындай мөлшерін өндіру жүгерінің, бұршақ дақылдарының, қант қызылшасының егіс көлемін ұлғайтып, түсімін мейлінше арттыруға байланысты. Сондай-ақ табиғи шабындық, жайылымдардың шөп шығымын кемінде екі—үш есе молайту керек, кең көлемде суландыру арқылы жайылымдарды пайдалану жайын мықтап жақсарту шарт. Міне бұл жұмыстарды дәйектілікпен іске асыруда еңбекшілер депутаттарының жергілікті Совет атқару комитеттері асқан ұйымшылдық көрсетуге тиіс.

Жергілікті Советтердің, ауылшаруашылық органдарының, совхоз, колхоз басшыларының малды қыста тебінде бағып шығаруға сенуін, қыс маусымына арнап толық мөлшерде жемшөп дайындау үшін тиісті шаралар қолданбауын қатты сынап, мінеуге тиіспіз. Біз Н. С. Хрущев жолдастың: жемшөп болса — мал да, ет пен сүт те болады деген нұсқауын ешбір ұмытпауға міндеттіміз.

Қой шаруашылығын неғұрлым тез өркендетіп, қой санын жедел қарқынмен көбейту, қой етін, жүнді, қаракөл елтірісін өндіруді арттыру мақсатын көздеген ССР Одағы Министрлер Советінің қаулысын бұлжытпай орындау үшін республикада нақты шаралар белгіленуі керек.

Республикамыздың партия, совет, ауылшаруашылық органдарына, совхоздар мен колхоздардың басшылары мен мамандарына қойды күйлі бағып, азықтандыруды жақсарту, оның өлім-жітіміне жол бермеу, әсіресе саулықтар санын көбейту, күйек алу науқанын сапалы өткізу, барлық саулықтарды қолдан ұрықтандыру, бұл үшін тиісті пункттерді жеткілікті ұйымдастыру, саулықтардың қысыр қалуын жоюды, әр саулықтан қозы алынуын, олардың аман өсірілуін қамтамасыз ету міндеттері жүктеледі; қаракөл қой шаруашылығында «СЖК» препаратын және басқа биологиялық қоздырғыштарды қолдану, етті, майды көп беретін қой шаруашылығында осы препараттарды қолдану тәжірибесін зерттеу, қойды жайып семірту, тірідей салмағын арттыру, мемлекетке тек семіз мал тапсыру, қой тұқымын асылдандыру жөнінде нақты шаралар кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

Осы нақтылы шараларды сапалы түрде жүзеге асырудың нәтижесінде, біз осы жетіжылдықтың аяғында республикада қой санын 46 миллионға шейін, ал жүн өндіруді 128 мың тоннаға дейін жеткізуіміз керек.

Оңтүстік облыстарда қаракөл шаруашылығын, орталық, батыс аудандарда етті, майды мол беретін қой шаруашылығын өркендету аса маңызды жұмыс екені ескеріліп, бұл салада келешекте ғылыми-зерттеу жұмысын кеңінен жүргізу керек.

Партия мен үкімет бүкіл ауыл-село еңбекшілеріне арнаған Үндеуінде мал шаруашылығын өркендетудің, оның өнімділігін молайтып, арзанға түсірудің бір жолы — фермаларды механикаландыру деп атап

көрсетті. Мұның қой шаруашылығында да маңызы зор. Бізде мыңдаған қой отарын құдықтан суару, қой қырқу сияқты жұмыстар осы күнге дейін қолмен атқарылып келеді. Мұның өзі еңбек өнімділігін арттыруға, қойдан алынатын өнімдерді молайтуға, жұмыстың жалпы мәдениетін көтеруге оралғы болып отыр.

Республиканың Министрлер Советі осы жақында ғана су шаруашылығының мұқтаждарына керекті машиналар мен құрал-жабдықты көп өндірудің тиісті шараларын белгілеген арнаулы қаулы қабылдады.

Алдын ала жасалған жоба бойынша 1980 жылға дейін 74 миллион гектар жайылымды суландыру және бұрын қара дүрсін әдіспен салынған көне су жүйесі құрылысын 70 миллион гектар көлемде қайта құру шаралары белгіленіп отыр. Жайылымдарды суландыру Еділ-Жайық, Аралтөбе, Шардара; Жайық-Көшім суландыру-суару жүйелері арқылы іске асырылады. Сонымен қатар Сарытауқұм, Сарыесік-Атырау, Үлкен және Кіші Борсық, Ырғыз, Зайсан, Тарбағатай, Тайсойған, Бетпақдала, Мойынқұм, Қарақұм, Арал, Сарыарқа сияқты ірі жайылымдарды суландыру көзделеді.

СССР Министрлер Советінің қаулысына сәйкес екі жыл ішінде құдықтан су тарту, бұрын қазылған құдықтарды мал суаратын астаулармен, қосымша су қорымен жабдықтау шараларын іске асыру керек. Бұл жаңа жабдықтарды дұрыс та тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Суы мол құдықтар мен скважиналардан 5—10 километр қашықтыққа су жіберетін құбырлар орнату керек. Ол құбырлардың тұйықталған жерінде мал суаратын жабдықтар болуға тиіс.

Фермаларды механикаландырып, малшылардың еңбегін жеңілдету, жалпы жұмыстың мәдениетін көтеру жөнінде «Қазсельхозтехниканың» аудандық, ауданаралық бөлімшелері өз міндеттерін жақсы атқаруға борышты. Олар су тартатын қондырғыларды орнатып, іске қосуда колхоздар мен совхоздарға көмектесулері керек.

Жазда құдықтан су тартатын механизмдерді сыннан өткізіп, колхоздар мен совхоздарға қолдануға ұсыну — республиканың Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау министрлігінің, Су шаруашылығы министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің міндеті. Әрине, мұнда түрлі ауданның өзіне тән өзгешелігі мен ерекшеліктерін ескерген дұрыс.

Қой қырқу жұмысы да ауыр жұмыс. Ол еңбекті ерекше көп талап етеді. Жүнді көп алу үшін қойды дер кезінде түгелдей қырқудың мәні айрықша. Міне осыған байланысты таяудағы жылдары әрбір фермада электр аппаратымен қой қырқатын арнаулы пункттер ашылуға тиіс.

Осы шаралардың дер кезінде іске асуына жергілікті партия, совет ұйымдары үнемі бақылау жасап отырмаса болмайды. Қой қырқатын ірілендірілген пункттерге қажетті машина-жабдық жасауды республиканың халық шаруашылығы советтерінің кәсіпорындарына жүктегеніміз дұрыс.

Қой шаруашылығын мықтап өркендету ісінде еңбек ұйымдастыру, еңбекке ақы төлеу үлкен орын алады. Бұл мәселеге Қазақстан Компартиясының XI съезі ерекше маңыз бергенді. Міне осыған байланысты фермаларды нақты жағдайға қарай кемінде 2—4 және одан да көп қой отарын бағатын шопандардың ірілендірілген бригадаларын ұйымдастыру керек. Олар қойды бағып, күту, жемшөп дайындау, қора жөндеу жұмыстарының бәрін өздері атқарады. Мұндай бригадаларды қажетті машина-жабдықпен, үймен, қорамен қамтамасыз ету керек.

Шопандардың шаруашылық есептегі механикаландырылған бригадасын былтыр Семей облысының Ақсуат ауданының Калинин атындағы колхозы республикада бірінші болып ұйымдастырды. Бұл бригаданың жұмыс тәжірибесін республикамыздың қой шаруашылығында ке-

нінен пайдалану керек. Бұған жергілікті Совет және ауылшаруашылық органдары тікелей басшылық етуге тиіс.

Маусымды жайылымдардың алыс отарларындағы шопандар бригадаларының жұмыс жағдайларының өзгешеліктері ескеріліп, шопандар бригадаларына жылына әр семьяға 150 килограмнан (ет есебімен) жоспардағы түсер құны бойынша ет сату көзделіп отыр.

Қой санын онан әрі көбейте беруге шопандардың ынтасын арттыра түсу мақсатымен, төл алу жоспарын асыра орындағаны үшін оларға заттай ақы төлеудің маңызы орасан зор. Партия мен үкімет бұл жөнінде де нақты шаралар белгілеуде.

Қой шаруашылығын жаңа қарқынмен өркендетуге бағытталған бұл шараларды іске асыруға республикамыздың барлық министрліктері мен ведомстволары, ең алдымен Қазақ ССР Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау министрлігі, Ауыл шаруашылығы, Су шаруашылығы, Денсаулық сақтау, Оқу министрліктері, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы, халық шаруашылығы советтері, сауда орындары тағы басқалары белсене қатысуға міндетті.

СССР Министрлер Советінің мемлекетке ет сатып алу бағасын едәуір арттыру жөніндегі қаулысын республикамыздың колхозшылары, совхоз жұмысшылары, мамандары қуанышпен қарсы алды.

Мал шаруашылығы өнімдеріне сатып алу, тапсыру бағасын едәуір арттыру, әсіресе колхоздарға финанс жағынан үлкен көмек болғалы отыр. Өлкелік, облыстық Совет атқару комитеттері, өндірістік басқармалар осындай орасан көмекті тиімді пайдаланумен бірге, қолдағы мүмкіндіктерді түгелдей іске қосу, жұмысты неғұрлым шебер ұйымдастыру арқылы колхоздар мен совхоздарда биылғы жылдың өзінде ет және мал шаруашылығының өзге өнімдерін өндірудің шұғыл артуын, еңбек өнімділігінің өсуін, өнімнің түсер құнының едәуір жемуін қамтамасыз етуге тиіс. Қазір көзделетін негізгі нысананың бірі осы болуы керек.

Республикамыз мемлекетке биыл 800 мың тонна ет тапсырып, келешекте оның жалпы мөлшерін бірнеше мың тоннаға жеткізуі керек. «75 және 16» белесіне шығудың бірден-бір жолы—колхоздар мен совхоздарда қой санын мейлінше көбейту, сөйтіп оның ауыл шаруашылығы жерінің жүз гектарына келетін мөлшерін арттыру болып есептеледі. Сонымен қатар ол қой шаруашылығын өркендетуге бай мүмкіндіктерді толық та тиімді пайдалануды, өсімтал шошқа, құс шаруашылығы сияқты салаларды жедел өркендетуді, ірі қараны шұғыл көбейтуді талап етеді.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің еліміздің барлық еңбекшілеріне және деревня еңбеккерлеріне арналған Үндеулерін Қазақстан еңбекшілері зор шабытпен қарсы алуда.

Республикамыздың бүкіл партия, совет, ауылшаруашылық органдары, колхоздар мен совхоздардың басшылары мен мамандары, барлық колхозшылар, совхоз жұмысшылары бұл Үндеулерді іске асыруға, мал шаруашылығын, әсіресе қой шаруашылығын онан әрі өркендете берудің жаңа міндеттерін мүлтіксіз орындауға барлық мүмкіндікті сарқа пайдаланады.

Қазақстанды қой шаруашылығының ірі базасына айналдырайық!

Коммунизм және ұлттар арасындағы қарым-қатынас

Н. ЖАНДІЛДИН

Қазақстанның солтүстік шетінде ұлы Лениннің есімімен аталатын, тың жерге орналасқан совхоз бар. Ол Тың өлкесіндегі жүздеген совхоздар сияқты, осыдан алты жыл бұрын ғана ұйымдастырылған-ды. Осы аз уақыттың ішінде еліміздің шар тарапынан келген он бір ұлт өкілдерінің құрыш білекті қолымен, теңіздей терең ақыл-ойымен совхоз лезде шын мағнасындағы астық фабрикасына айналды. Ол Отанымыздың қоймасына тоғыз миллион пұтқа жуық астық құйды.

Әр ұлттан болса да, әр түрлі тілде сөйлесе де мұндағы адамдардың рухани бірлігі болаттай берік. Олар бірыңғай көзқараспен жалпы идеалмен үлкен бір бауырмал берік семья болып қалыптасқан. Совхоздың сегізінші трактор бригадасында он қазақ, жеті орыс, бес неміс, төрт украин, үш белорусс, екі литван істейді. Олардың бір кісідей болып айтатын лебізі: коммунизмдегіше жұмыс істеп, өмір сүрейік! Өткен жылы бұл бригаданың әрбір мүшесі 7 мың пұттан астам астық өндірді.

Ал Қазақстанның оңтүстік шетіне орналасқан, елімізге әйгілі «Мақтаарал» совхозында 32 ұлттың ұлы мен қызы бір анадан туғандай, асқан ынтымақпен, қоян қолтық алыса еңбек етуде. Бұл совхоздан ұлттық құрамы бірыңғай кіші-гірім коллективті де табу қиын. Егіс даласы мен мал фермаларында да, мектептер мен клубтарда, спорт алаңдары мен семьялық тойларда да, қайда, қашан болса да әртүрлі тілде сөйлейтін, әртүрлі әуенде ән салып, билейтін, бірақ мақсаты мен тілегі бір, бірі мен бірі жалпыға бірдей тілмен түсінісетін, жалпыға бірдей іс үшін жан аямай күресетін сан алуан халықтың өкілдерін кездестіресіз.

Социалистік Еңбек Ері Куликов жолдас басқарған 32 мың адамы бар бұл интернационалдық коллектив өзінің ұйымшылдығымен, іскерлігімен және қажырлы еңбегімен бүкіл елімізге әйгілі болды. Ол көзір мақта егісінен мол өнім алудың, тәжірибе алмасудың тамаша лабораториясына айналды. Бұл атақты шаруашылық жыл сайын мақта егісінің әрбір гектарынан 35—40 центнерден «ақ алтын» жинайды.

Мұндай мысалдар Қазақстанның қай жерінен болса да көп табылады. Туысқан республикалардағы жағдай да осындай. Ал егер көп ұлтты ұлы Отанымызды тұтас алатын болсақ, оны бауырластар елі, жер шарындағы ең прогресшіл, ең әділетті, әбден жетілген қоғам орнатып жатқан, ынтымағы жарасқан еңбек адамдарының елі, қанау мен езгіден құтылған, ұлттық өзімшілдік пен ерекшеленушіліктен аулақ, тең праволы халықтардың мекені деп атауға болады.

Бір кезде, тарих майданына енісімен-ақ, буржуазия да халықтарды туыскандастыру жөнінде ұран көтеріп, жар салды. Бірақ бұл буржуазиялық ұран, Ф. Энгельстің сөзімен айтқанда, бәсекеден туған қулық-сұмдықтың, күншілдіктің шырмауында іске асты.

Буржуазия өте кең дәріптеген адамдар арасындағы туыскандықтың шын сиқы «адам — адамға дұшпан» деген принцип жолымен, ал халықтар арасындағы туыскандықтың мәні «семсер және қан» арқылы ұранымен іске асырылды.

К. Маркс атап көрсеткендей, буржуазия «бүтін бір тайпы халықты қан мен ластың, қайыршылық пен қорлықтың ауыр жолы арқылы өтуге мәжбүр етті» (К. Маркс және Ф. Энгельс, Шығармалар, 9-том, 228-бет). Бірақ отаршылдар кәзірде де Азия мен Африка елдеріндегі өздерінің «мәдениеттендірушілік міндетін» айтып, гүпілдеуде.

«Ол «ұлттардың» көбісі, — деп жазды американ профессоры Ганс Кон, ұлттар деген сөзді тырнақшаға алып, — Индия, Индонезия, Гана сияқты, өздерінің мемлекет болып өмір сүргені үшін және ұлт болып топтасуға шамасы келгені үшін отаршылдық тәртіпке борышты».

Кәзір мұндай ертегіге сене салатын баяғы заман жоқ. Отаршылдықтың әлдеқашан сілікпесі шыққан жүйесіне бас иетін адамды енді ең анкаулардың ішінен де табу қиын.

Отаршылдықтың сұмдық зардабын дәлелдеу үшін фактіге жүгінейік. Отаршылдардың «мәдениеттендірушілік» қызметінің нәтижесінде Африка континентінің жер шары халқының санындағы үлес салмағы соңғы үш ғасырдың ішінде бестің бірінен он төрттің бірі болып кеміді, ал капиталистік дүниедегі өнеркәсіп өндірісіндегі оның үлесі небәрі бір процент-ақ.

Англия империалистерінің үстемдігі құлауының қарсаңында Индиядағы халықтың 90 проценті сауатсыз болды, үнділіктердің өмірінің ұзақтығы орта есеппен 27 жастан аспады, мұның өзі метрополиядағылардың өмір сүруінен екі есе қысқа еді, ал жылдық табысты жан басына бөлгенде метрополияда 773 доллар болса, Индияда 57 долларға ғана жетті.

Конгода тәуелсіздік жарияланған кезде халықтың бір проценті болып отырған Бельгия отаршыларының табысы халықтың 99 проценті болған африкандықтардың табысымен бірдей болды. Империалистердің «игілік әкелетін» қызметінің жемісі, міне осындай.

Нәсілшілдік — империализмнің ажырамас серігі. АҚШ-та негр халқын қуғынға ұшырату, оларға террор жасау дағдылы іс болып саналады. Бір ресми документте: «ешқандай жазығы жоқ негрлерді ар-намысына тие, тағылықпен өлтірмеген бірде-бір американ қаласы жоқ; нәсілшілдік қылмыс географиялық тар шеңбердегі құбылыс болудан қалды» делінген (Біз геноцидті айыптаймыз. М. 1952. 32-бет).

Империализмнің идеологтары, фактілерге қарамастан, капиталистік дүние «ұлттардың тамаша ынтымағы» заманына кірді, енді ұлт мәселесін күн тәртібінен мүлде алып тастауға болады деп жариялады. Бірақ нәсілшілдік пен отаршылдықтың қорғаушылары өтірікті суша сіміріп, қақсағанымен езгі көріп отырған халықтардың жағдайы жақсаратын емес. Капитализм ұлт мәселесін ешқашан шеше алмайды. Ол қанау мен баюға негізделген құрылыс болғандықтан ұлттық езгіні де жоя алмайды. «Капитализм тұсында, — деді В. И. Ленин, — ұлттық (және де жалпы алғанда саяси) езуді жою мүмкін емес. Бұл үшін таптарды жою қажет, яғни социализмді енгізу керек» (Шығармалар, 22-том, 343-бет).

Бұл лениндік қағиданы өмірдің өзі растап отыр. Социализм — адамзаттың ең жақсы идеалдарын жинақтаған тамаша құрылыс. Ол мейірімділікті, адамгершілікті жақтайтын ең тамаша ілімге — марксизм-ленинизм іліміне негізделген. Сондықтан да ол қанаудың қандай түріне болса да қарсы. Ғылыми социализм дүниеге «Барлық елдің пролетарлары, бірігіңдер!» деген нағыз интернационалдық ұранмен келді. Демек, ұлттарға әділетсіздікпен қараудың, олардың праволары мен сезімдерін менсінбеудің қандай түрі болса да оның табиғатына жат.

Біздің елде жеңген социалистік құрылыс тарихта тұңғыш рет ұлт мәселесін бірден бір дұрыс шешті. Ол ұлттық езушілікті, ұлттар ара-

сындағы араздық пен сенімсіздікті біржолата жойды, ұлттардың бостандығы мен тең праволылығын қамтамасыз етті, олардың рухани дарындылығын көрсетуіне және өмірінің барлық жағынан жарасымды дамып, гүлденуіне кең жол ашты.

Бұлай болуының себебі, советтік құрылыс жеке меншік орнына қоғамдық меншік орнатты, өндіріс құралдарын бүкіл халықтың, яғни мемлекеттің дәулетіне айналдырды, сөйтіп, ұлттар арасындағы араздықты туғызатын басты себепті жойды. Олай дейтініміз, тарихта адамдардың, топтардың және ұлттардың арасындағы езіп-жаншу мен алауыздықтың негізі — өндіріс құралдарын жеке меншіктену және оның қожайындары тарапынан баюды көздеу болып келді. Сондықтан да В. И. Ленин саяси қанаудың, оның ішінде ұлттық қанаудың қандай түрін болса да жою үшін социалистік өндірістің ірге тасын қалау керек деп сан рет айтқан болатын. Көсемнің бұл өсиеті іске асты. Елімізде қанаушы таптар жойылып, келмеске кетті. Мұның өзі ұлттардың әлеуметтік біркелкілігін тудырып, олардың бір-бірімен жақындай түсуіне және интернационалдық бірлігінің нығаюына қолайлы жағдай жасады.

Коммунистердің лениндік ұлы партиясы өзінің бүкіл тарихында барлық ұлттың еңбекшілерін тең праволылық, туысқандық, достық және өзара жолдастық көмек рухында тәрбиелеп келеді. Ол әрбір халықтың ұлттық дәстүрі мен сезіміне сергек те мұқият қарай отырып, ұлтшылдықтың барлық көріністеріне, ұлттық томаға-тұйықтық пен ұлттық өзіншілдікке қарсы аяусыз күрес жүргізді.


Партия ұлттардың тең праволылығын қамтамасыз ету саясатын дәйектілікпен жүргізіп келді, барлық ұлт республикаларының экономикасы мен мәдениетін жоспарлы түрде дамытып отырды, ал халық шаруашылығын неғұрлым жедел дамытуды қажет ететін аудандарға ерекше назар аударды. Ұлт республикаларында ірі индустриялы орталықтар жасалуы, олардағы табиғи байлықтардың игерілуі халықтардың көшіп-қонуын, өзара араласуын күшейтті, совет халықтарының өзара қарым-қатынасы мен ынтымағын кеңейтті. Н. С. Хрущев жолдас айтқандай, республикалардағы халықтың ұлттық құрамы барған сайын араласып, бітеқайнасып отырады. Советтік республикалардың арасында маманданған кадрлар алмастыру ісі үздіксіз жүргізіледі. Міне, осының бәрі еліміздегі ұлттардың қарым-қатынасын капитализм тұсындағыдан мүлде басқаша, принципі жағынан мүлде жаңа негізде, халықтардың өзара соқтығысып, сеніспеуін толығымен жоққа шығарған маркстік-лениндік интернационализм принциптері негізінде қалыптастырды.

Социализмнің жауларына қарсы күресте бірге төгілген қанмен қайнаскан және социалистік бесжылдықтар мен коммунистік жетіжылдықтың құрылыстарындағы бірлескен еңбекте шындалған достық, тең праволылық және өзара толық сенушілік, өмірдің барлық саласында бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасау, туысқандық өзара көмек және ынтымақ, бір-бірінен үйрену және бір біріне игі ықпал жасау, — міне, социализм жағдайындағы ұлттар қатынасының түрсіпаты осындай.

* *
*

Партиямыздың жаңа Программасын қабылдаған XXII съезд қоғамымыздың дамуындағы жаңа кезең болып табылады. Жасампаз совет халқы жиырма жылға арналған, нақты, ғылыми негізделген жұмыс программасымен қарулана отырып, коммунизм құрылысын кең өрістетуге асқан жігермен, құлшына кірісті.

3. «Қазақстан коммунисті», № 7.



Кәзір өміріміздің барлық саласында таң-тамаша қалатын өзгерістер мен жаңалықтар болып жатыр. Совет адамдары космосты игеріп, табиғаттың дүлей күшін бағындыруда, үлкен өзендердің ағысын басқа бағытқа бұрып, алып электр станцияларын және еліміздің жаңа өнеркәсіп орталықтары болатын ірі қалалар салуда, ғасырлар бойы құлазып жатқан кең даладағы тың жерлерді игеріп, адамның дене еңбегін ғана емес, сонымен бірге ой еңбегін де жеңілдететін керемет машиналар жасауда. Халықтардың саяси және рухани өмірінде де, әрбір совет адамының өміріндегі барлық әдет-ғұрыпта да және оның санасы мен психологиясында да тамаша өзгерістер болып жатыр.

Коммунистік құрылыстың кең өрістетілуі сонымен қатар ұлттық қатынастар дамуының жаңа кезеңі болып саналады. Партиямыздың жаңа Программасында атап көрсетілгендей, бұл кезеңде «ұлттар одақ сайын жақындасып, олардың толық бірлігі орнайды».

Бұл мәселе жөнінде В. И. Ленин 1916 жылдың өзінде-ақ былай деп жазды: «...Буржуазияның езгісінен азат бола бастаған еңбекші бұқара үлкен және алдыңғы қатарлы социалистік ұлттармен одақтасуға, бірігуге барлық күшін салып ұмтылады» (Шығармалар, 22-том, 358-бет). Владимир Ильич бұдан соң социализм тұсында еңбекшілер бұқарасының өзі экономикалық мәселелер жөніндегі томаға-тұйықтықпен келіспейтінін атап көрсетті.

Совет Одағының барлық ұлттары үшін ортақ, әрбір халықтың материалдық қажеттерін қанағаттандыратын социалистік экономикашынында да ұлт республикаларының қай-қайсысының болса да ешқандай томаға-тұйықтықта болуын теріс деп біледі. Өйткені әрбір совет республикасының экономикалық өмірі жалпы мемлекеттік көлемде, бірыңғай жоспарға бағындырылған және ол жергілікті жағдай мен бүкіл қоғамның мүддесін үйлестіреді.

Ұлт республикаларының қай-қайсысының болса да табиғи қорлары мен материалдық игілігі бүкіл мемлекетке тиісті байлықтың бөлінбес бір бөлегі болып табылады және ол барлық совет халқының дәулеті болып саналады. Сондықтан да қай республиканың болса да алдына қойылған міндет көбінесе жалпы мемлекеттік іске айналады және әрбір халық оны ойдағыдай орындау жолындағы күреске белсене қатысуды өзінің интернационалдық борышы деп санайды.

Мұны өмір шындығынан көріп отырмыз. Барлық ұлт республикары кәзір біріне бірі экономикалық көмек көрсетіп, табиғи байлықтарды бірлесе отырып игеруде. Оны Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игеру кезіндегі мысалдан-ақ айқын аңғаруға болады. Шынын айту керек, бұл қыруар міндетті орындауға республикамыздың жеке өзінің шамасы келмес еді. Өзінің интернационалдық борышы деп санап, тыңды игеру үшін Совет Одағының барлық халқы, ең алдымен ұлы орыс халқы келді. Атап айтқанда, партиямыздың шақыруы бойынша 1954—1956 жылдары Россия федерациясы мен Украинадан, Белоруссия мен Молдавиядан, Грузия мен Армениядан, барлық туысқан республикалардан 640 мың ерікті-патриоттар келді. Олар Қазақстан еңбекшілерімен қоян қолтық алыса отырып, совет халқының коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы қаһармандық күресінің шежіресіне алтын әріппен жазылған беттер қосты.

Сонымен қатар бұл ұмытылмас жылдарда Волгоград пен Челябинскіден, Харьков пен Минскіден әр алуан маркалы тракторлар, Горький мен Ярославльден жүк автомашиналары, Өзбекстан мен Латвиядан және Литвадан, тағы басқа республикалардан ауыл шаруашылығы машиналары мен оған қажетті запас бөлшектер ағылып келіп жатты. Қысқасы, Совет Одағының көп ұлтты жұмысшы табы тың

жердегі совхоздар мен колхоздарды отандық тамаша техникамен қамтамасыз етуге белсене қатысты.

Н. С. Хрущев жолдас партиямыздың жаңа Программасы жөнінде XXII съезде жасаған баяндамасында әрбір советтік республиканың экономикалық дамуы — барлық совет халқының туысқандық ынтымағы мен өзара көмегінің нәтижесі екенін атап көрсетті. «Немесе, — деді ол, — біздің кәсіпорындарымыз бен жаңа құрылыстарымызды алайық. Олар көп ұлтты, ынтымағы күшті коллективтер болып табылады, бұл коллективтерде қызметкерлер нәсіліне, ұлттық тіліне қарап емес, еңбекке көзқарасына, коммунизм жолындағы күресіне қарай бағаланады».

Сондай жаңа да ірі құрылыстың бірі — халық сүйіспеншілікпен «Қазақстан магниткасы» деп атаған Қарағанды металлургия заводы. Оның құрылысына 400-ге жуық өнеркәсіп орындары, елуден аса арнаулы құрылыс ұйымдары 70 халық шаруашылығы советі және 11 Одақтас республика қатысуда. Бұл алыптың жоба-жоспарын жасауға Москва мен Ленинградтың, Харьков пен Ташкенттің және Алматының жүздеген ғалымдары қатысты. Уралдың, Украинаның, Кузбастың көптеген құрылыс ұйымдары оған маман жұмысшылар мен тәжірибелі инженер-металлургтер және энергетиктер жіберді. Сөйтіп, осы үлкен құрылысшылар коллективінде кәзір Совет Одағындағы 43 ұлттың өкілдері бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып, жемісті еңбек етуде. Олардың ішінде ерлік еңбек етіп, басқаларға үлгі-өнеге көрсеткен орыстар мен қазақтар, украиндар мен белорустар, өзбектер мен грузиндер, молдавандар мен армяндар, түркмендер мен эстондар, тағы басқалар көп-ақ. Олар бірінен бірі тәжірибе алмасып, әралуан мамандықты меңгеруде. Жүздеген қазақ жастары Урал мен Украинаның металлургиялық кәсіпорындарында арнаулы даярлықтан өтіп, саналуан мамандықтарды меңгеріп қайтты. Кәзір олар «Қазақстан магниткасының» домналарында ойдағыдай жұмыс істеуде.

Партиямыздың жаңа Программасында коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы күрестің совет халықтарынан әрі ынтымақтастыра түсетіні айтылған. Кәзір ұлттардың арасында материалдық және рухани байлықтарды алмасу барған сайын кең өрістеп, әрбір республиканың коммунистік құрылыстың жалпы ісіне қосқан үлесі көбейе түсуде. Мұны Орта Азия республикалары мен Қазақстанның күн санап күшейіп отырған экономикалық байланысы айқын дәлелдейді. Өзбекстан мен Қазақстанның және Тәжікстанның еңбекшілері күш біріктіре отырып, ғасырлар бойы құлазып жатқан Мырзашөлді шапшаң игеруде. Көп ұзамай бұл өңір қалықтарымыздың туысқандығы мен мызғымас достығын бейнелейтін гүл-бақшалы өлкеге айналады. Ал Қарағандының көмірі мен тыңның астығы Қазақстаннан эшелон-эшелонымен Орта Азия республикаларына ағылып жатса, Бұхардың газы Қазақстан мен Қырғызстанның қалаларына газ құбыры арқылы бірте-бірте жақындап келеді.

Сонымен социализм қоғамдық өмірдің аса маңызды саласы болып саналатын экономика мәселесіндегі ұлттық оқшауланушылықты жойды, ұлттық өзіншілдік пен томаға-тұйықтықты өмірден аластады. Ол советтік ұлттардың арасындағы интернационалдық байланысты онан әрі нығайтуға, олардың рухани жақындасу процесін жеделдетуге және тереңдете түсуге игі жағдай жасады.

* *

*

Біздің елде социалистік ұлттардың жақындасуы әрбір ұлттың жедел, жанжақты әрі жарасымды өсіп, жетілуімен тығыз байланыс-

ты жүріп жатыр. Советтік ұлттардың экономикалық және саяси мүддесі мен мақсаты бір. Сондықтан да олар бірінен бірі қызғанбай, материалдық және рухани байлықтарды алмасып отырады. Мұның өзі социалистік ұлттық мәдениетті гүлдендірумен қатар оның басқалармен бірте-бірте жақындаса түсуіне, өзара ықпал жасап, рухани, мәдени байлықты молайта беруіне себепкер болуда. В. И. Ленин бұл жөнінде 1913 жылдың өзінде-ақ айқын жазған болатын. Ол «мәдени-ұлттық автономия» деп аталатын ұранды сынай келіп, былай деді: «Бұл ұран — теріс ұран, өйткені адамзаттың бүкіл шаруашылық, саяси және рухани тұрмысы капитализмнің тұсында-ақ бірден-бірге интернационалданып келеді. Социализм оны түгелімен интернационалдандырады» (Шығармалар, 19-том, 240-бет).

Бір өкінішті жәйт, кейбір жекелеген адамдар ұлттардың және ұлттық мәдениеттердің жақындасуын өз ұлтының дәстүрі мен салт-сәнасына «төніп келе жатқан қатер» деп санайды. Мұның өзі сайыл келгенде, өткен заманнан мұра болып қалған ұлттық мәдениет, ұлттық дәстүр мен тұрмыс дегеннің бәрін түгелімен, сол қалпында сақтап қалу, сөйтіп ұлттардың айырмашылығын мәңгі-бақи өзгертпеу деген көзқарасқа ойысады.

Мұндай кертартпа адамдарға Н. С. Хрущев жолдастың партиямыздың Программасы туралы XXII съезде жасаған баяндамасында айтқан мынадай сөздері айқын жауап болып табылады: «Әрине, ұлттық айырмашылықтардың өше бастағанына өкініп отырған адамдар да кездеседі. Біз оларға былай деп жауап береміз: «Коммунистер ұлттық айырмашылықтарды сол қалпынан өзгертпей, мәңгі сақтап отырмайды. Біз коммунистік құрылыс жағдайында еріктілік және демократизм негізінде болып отырған ұлттар мен ұлттық топтардың барған сайын неғұрлым тығыз жақындасуының объективті процесін қолдап отырамыз. Бұқараны пролетарлық интернационализм мен советтік патриотизм рухында тәрбиелеуді күшейте беру қажет. Ұлтшылдық сарқыншақтарының болмашы көріністерінің өзін де шын мәнісінде большевиктік ымырасыздықпен жойып отыру керек».

Әрбір совет халқының социалистік мәдениетінің ұлттық, сонымен қатар интернационалдық сипаты бар. Оның ұлттық сипатта болу себебі мынада: ол әр ұлттың көптеген ғасырлар бойы өмір сүріп, дамыған экономикалық, әлеуметтік, географиялық және басқа жағдайларынан туған ерекшеліктері мен өзгешеліктерін бейнелейді. Ал оның интернационалдық сипаты мынада: ол барлық совет ұлттары үшін бірдей, оларды бірыңғай туысқандық семьяға біріктіретіндей жалпы түр-келбетті бейнелейді.

Әртүрлі ұлттың еңбекшілер бұқарасы ешқашан да бірінен бірі биік дуалмен оқшауланған емес. Тіпті патша заманының өзінде де олардың өмір сүру жағдайы мен қоғамдағы орны ұқсас болатын. Оларды қанаушылар мен езушілерге қарсы күрестегі таптық мүдделердің бірыңғайлығы біріктіріп, топтастырды. «Саналы жұмысшылар, — деп жазды В. И. Ленин сол кезде, — барлық және әралуан ағартушылық, кәсіподақтық, саяси және тағы басқа жұмысшы ұйымдарында барлық ұлттардың жұмысшыларының толық бірлігі болуын жақтайды» (Шығармалар, 19-том, 75-бет).

Социализм тұсында қанаушы тап жойылып, таптық қарама-қайшылық келмеске кеткен кезде, ұлттар әлеуметтік жағынан біркелкі болып, бірі мен бірі туысқандасып кетті. Барлық совет ұлттарының рухани бейнесінде болған түбірлі өзгерістер оларды идеялық-саяси жағынан да біркелкі етіп жіберді. Міне, мұның бәрі совет ұлттарының мәдениетінде жиынтықталып, оны интернационалды, әрбір ұлтқа жақын, түсінікті етеді.

Ұлттық мәдениеттердің жақындасуынан екі түрлі құбылысты — ішкі және сыртқы көріністегі құбылысты аңғаруға болады.

Сыртқы көріністегі құбылыстың, ең әуелі, бұрын артта қалған халықтардың мәдени дамуына қатысы бар. Мәселен, Қазақстанда революцияға дейін профессионалдық өнер жоқ дерлік еді. Музыка өнеріндегі бар байлығы екі ішекті домбыра мен қобыз болатын. Ал кәзір жағдай мүлдем басқаша. Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының арқасында қазақ халқы өмірінің барлық саласы, оның ішінде мәдениеті де тамаша өзгерді. Республикамызда профессионалдық өнер пайда болып, дамыды, оның талантты кадрлары өсіп жетілді. Опера және балет театры құрылды. Мұнымен қатар халық аспаптары оркестрі, хор капелласы сияқты қазақ композиторларының ғана емес, сонымен бірге орыс және дүние жүзі классиктерінің шығармаларын да шебер орындайтын, үлкен музыкалық коллективтер ұйымдастырылды. Халық арасында басқалармен бірге қазақ композиторларының да симфониялық шығармаларын насихаттайтын симфониялық оркестр, ұлттық хореографиялық өнерді дамытуда үлкен роль атқарып отырған ән және би ансамблі құрылды. Демек, қазақ өнерінің көптеген түрі еліміздің басқа халықтарындағыдай дәрежеде болып отыр. Олай болса, озық халықтар мен бұрын артта болған халықтар мәдениетінің сырт бейнелері жақындаса түсті.

Ал ішкі көріністегі құбылыс еліміздің халықтары мәдениетінің өзіндік ұлттық түрі мен мазмұнына қатысты мәселе. «Социалистік ұлттар дамуының тарихи тәжірибесі, — делінген КПСС Программасында, — ұлттық формалардың бір қалыпта қатып қалмайтынын, өзгеріп, жетілетінін, бір-бірімен жақындасып, ескілік атаулының, тұрмыстың жаңа жағдайларына қайшы келетіннің бәрінен арылып отыратынын көрсетті».

Әрбір халықтың көркем творчествосында көптеген бағалы, басқа халықтардың мәдениетінде кездеспейтін, шын мәнісінде таңғажайып нәрселер бар, сондықтан да ол әлгі ұлттың қосқан үлесі ретінде дүниежүзілік мәдениеттің қазынасына енеді. Барлық халықтың ұлттық мәдениеттерінің осындай теңдесі жоқ түр-келбеті мен дәстүрі, сірә, бірінен бірі бөлінбейтін, органикалық байланысы бар элементтер мен жақсы нәрсе ретінде болашақтағы дүниежүзілік коммунизмнің бүкіл адамзаттық мәдениетіне қосылатын болады. Ал, ол мәдениет біркелкі емес, қайта бояуы жағынан, дауыс ырғағы мен стилі жағынан әркелкі болмақ.

Алайда, мұнымен қатар халықтардың мәдени дәстүрлерінде біздің замандастарымыздың — коммунизм құрылысшыларының эстетикалық талғамының таза дамуына себепкер болуға жарамайтын нәрселер де бар. Революцияға дейін, мәселен, қазақтың би өнері өте нашар дамыған-ды. Оған ескі қоғамнан бізге мұра ретінде қалған күйінде қарасаңыз, ол осызаманғы совет көрушілерінің талабына мүлде жауап бере алмайды. Алайда, кейбір жолдастар оны мәңгі бақи қасиетті нәрседей-ақ сол күйінде сақтауға әрекет етіп жүр. Мұның өзі өнердің бұл саласын тек тоқырауға, алға жылжымай, бір орынды таптай беруге апарып соқтырады. Біздіңше, мұндағы бірден-бір дұрыс жол — ұлттық бояу-түсін пайдалана отырып, қазақ халқының хореографиялық өнерін батыл дамыту. Сонымен қатар оған басқа да совет халықтарының осы заманғы және халықтық билерінің ең жақсы элементтерін бірте-бірте творчестволықпен енгізе беру керек.

Әрбір халықтың ұлттық мәдениеті мынадай бағытта дамуға тиіс. Ол басқа халықтардың барлығына түсінікті, жақын, көкейге қонымды болуы керек, сонымен бірге ол басқа халықтардың, коммунистік қоғамның мүшелеріне тән жоғары эстетикалық талғамының қалып-

тасуына үлес қосарлық болуы шарт. Бұл үшін ол интернационалдық сипат алатын туындылармен бірте-бірте байи беруге тиіс.

Тек ұлттар арасында рухани байлықты үздіксіз алмастырып отыру жолымен ғана, барлық ұлттық мәдениетті өзара байланыстырып, өзара ықпал жасату жолымен ғана оларды ілгері бастыруға болады. Тек осы жолмен ғана совет халықтарының мәдениетін онан әрі жақындастыра түсуді қамтамасыз етуге, барлық ұлт үшін бірдей, жаңа мәдениетті, коммунизм құрылысшыларының революциялық дәстүрін дамыта беруге болады.

Ұлттық мәдениеттің онан әрі жақындасып, өзара байи түсуіндегі басты мәселе, біздің ойымызша, әрбір халық советтік ұлттардың көркемдік жетістіктерін терен, творчестволықпен оқып үйрену және игеру, оның жақсы дәстүрлерін бірте-бірте өз мәдениетіне сіңіру болып табылады. Бұл үшін қандай республиканың болса да қол жеткен жақсы өнерінің барлық түрі мен құралын пайдалану қажет.

Советтік шындық ұлттардың өзара қарым-қатынас жасауының, халықтардың интернационалдық туысқандығы мен достығын нығайтудың жаңа және әралуан түрлерін туғызып жатыр. Біз әрбір қадам басқан сайын бір ұлттың мәдени жетістіктері дереу басқалардың игілігіне айналып жатқанын көрудеміз.

Мәселен, жуырда Өзбекстан мен Түркменстанда қазақ әдебиетінің апталығы болып өтті. Латвияда қазақ өнерінің онкүндігі ойдағыдай өткізілді. Ал Азербайжанда қазақ фильмдерінің фестивалы болды. Кәзір қазақтың ән және би ансамблі Украинада гастрольде жүр. Таяуда біздің республикамызға өзбек әдебиетінің апталығы мен қырғыз өнерінің айлығы болып өтті. Август айында Тың өлкесінде Украина әдебиетінің апталығы өтті. Мұның бәрі туысқан халықтардың онан әрі жақындаса түсуіне, олардың мызғымас достығының нығая беруіне себепкер болады.

Марксизм-ленинизм ілімі тұрғысынан қарағанда коммунизмнің мақсаты — ұлттардың тек жақындасуы ғана емес, сонымен бірге олардың толық қосылуы, ұлттық мәдениет пен тілдің жымдасуы. В. И. Ленин бұл екі мәселені бір-бірінен ешқашан бөле қараған емес. «Бір мемлекеттің шеңберінде, — деді ол, — ұлттардың арасын ашу сиянды; сондықтан біздер, марксистілер оларды жақындастыруға, қосуға тырысамыз» (Шығармалар, 19-том, 561-бет).

Бұл лениндік қағиданы негізге ала отырып, партия өзінің жаңа Программасында келешекте ұлттар бірі мен бірі жақындасып, олардың ұлттық мәдениеті байи түсетінін атап көрсетті. «Партия, — делінген онда, — бұл мәдениеттердің өзара онан сайын молығуына, жақындасуына, олардың интернационалдық негіздерінің нығаяуына, сөйтіп коммунистік қоғамның болашақ бірыңғай жалпы адамзат мәдениетінің қалыптасуына жәрдемдесетін болады». Бұл жерде де ұлттық мәдениеттің жақындасуы мен оның келешекте қосылуы біртұтас мәселе ретінде қаралып отыр.

Осыған қарамастан кейбір жолдастар бұл екі өзара байланысты мәселені бір-бірінен бөле қарайды. Мұндай көзқарастың қате екені даусыз. Айталық, біздің елде толық және түпкілікті жеңген социализмді болашақтағы дүниежүзілік коммунизмге қарама-қарсы қоюға бола ма?

Ұлттардың жақындасуы мен қосылуы, әрине, бір мағынадағы мәселе емес. Ұлттық айырмашылық, В. И. Ленин атап көрсеткендей, өте ұзақ уақытқа дейін жойылмайды, ол тіпті пролетариат диктатурасы бүкіл дүние жүзінде орнағаннан кейін де сақталуы ықтимал. Сондықтан да ұлттардың қосылатыны жөнінде әлден даурығып, жар салудың қажеті жоқ.

Бірақ бұдан кәзір советтік қоғамдағы ұлттардың жақындасу процесінде ұлттардың болашақтағы қосылуының белгілері, өркені жоқ деген мағына тумады. Табиғи-тарихи процестердің қай-қайсысы болса да, оның ұзаққа созылуына немесе лезде-ақ іске асатынына тәуелді болмай, әрқашан да белгілі бір нәрседен басталады. Мәселен, ұлттық айырмашылықтың жойылу процесі ұлттардың жақындасуынан, олардың рухани бейнесінде жалпыға ортақ біркелкілік қалыптасуынан басталады.

Ұлттық ерекшеліктер мен айырмашылықты менсінбеушілікке де немесе оны шамадан тыс дәріптеушілікке де жол беруге болмайды. Партиямыздың лениндік ұлт саясатының мәні, міне, осында.

Барлық совет адамдарын пролетарлық интернационализм туыстына топтауда, олардың туысқандығы мен достығын онан әрі нығайтуда ұлы орыс халқы аса зор роль атқарып отыр. Ол ұлттардың тең праволылығын әрдайым табандылықпен сақтаудың тамаша үлгісін көрсетуде. Өзінің лениндік даналығымен, барлық совет халқына нағыз туысқандық қарым-қатынасымен, олардың экономикалық және мәдени өмірінің революциялық жолмен қайта құрылуында көрсеткен мырзалық, қалтқысыз көмегімен ол Отанымыздың барлық ұлттары еңбекшілерінің шынайы сүйіспеншілігі мен қадыр-құрметіне бөленуде. Социалистік ұлттардың туысқандық семьясында ең жоғары дамыған және алдыңғы қатарлы ұлт болып саналатын ұлы орыс халқы басқа барлық халыққа шамшырақ болып есептеледі.

Орыстың бай тілі кәзір Совет Одағы халықтары үшін өзара түсінісіп, қарым-қатынас жасау құралы, советтік және дүниежүзілік мәдениеттің жетістіктерімен танысу құралы, тәжірибе алмасып, өзара мәдени байланыс жасау құралы болып отыр. Мысалы, Қазақстанда 14 ұлттың өкілі тұрады. Солардың бәрі өзара орыс тілі арқылы түсініседі. Барлық туысқан республикаларда да жағдай солай. Сондықтан да орыс тілін үйренуге жанның бәрі құмар. Осыған орай кәзір орыс тілі совет халықтарының екінші ана тіліне айналып отыр.

Партиямыздың Программасында, XXII съездің шешімдерінде. Н. С. Хрущев жолдастың сол съезде жасаған баяндамаларында коммунистік құрылысты кең өрістетудің дәуірінің ерекшеліктері ескеріле отырып, ұлт мәселесі онан әрі творчестволықпен дамытылды. Онда еліміздегі ұлттардың қарым-қатынасын дамытудың жолдары және партияның бұл саладағы міндеті белгіленді. Бұл документтер еліміздегі халықтардың интернационалдық туысқандығы мен достығын онан әрі нығайта түсуде аса маңызды роль атқарады.

Ендігі міндет XXII съездің тарихи шешімдерін бұлжытпай жүзеге асыруды қамтамасыз ету, партия Программасында атап көрсетілгендей, алдағы уақытта да ұлттардың қарым-қатынасындағы интернационалдық принциптерді дәйектілікпен жүзеге асыра беру, социализмнің аса маңызды жеңістерінің бірі болып саналатын халықтар достығын нығайта түсу, ұлтшылдық пен шовинистіктің барлық көріністері мен қалдықтарына қарсы аяусыз күрес жүргізу болып отыр.

Коммунистік құрылыстың кең өрістетілуі, ең алдымен, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, барлық республиканың табиғи байлықтарын ойдағыдай игеру мүддесі ұлттардың арасында ұдайы кадрлар алмастырып отыруды талап етеді. Әртүрлі ұлт қызметкерлерін тәрбиелеп, пайдаланудағы ұлттық томаға-тұйықтықтың көріністеріне қарсы батыл күрес жүргізу қажет. Біз қолдағы бар құралдардың бәрімен, пролетарлық интернационализмнің лениндік принциптері негізінде, социалистік ұлттардың бұрынғыдан да топтасып, жақындаса түсуіне себепкер болуға міндеттіміз.

Мектеп құрылысы — жұртшылық ісі

А. ЩЕРБАКОВ,

Қазақ ССР Оқу министрінің орынбасары

Партияның XII съезі шешімдерін, «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және халыққа білім беру жүйесін онан әрі дамыту туралы» Заңды жүзеге асыра отырып, Қазақстанның халық ағарту органдары партия және совет ұйымдарының басшылығымен едәуір табысқа жетті.

Жалпыға бірдей міндетті сегіз жылдық білім беруді жүзеге асыру, жалпы орта білім беретін политехникалық еңбек мектептері мектеп-интернаттарды және балалар ұзақ күн болатын мектептері көбейту мектептердің оқу-материалдық базасын нығайтуды, алдымен мектеп құрылысын пәрменді жүргізуді қажет етіп отыр.

Елімізде, қала берді Қазақстанда мектеп, мектеп-интернат және балалар мекемелерін салуға жылма-жыл зор көңіл бөлініп келеді. Бұған партияның Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің бұрнағы жылы июль айында қабылдаған «Мектеп құрылысы және мектептердің материалдық базасын нығайту шаралары туралы» қаулысы айқын дәлел.

Жетіжылдықтың алғашқы үш жылының өзінде ғана Қазақстанда мектеп, мектеп-интернат, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салуға мемлекет тарапынан 114 миллион сом жұмсалды, мұның ішінде 1956—1958 жылдары жұмсалған қаржыдан бес есе артық.

Республикада 1959—1961 жылдары мемлекеттік күрделі қаржының есебінен 160 мың балалық 520 мектеп, 22 825 орындық балалар бақшасы салынды. Ал жетіжылдық жоспар қабылданар алдында үш жылдың ішінде небәрі 44 мың балалық 152-ақ мектеп салынған болатын.

Республикада мектеп құрылысының өрістей түскенін мынадай көреміз. 1956 жылы 6 928 балалық 33-ақ мектеп салынған болса, 1961 жылы 69 605 балалық 208 мектеп салынды.

Партия, совет ұйымдарының, бүкіл жұртшылықтың мектеп құрылысына деген қамқорлығын көрсететін игілікті істер толып жатыр. Мысалы, Қарағанды облысында 1959—1961 жылдары 22 730 балалық 57 мектеп үйі салынды. Облыста мектеп құрылысының және мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салудың мемлекеттік жоспары жыл сайын орындалып жүр. Мұнда мектеп құрылысына қоғамдық ұйымдар мен ата-аналар үлкен көмек көрсетеді. Мектеп құрылысының маңызды учаскелерінде кәсіподақ ұйымдары мен жұртшылық тарапынан құрылған арнаулы бақылау постары бар.

Осындай игілікті шаралардың арқасында алдағы оқу жылының бұл облыста үшінші сменада оқытатын мектептер мүлде болмай және бірінші сменада оқытын балалар саны едәуір арта түседі.

Мектеп үйлерін көбейту мәселесі соңғы жылдары Алматы қаласында да кен өрістеді. Республика астанасында тек 1959—1961 жылдардың арасында ғана 14 039 балалық 35 мектеп үйі салынды, мектеп-интернаттарға арналып үш жерден зәулім биік үйлер тұрғызылған.

ды, мектеп жасына дейінгі балалар үшін жаңадан 18 үй пайдалануға берілді. Осыған қарамастан астанамызда оқу жасындағы балаларды мектепке орналастыру үлкен қиындыққа соғып отыр. Өткен оқу жылында көптеген мектептер үш сменада оқыды, оның негізгі себебі, оқушылар саны еселей өсуіне мектеп салу қарқыны мүлдем сай келмеуінде. Қаланың партия, совет ұйымдары мектеп салуды шындап қолға алып, қайткен күнде де алдағы оқу жылында қала мектептерінде сабақты үш сменамен жүргізуді болдырмау шараларын қарастыруы керек.

Партияның XXII съезі жас ұрпақтың оқып, білім алуына, коммунистік рухта тәрбиеленуіне жанжақты жағдай жасау талабын қойды. Осы талаптар тұрғысынан мектептердің оқу-материалдық базасы әлі күнге қанағаттанғысыз. Өткен жылдың аяғында республика Санақ басқармасының органдары жүргізген мектеп үйлерінің есебіне қарасақ, бізде көптеген аудандардың, қалалардың, ауыл-селолардың мектеп жөніндегі қажеті толық өтелмей келе жатқанын аңғарамыз.

Мұндағы басты себеп, мемлекеттік күрделі қаржыдан мектеп құрылысына жоспарланған соманың жыл сайын игерілмей қалуы. Сондықтан Қазақстан мектеп құрылысы жөнінен Одақ бойынша ең арттағы орында. Республикамызда мектеп құрылысының артта қалушылығын орталық баспасөз бірнеше рет атап жазды. Бұл мәселеге «Правда» газеті де талай оралды. Таяуда ғана «Правда» бетінде «Қазақстанда мектеп құрылысы енді қашан шындап қолға алынбақшы?» деген сын мақала басылды.

Шынында да соңғы үш жыл ішінде мектеп құрылысы қанша ілгері басты дегенмен де, он үш миллион сом қаржы игерілмей қалды, мемлекеттік жоспарда көрсетілген 45 780 оқушы орны пайдалануға берілмеді. Мұның өзі мектептерде сабақты көп сменамен оқытуды жоюға бағытталған шаралардың жүзеге асуына әсерін тигізбей қойған жоқ.

Осы жағдайларды ескере отырып, өткен жылы августа Қазақ ССР Жоғарғы Советінің VII сессиясы мектеп, мәдениет және денсаулық сақтау мекемелерін салудың жайы туралы әдейі мәселе қараған еді. Республиканың Жоғарғы Советі өлкелік, облыстық Совет атқару комитеттерінің, Халық шаруашылығы советтері мен құрылыс ұйымдарының мектептер мен балалар мекемелерін салу жөніндегі мемлекеттік жоспардың орындалуына жауапты екенін ескертті.

Алайда, бірқатар жергілікті Советтердің, Халық шаруашылығы советтерінің және құрылыс ұйымдары басшыларының Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бұл шешімдерінен тиісті қорытынды шығармағанын атай кету қажет. Бұл жөнінде құрылыс жұмыстарының өткен жылғы қорытындысына және үстіміздегі жылдың алғашқы айларындағы барысына шолу жасасақ жеткілікті.

Мемлекеттік күрделі қаржыдан мектеп және мектеп-интернат құрылысына бөлінген сома өткен жылы небәрі 81,3 процент, ал оқушы орнын салу жоспары 90,6 процент орындалды. Құрылыс жұмыстарының нашар жүргізілуі салдарынан 7,47 мың сом игерілмей қалды да, 6 670 оқушы орны жоспарда көрсетілгендегіден кем берілді. Мектеп салу жөніндегі мемлекеттік жоспарды өткен жылы тек жеті облыс қана орындап шықты. Тың өлкесіне қарайтын бірде-бір облыс мектеп салудың мемлекеттік жоспарын орындамады. Алматы, Гурьев, Қызылорда тағы басқа облыстарда мектеп құрылысы қанағаттанғысыз жүргізілді.

Мектеп-интернаттардың оқу үйлерін салу бұдан да нашар. Бұл жөніндегі мемлекеттік тапсырмаларды Ақтөбе, Жамбыл, Орал, Семей және Шымкент облыстары ғана орындады, қалған облыстарда мектеп-интернат салу жоспары орындалмай қалды.

Мектептерді және балалар мекемелерін салуда былтыр орын алған осындай олқылықтар жеке облыс басшыларын ойландырған жоқ қайта үстіміздегі жылы мектеп құрылысының қарқыны бұрынғыдай баяулап кетті.

Биылғы жылдың алғашқы төрт айында республика бойынша небәрі 1 460 оқушы орны ғана салынып бітті, бұл мемлекеттік жоспардың екі проценті ғана. Ал өткен жылы осы мерзім ішінде 3 360 оқушы орны салынып бітіп, іске қосылғанын ескерсек, құрылыс қарқынының қаншалықты мардымсыз екені өзінен-өзі түсінікті. Мектеп құрылысы әсіресе Тың өлкесі мен Орал, Алматы облыстарында төзгісіз нашар жүргізілуде.

Әрбір өлке, облыс бойынша мектеп құрылысының барысына шолу жасасақ, ондағы негізгі кемшілік қаражат пен құрылыс материалдарының немесе құрылыс техникасының жеткіліксіздігінде емес, керісінше, өлкелік, облыстық Совет атқару комитеттерінің, Оқу министрлігінің, жергілікті партия ұйымдарының мектеп құрылысына қанағаттанғысыз басшылық ету, бақылау жасауында болып отыр. Партия ұйымдары шаруашылық басшыларына қатаң талап қоймайды, мектеп құрылысын шапшаң жүргізу жөніндегі ұйымдастыру жұмысына жеткілікті көңіл бөлмейді. Бірқатар Халық шаруашылығы советтері мен облыстық Совет атқару комитеттері мектеп құрылысына тиісінше мән бермейді. Кей жерлерде мектеп құрылысының кезек күттірмейтін маңызы ескерілмеуде.

Қазақ ССР Министрлер Советі былтыр шаруашылық салаларының есебінен мемлекеттік жоспардан тыс қосымша 7 600 оқушыға мектептер салу жөнінде облыстар бойынша тапсырма беріп, арнаулы қаулы алды. Бұл құрылыстарды негізінен Тың өлкесінің совхоздары жүргізуге тиісті еді. Тың өлкелік Совет атқару комитеті аталған қаулыны аяқсыз қалдырды. Ол-ол ма, Өлкелік жоспарлау комиссиясы қосымша тапсырмаларды Өлкеге қарасты облыстарға бөлген де жоқ, тапсырмаларды жергілікті жерге жеткізген де жоқ. Ал мемлекеттік тапсырманың осылайша орындалмай қалуына кінәлі адамдардың осы уақытқа дейін тәртіпке шақырылмағаны танданарлық.

Республикада соңғы жылдары тұрғын үй салу жұмысының қарқынды жүргізіліп келе жатқаны жұртқа аян. Сан мыңдаған семья жақсы да жайлы пәтер алып жатыр. Мұның өзі еңбекшілерді сүйсіндіретін жағдай. Ал белгілі тәртіп бойынша мектеп-интернаттардың жатақханалары тұрғын үй салуға арналған қаржы есебінен салынады да, тұрғын үйге есептеледі. Бірақ мектеп-интернаттарға жатақханалар салу жоспары жыл сайын орындалмай келеді. Тек өткен жылға жоспарланған 101 232 шаршы метр жатақханадан 55 130 шаршы метр жатақхана ғана пайдалануға берілді, яғни мемлекеттік жоспар 52,9 процент қана орындалды.

Мектеп құрылысындағы сорақы кемшіліктердің тағы бір себебі, құрылыс жұмыстарының толық механикаландырылмауы. Мектеп құрылысы үшін темір бетонды конструкциялар мен бөлшектер өндіру ісі қолға алынбай келеді. Қысқасын айтқанда, құрылыстағы индустриялы әдістер мектеп салуға енгізілмей отыр. Республикада құрастырмалы темір бетоннан салынған бірде-бір мектеп немесе балалар мекемесі жоқ. Ал мектеп құрылысын мұнша кең көлемде жүргізу қажет болып отырған жағдайда құрылыстың индустриялы әдістерін толық енгізу — кезек күттірмейтін міндет. Кей жерде мектеп құрылысы арнаулы құрылыс ұйымдарына тапсырылмай, шаруашылық әдіспен жүргізіледі. Мұны әсіресе Тың өлкесінің совхоздары мен ауыл-селоларында салынып жатқан мектептерден жиі кездестіруге болады. Бұларда қаражат пен құрылыс материалдары көптеп беріле тұрса да, арнаулы

құрылыс ұйымдары болмағандықтан, бар мүмкіншілік пайдаланылмай, құрылыс жұмысы мандымай отыр.

Бірқатар облыста бюджетте қаралған күрделі қаржыны көптеген объектілерге бөліп, берекесін кетіру фактілері кездесіп жүр, сондықтан титул тізімдері жиі өзгеріп, құрылыс жұмыстарының дер кезінде басталуына нұқсан келтірілуде. Көптеген мектеп құрылысында ұйымдастыру мәселелері әлі күнге жолға қойылмаған. Әдетте, құрылыс жұмыстары бір-ақ сменамен жүргізіледі, жұмысшы күшімен қамтамасыз етілмейді. Шығыс Қазақстан облысындағы Шемонайхы селосында салынып жатқан 300 балалық мектеп-интернат құрылысы қызу жүріп жатқанда «Сантехмонтаж» облыстық конторының бастығы Морозов және «Қазэлектромонтаж» облыстық конторының бастығы Гусев жолдастардың шалағайлығынан су және электр өткізу жұмыстары бір ай тоқтап қалды.

Кей жерлерде, әсіресе ауыл-селоларда мектеп үйлері құрылыс материалдарымен қамтамасыз етілмеген, кірпіш, ағаш жетіспейді, әсіресе шатырлайтын, жабатын материалдардың жетіспеуі бірқатар мектепте құрылыс жұмыстарын доғаруға әкеп соқты. Мысалы, Қостанай облысы, Қарабалық ауданының «Комсомолец» поселкесінде облыстық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау басқармасының құрылысшылары мектеп-интернат үйін сала бастағанына міне үш жыл болды. Мұнда кірпіш жетіссе, ағаш жетіспейді, ағаш жетіссе мэтша жетіспейді, бір материалдың жоқтығы бүкіл жұмысты доғарады, ал бәрі табылып, құрылыс жұмысын қыздыра түсетін маусымды кезеңде құрылысшылар саны отыздан асып көрген емес. Бұдан туатын қорытынды, ұйымдастыру жұмысы жанжақты шешілмейінше мектеп құрылысы ойдағыдай жүрмек емес.

Облыстық Совет атқару комитеттері, халық ағарту органдары мектептер мен балалар мекемелерін салу жұмысына жеткілікті бақылау жасамайды, сондықтан кейбір құрылыстарда жұмыс баяу, сонымен қатар оның сапасы нашар, көп жерлерде салынып бітті деген мектептер мен балалар мекемелерінен толып жатқан ақау табылып жүргені бұған дәлел. Мысалы, Целиноград қаласында өткен жылы салынып біткен 520 орындық ірі мектептен көптеген ақау шықты. Целиноград облысының «Рентабельный» совхозында салынған мектептің жоба бойынша темір бетоннан салынатын мэтшаларының орнына ағаш діңгектер орнатылған, төбелеріне тақтай қағылған.

Мектеп құрылысының жобасын бұзуға бұдан былай жол беруге тіптен болмайды. Өйткені, біздің жеткіншек ұрпағымыздың өнер-білімге кенелетін ұстаздық ұясы сәулетті де сәнді, кең де жарық, ыңғайлы да берік болуы керек. Сондықтан мектеп жобасын бұзып, ойына келген онай жұмыстарды орындауға әуес олақ құрылысшыларға тным салатын уақыт жетті.

Мектептер мен балалар мекемелерін салудағы осы сияқты елеулі кемшіліктер оқу жасындағы балаларды мектепке орналастыру ісінде қиыншылық келтіріп отыр. Өткен оқу жылында республика мектептеріндегі оқушылардың жартысынан аз-ақ астамы бір сменада оқыды, көптеген оқушылар екінші сменада, ал отыз төрт мың оқушы үшінші сменада оқыды.

Алдымыздағы оқу жылында шәкірттерді мектепке орналастыруға кәзірден бастап тиянақты шара қолданылмаса, тағы да қиыншылыққа ұрындыратыны даусыз. Халық шаруашылық жоспары бойынша биыл бірінші кластарға үш жүз мыңдай бөбек келмек, ал мектеп бітіретіндерді есепке алған күннің өзінде де оқушылар саны жүз сексен мың адамға артпақ. Іс жүзінде мектептерге жаңадан келетін балалар саны едәуір артық болып шығады, өйткені республикамызға басқа жақтан келіп қоныстанушылар аз емес.

Жаңадан келетін оқушыларды есепке ала отырып, оқытудағы үшінші сменаны толық жоямыз, барлық мектептерді екі сменада оқытамыз деген күннің өзінде де оқу жылының басталуына дейін жүз мыңнан астам оқушы орны қосымша керек болып отыр. Халық шаруашылық жоспары бойынша жаңадан салынатын оқушы орны жетпіс бес мың. Сөйтіп оқу жылы басталғанға дейін мектеп үйлерін қосымша салып, бар мектептерді кеңейте беру қажет.

Республика жұртшылығының дәстүрі бойынша мектепке халықтың қамқорлығы жыл сайынғы әдетке айналды. Бұқара болып қолға алса, партия, совет ұйымдары жұртшылық бастамасын қолдап, басшылық етсе, мектеп үйлері жөніндегі мұқтаждықтан құтылуға болар еді.

Бұқара күшінің тамаша жемісін мынадан-ақ көреміз. Соңғы үш жыл ішінде ғана колхоздар қаражатымен және халықтың қатысуы арқасында 406,5 мың балалық мектеп үйлері салынды. Үстіміздегі жылы да халық ықыласымен салынып жатқан және іске қосылатын мектептер аз емес.

Алматы облысы, Панфилов ауданының еңбекшілері жеткіншек ұрпаққа деген шынайы қамқорлықтың тамаша үлгісін көрсетіп, таяуда бүкіл республика еңбекшілеріне үндеу жазды. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мақұлдаған бұл Үндеуде Панфилов ауданы еңбекшілерінің мынадай жеке міндеттемелері бар:

«Жалпыға бірдей міндетті оқу туралы Заңды толық орындауға күш салып, 7 жастан 15—16 жасқа дейінгі барлық баланы сегіз жылдық оқуға түгел тартамыз. Әрбір мектепте жалпыға бірдей міндетті оқу қорын нығайтып, балаларды мектептерге кідіріссіз жеткізіп тұруды ұйымдастырамыз.

Мемлекеттік бюджет есебінен үлгі жоба бойынша салынып жатқан 520 орны бар мектеп-интернатты пайдалануға береміз. Колхоздар мен совхоздардың қаржысы есебінен 1320 оқушыға арналған 7 мектеп саламыз, кәзіргі мектеп үйлеріне жалғастыра 960 оқушыға арналған 24 класс бөлмесін саламыз. Үлгі-жоба бойынша салынып жатқан 520 орны бар колхозаралық мектеп-интернаттың оқу корпусын халық көмегімен салып бітіреміз.

360 оқушы сыятын әкімшілік үйлерін мектептерге береміз, оның ішінде 240 оқушы сыятын әкімшілік үйлерін жұмысшы және село жастарының мектептеріне сменамен сабақ ұйымдастыру үшін береміз.

Сөйтіп, аудан бойынша мектеп салу және мектепте жалғастыра кластар салу есебінен оқушыларға арналған орынның санын 3680-ге жеткіземіз».

Мектепке деген мұндай шынайы қамқорлық республиканың қай жерінен болсын қызу қолдау табатыны, талай-талай сүйсінерлік іс істелетіні сөзсіз. Жергілікті партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары, ата-аналар жұртшылығы мұндай игі бастамаларды кең таратып, жер-жерде мектептердің мүдделі мәселелерін ойдағыдай шешуді ұйымдастыруы керек.

Алдағы оқу жылы мектеп тарихында ерекше орын алмақшы. Коммунистік партия мен Совет үкіметінің жас ұрпаққа деген тамаша қамқорлығының арқасында жалпыға бірдей міндетті сегіз жылдық білім беру Заңы жүзеге асырылғалы отыр. Республикамыздағы барлық жеті жылдық мектептерді сегіз жылдыққа, он жылдық мектептерді он бір жылдыққа көшіру жұмысы аяқталмақ. Мұның өзі жас түлектердің қуанышы ғана емес, бүкіл халқымыздың мақтанышы. Коммунизмнің сәулетті заманында өмір сүретін жеткіншек ұрпақтың бүгінгі тәрбиесін талапқа сай ұйымдастыруға бүкіл халық болып атсалысу — абыройлы да игілікті іс.

Бар мүмкіндік тиімді пайдаланылсын

Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихи XXII съезі белгілеп берген елімізде коммунизм орнатудың ұлы Программасын жүзеге асыруда халық шаруашылығын жоспарлауды жетілдірудің, материалдық, еңбек, финанс қорлары мен табиғат байлығын мейлінше толық пайдаланудың маңызы зор. Бұл үшін қолда бар мол мүмкіндіктер мен резервтерді кәдеге жарату, сөйтіп еңбек өнімділігін үздіксіз арттыру, өнімнің түсер құнын үнемі кеміту, шығарылатын өнімнің сапасын жақсарту жолында тынбай күрес жүргізу керек.

Республикамыздың жер-жерінде өтіп жатқан экономикалық конференцияларда бұл жайлар егжей-тегжейлі сөз болуда. Конференцияларда тың ой, соны пікірлер айтылып, өндірісте пайдаланылмай жатқан резервтер мен мүмкіндіктердің көзі ашылуда. Оларды іске қосудың нақты жолдары белгіленуде.

Жақында болып өткен Ақтөбе қаласының экономикалық конференциясында да өндірістің тың резервтерін тауып іске жарату мәселесі сөз болды. Темір жолшылардың В. И. Ленин атындағы клубында өткен бұл конференцияға қаланың өнеркәсіп пен құрылыс ұйымдарының 500-ден астам еңбек озаты, инженер-техникі, партия, кәсіподақ, комсомол қызметкерлері қатысты. Конференцияда қалалық партия комитетінің секретары Ғ. Әбуов жолдас «Өндіріс резервтері жетіжылдық жоспарды орындауға жұмылдырылсын», деген тақырыпта баяндама жасады.

Аз уақыттың ішінде Ақтөбе қаласының өнеркәсіп орындарында 36 экономикалық конференция өткізіліп, оның жұмысына 3 мыңнан аса адам қатысты. Олар техникалық прогресті өрістетуге, өндірісті ұйымдастыру, резервтерді пайдалану туралы өз ойларын ортаға салды.

Қала кәсіпорны коллективтерінің еңбек өнімділігін арттыру, мемлекет қаржысын үнемдеу, өнімнің түсер құнын кеміту, шығарылған өнімнің сапасын жақсарту үшін қажырлы күрес жүргізуі нәтижесінде жетіжылдықтың үш жылында жалпы өнім шығару жоспары 100,3 процент орындалды. Жоспардан тыс 7 537 сомның өнімі өндірілді.

Биылғы жылдың төрт айлық жоспары қала кәсіпорындары бойынша 106 процент орындалып, жоспардан тыс 16 мыңнан астам сомның өнімі өндірілді. Бұл табыс — жетіжылдық жоспарды орындау жолында кең қанат жайған социалистік жарыстың және партия ұйымдарының сол жарысқа басшылығы жақсарып, партияның XXII съезі шешімдерін іске асыруға бағытталған бұқаралық-саяси және көпшілік-тәрбие жұмысының нәтижесі.

Өткен жылы қала кәсіпорындарында өндіріске жаңа техниканы енгізу, өндіріс технологиясын жетілдіру, өндірістік жұмыстарды механикаландыру мен автоматтандыру жөнінде 140 шара жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде халық шаруашылығы советі мен жергілікті өнеркәсіп орындарында мемлекеттің 856 мың сом қаржысы үнемделді.

Қала кәсіпорындарының мұндай табысқа жетуіне жанашылар мен өнер табушылардың қосқан үлесі мол. Соңғы үш жылдың ішінде ғана өнер табушылардан 1 425 ұсыныс түсті. Оның көбінің өндіріске енгізілуінен мемлекеттің 666 мың сом қаржысы үнемделді. Мұның өзі әрбір шаруашылық басшыларының, сондай-ақ партия, кәсіподақ ұйымдарының экономика мәселесіне ден қойып, қаржы мен еңбекті неғұрлым аз жұмсап, мол өнім өндіруге бет бұрып отырғанын аңғартады.

Хром қосындылары зауытында жетіжылдықтың үш жылы ішінде жоспардан тыс ондаған мың сомның өнімі өндіріліп, еңбек өнімділігі 58 процент артты. Жетіжылдықты мерзімінен бұрын аяқтауға бел шеше кіріскен завод жұмысшылары бар мүмкіндікті кәдеге жаратуда. Биыл зауытта тәжірибе ретінде сыналып көретін шлам кептіргіш қондырғы іске қосылмақшы. Ал, 1963 жылдың аяғына дейін негізгі цехтардағы жұмыстарды толық механикаландыру, автоматтандыру көзделіп отыр.

Егер халық шаруашылығы советі зауыты осы заманғы құралдармен, жаңа материалдармен қамтамасыз ету ісіне шындап көңіл бөлсе, табыс бұдан да мол болар еді. Амал не, халық шаруашылығы советі озат тәжірибе мен ғылым жетістігін таратуға жеткілікті мән бермейді. Техниканың жаңа жетістігін кеңінен насихаттамайды.

Жалпы зауыттық экономикалық конференцияда химиктер өз кәсіпорнында материал мен электр қуатының артық жұмсалатынын, сондай-ақ шикізаттың тым көп жиналып қалғанын ашына айтты. Өндіріс технологиясын жетілдіре беруді көздеген химиктер өздерінің конференциясында келер жылдың аяғына дейін негізгі цехтардағы жұмысты механикаландырып, монохромат сілтісі цехында шикізат әзірлеу жұмысын автоматтандыруға міндеттеме алды.

Ферросплав зауытында да қол жеткен біраз табыстар бар. Завод өткен жылдың өндірістік жоспарын 102 процент етіп орындады. Еңбек өнімділігі 2,7 процент өсті. Завод көмір тегінсіз феррохром өндіру әдісін меңгерді. Партия ұйымы (партком секретары С. Парницын) жалпы зауыттық экономикалық конференцияны тиістікпен өткізді. Конференцияға даярлық кезінде зауытта жеті секция: металлургия, механика, энергетика, химия, транспорт, еңбек ұйымдастыру және жалақы, материалдық-техникалық жабдықтау секциялары жұмыс істеді.

Конференцияда сөйлеушілер зауыттың пайдаланылмай жатқан ішкі қорының көзін көрсетіп, оны іске жаратудың нақты жолын белгіледі. Конференция кәсіпорынның жұмысын жақсартуға бағытталған 142 шара белгіледі. Осы шараларды іске асыру зауытта 600 мың сом қаржы үнемдеуге мүмкіндік береді.

«Большевик» зауытында болған экономикалық конференцияда пайдаланылмай отырған мүмкіндікпен қатар өнімсіз шығынның көп екені анықталды. Завод шығаратын өнімде әлі де брак көп. Өткен жылы шығарылған 4,1 мың сомдық өнім сапасыз болып шықты. Завод әртүрлі өнімсіз шығыннан—жұмысшы күшінің босқа қарал тұруынан, электр қуатының бей-берекет жұмсалудан бірқатар зиян шекті. Толық емес есепке қарағанда былтыр мен биылғы жылдың бірінші тоқсанында завод 47 мың сомның зиянын шеккен. Осы қаржыға зауыттың бір жылғы жоспарының үштен бір бөлегі, яғни 9 мың қырықтық машинаны қосымша жасап шығаруға болады.

Бұл зауытта бұдан да басқа мүмкіндіктер бар. Әсіресе металл шығынын үздік кемітуге болады. Завод өткен жылы тетікті қоладаң жасаудан бас тартып, оны латуннан жасай бастады. Бұл жаңа әдіс түсті металдың шығынын 15 процент кемітуге, оған жұмсалатын еңбекті 40 процент азайтуға мүмкіндік берді.

Завод негізінен ауыл шаруашылығы машинасын шығарады. Сондықтан да оның бүгінгі талапқа сай механикаландырылған, автоматтандырылған кәсіпорын болуы шарт. Сонда ғана ол партияның Орталық Комитетінің март Пленумы белгілеген шешімдерге орай, ауыл шаруашылығына қажетті сайлы машиналар бере алады. Бірақ, не пайда завод бұл талапқа сай қайта құрылып, мамандандырылмай отыр. Завод кәзір ауыл шаруашылығы машинасына керекті 53 түрлі запас бөлшек жасайды. Ал заводта бар-жоғы 22 автоматты станок ғана істейді. Бұл станоктар барлық операцияны қамтымайды. Заводты мамандандыру жөнінде біраздан бері мәселе көтеріліп келеді. Дегенмен ол түпкілікті шешілген жоқ.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Советінің кезінде қабылдаған шешіміне сай заводтың мамандандырылуына көмектесу, қаржы бөлу республиканың жоспарлау комиссиясына тапсырылған еді. Рас, республиканың жоспарлау комиссиясы алғашқы екі жылда қаржы бөлсе де, биыл қаржы бермей отыр. Ал заводтың негізгі техника-экономикалық көрсеткішінің төмен болуына жұмыстың механикаландырылу, автоматтандырылу дәрежесінің және жабдықтау ісінің нашар болуы әсер етуде. Станоктардың жетіспеуі және көп процестердің қолмен атқарылуы шығарылатын өнімнің сапасыз болуына әкел соғуда. Бұл жағдай халық шаруашылығы советіне белгілі болса да, ол іске нақты көмек көрсетпей отыр. Мұндай оралымсыздыққа қынжылған завод коммунистері өздерінің экономикалық конференциясында кәсіпорнын мамандандыруға байланысты мәселені түпкілікті шешуге көмектеспегені үшін қалалық партия комитеті атына қатты сын айтты.

Ішкі резервтерді пайдаланудағы кемшіліктер қаланың жеңіл және тамақ өнеркәсіп орындары мен жергілікті кәсіпорындарында да кездеседі. Мысал үшін тігін фабрикасын (директоры Честнов, партия ұйымының секретары Иванова) алайық. Бұл фабрика 4 айдың жоспарын 86,2 процент қана орындап, 48,8 мың сомның өнімін кем шығарған. Фабрика былтырғыға қарағанда жұмысты нашар істеп отыр. Өткен жылдың бірінші тоқсанында 252 мың сомның өнеркәсіп өнімі шығарылса, биыл сол уақыт ішінде 219 мың сомның ғана өнімі шығарылды. Фабрикадағы еңбек өнімділігі 8,5 процент кеміп, өнімнің түсер құны 5,8 процент қымбаттап кетті.

Фабриканың жұмысты нашар істеуінің себебі неде? Мұның себебі, алдымен еңбек ұйымдастырудың нашарлығынан, жұмысшылардың кәсіби мамандығының кемдігінен болып отыр. Сондықтан да биылғы жылдың бірінші тоқсанында өндірісте істеген 814 жұмысшының 510-ны өзінің жұмыс нормасын орындамады. Фабрикада құрал-жабдық нашар пайдаланылады. Техникалық-ұйымдастыру шараларының орындалуы дер кезінде бақыланбайды. Осының салдарынан еңбек өнімділігі өте төмен болып отыр.

Экономикалық конференцияда сөйлеген тігін фабрикасының жоспарлау бөлімінің бастығы Г. Харитоненко фабрикада орын алып отырған ойсыраған олқылықтардың сырын ашып, оларды жоюдың жолын көрсетудің орнына, ұсақ-түйекті айтумен болды. Сөйтіп фабрика өнімінің әрі қымбат, әрі сапасы төмен болуын көлегейлеп, кінәні сауда орындарына қарай аударды. Харитоненко жолдас сауда орындары фабрика шығарған өнімдерді алмай, фабриканың мамандануына кедергі жасайды-мыс деген пікір білдірді. Бұл жаңсақ пікір. Тігіншілердің өз өндірісін мамандандырып, жетілдіруін құптау керек. Сауда орындарының сатып алушылардың талап-тілегін өте жақсы білестініне күмән келтіруге болмайды. Халыққа қажетті көпшілік қолды товарларды шығаратын кәсіпорындарға заказды бірінші беретін солар ғой. Ал, шынында тігін фабрикасында өнім шығарудың олқылыққа ұшы-

рауы кездейсоқ емес, қайта ол ондағы еңбек тәртібінің нашарлығынан, жұмыстың механикаландырылу дәрежесінің төмендігінен болып отыр.

Ақтөбе бөлімшесінің теміржолшылары биылғы жылдың бірінші тоқсанындағы социалистік жарыстың қорытындысында Совет Одағы темір жолы бойынша бірінші орын алып, ССРС Жол Қатнасы министрлігі мен темір жол транспорты қызметкерлері кәсіподағы орталық комитетінің ауыспалы Қызыл туына ие болды.

Сонымен қатар Ақтөбе теміржол торабы кәсіпорындарында резервтерді пайдалануда кемшіліктер де бар. Үстіміздегі жылдың төрт айында депо 58 мың сомның зиянын шекті. Депоның мұнша зиян шегуінің мынадай себептері бар. Теміржол бөлімшесінің жоспарды депоға дер кезінде бермеуі салдарынан депо штаттан тыс 43 адамды ұстауға мәжбүр болған. Бұл бір. Екіншіден, локомотивтердің составсыз жалғыз жүруіне байланысты штаттан тыс бригада ұсталуда. Мұндай бригадаларды жою ай сайын 3,5 мың, ал жылына 40 мың сомнан аса мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Ерекше қарқынмен еңбек еткен қала құрылысшылары жаңа жеңіске ие болды. Жетіжылдықтың үш жылында құрылыс үшін 48 миллион сомның күрделі қаржысы игерілді. Осы мерзім ішінде 80 мың шаршы метрлік тұрғын үй, кәсіпорындары мен мәдени-тұрмыстық мекемелер іске қосылды. Құрылыс ұйымдарындағы еңбек өнімділігі 21 процент өсіп, құрылыс-монтаж жұмыстарының түсер құны 4,4 процент кеміді.

Солдай бола тұрса да, құрылыс ұйымдары мемлекеттік тапсырманы орындай алмай келеді. Қажетті объектілер күн ілгері белгіленген мерзімде берілмейді. Құрылыс жұмысының сапасы нашар. Жұмыс ұзаққа созылып, ақырында ақаулы құрылыстар іске қосылуда. Мұның өзі құрылыс ұйымдарының зиян шегуіне әкеп соғуда. Соңғы үш жылдың ішінде Ақтөбе құрылыс тресі көлемі 7,4 миллион сомның жұмысын орындай алмады. Құрылыс тресі құрылыс жұмыстарының түсер құнын кеміте алмай келеді. Егер мұнда 1959 жылы құрылыс құны 3,9 процент қымбаттаған болса, 1960 жылы 6,3 процент қымбаттаған. Өткен жылы құрылыс жұмысының құны 0,5 процент қана кеміген болса, биылғы бірінші тоқсанда ол қайтадан қымбаттап кетті.

Мұның басты себептері — құрылыс базасының артта қалуы, үнемдеу мәселесіне жөнді көңіл бөлінбеуі, құрылыс үшін бөлінген қаржының көп объектіге бөлініп бытырауы. Көптеген құрылыс ұйымы жалмақы қорын артық жұмсайды. Мысалы, құрылыс тресінің «Отделстрой», «Химстрой», «Промстрой» басқармалары өткен жылы жалпы мөлшері 85 мың сомның жалақысын артық жұмсаған. Мұнда техника, машина күші мардымсыз пайдаланылады. Ауыр жұмыстың көбі қолмен атқарылады. Техника жеткілікті бола тұрса да, өткен жылы көп жұмыс қолмен атқарылды. Мұнда былтыр 57 мың текше метр құмтас қолмен қазылды.

Ақтөбе құрылыс тресінде жұмыстың нашар ұйымдастырылуы салдарынан көптеген жұмыс уақыты бос тұрып қалумен өтіп жүр. Мұнда былтыр 4562 адам-сағат босқа өтті. Соның салдарынан мемлекет 68 430 сомның зиянын шекті.

Резервтердің мол екенін айта келіп «Химстрой» басқармасының тас қалаушылар бригадасының бригадирі М. Нечаев былай дейді:

— Біздің бригадада жұмыстың 90 проценті механизм күшімен атқарылады. Сондықтан да еңбек өнімділігін еселеп арттырып, шығынды азайтуға мүмкіндік мол. Дегенмен сол мүмкіндік дұрыс пайдаланылмай келеді. Бұған, алдымен құрылыста еңбек тәртібінің нашарлығы себеп болуда. Жұмысшылар күн сайын бетон мен ертіндіні күтумен бір-екі сағатты босқа кетіреді. Сондай-ақ көтергіш аэтокрандар да дер шағында жұмысқа келмейді. Көмекші жұмысшылардың

нақты жұмыс кестесі жоқ. Міне осының бәрі еңбек өнімділігінің төмен болуына әсер етіп отыр. Құрылыс тресі құрылыс материалдарына қалай болса солай қарайды. Құрылыс басына жеткізілуге тиісті кірпіш контейнермен әкелінудің орнына ылғи самосвалмен тасылады. Сондықтан да кірпіштің үштен бірі дерлік сынып қалады. Мұның өзі құрылыс құнын қымбаттата түседі. Осыны ескеріп трестің барлық бригадасына құрылыс материалын есеппен жұмсауға мүмкіндік беретін лимитті карточка беруді ұсынды ол.

Резервтерді толық пайдалануға жаңашылдар мен өнер табушылардың қосар үлесі мол. Олар әрдайым жаңаға мұрындық болуға тиіс. Ақтөбе қаласының жаңашылдары да өнеркәсіп өнімін көп әрі сапалы шығаруға ат салысып келеді. Олар жетіжылдықтың үш жылында резервті іске қосуда көп жұмыс істеді. Мұндай абыройлы істе металлургтер, рентген аппаратын жасаушылар, химиктер өзгелерге үлгі-өнеге көрсетуде.

Солай бола тұрса да жалпы алғанда қалада жаңашылдық пен өнер табу ісі өте нашар. Кейбір шаруашылық басшылары коллективте жаңалыққа, озаттыққа мән бермейді. Оларды қолдап, көмек көрсетпейді. Қаланың жергілікті кәсіпорындарында жаңашылдар мен өнертабушылардың қозғалысы кең өріс ала алмай отыр. Бұған кәсіпорны басшылары да кінәлі. Мысалы, жергілікті өнеркәсіп басқармасы биыл жаңашылдар ұсынысын өндіріске енгізуден 100 мың сом үнемдейміз деп міндеттенген. Шынында бұл тым аз. Дәл осындай қаржыны бір ғана металл бұйымдары заводы кәзірдің өзінде-ақ үнемдеп отыр. Осы мысалдың өзі басқарманың жаңалық ұсынысқа қалай қарайтынын дәлелдейді.

Партия ұйымдары өнеркәсіп орындарының сапа көрсеткішін жақсарту үшін күресуі керек. Бұл үшін коммунистік еңбек жолындағы жарысты мейлінше өрістетуге абзал. Кәзіргі кезде қала кәсіпорындарында бұл атақты алу үшін 15 мыңнан аса адам жарысуда. Коммунистік еңбек коллективі атану үшін қаланың жиырма кәсіпорны күресуде. Бұлардың ішінде ферросплав, хром қосындылары, рентген заводтары бар.

Коммунистік еңбектің екпіндісі атағын алу жолындағы жарысқа өндірістің 675 озаты қатысуда. Мұндай құрметті атақ кәзірдің өзінде-ақ 176 цехқа, смена мен бригадаға, экипажға, 291 жаңашыл мен өнертабушыға берілді. Коммунистік жарыстың жаңа түрі жұмыста да тұрмыста жақсы істердің жарқын үлгісін көрсеткен, қоғам жұмысына белсене араласқан өндіріс озаттарының қалың тобын тәрбиелеп шығарды. Олардың ішінде локоматив депосының машинисі Ғ. Ахметов, кен жабдықтарын жөндеу заводының токары В. Лезчинский, рентген заводының слесары И. Антипов, ферросплав заводының бригадирі Ж. Жүсіпов, ұн-жарма комбинатының мастері И. Найденов, хром қосындылары заводының слесары М. Темірбеков, «Большевик» заводының слесары М. Волчанский, вагон депосының вагон қараушысы Ғ. Жолаев тағы басқалар бар.

Қалалық партия комитеті экономикалық конференцияда айтылған сын ескертпелерден қорытынды шығара отырып, резервтерді жетіжылдық жоспарды орындауға жұмылдырудың шараларын белгілеуде.

Қалалық экономикалық конференция өндірістің экономикалық көрсеткіштерін жақсарту үшін күрес кәзіргі кезеңдегі маңызды міндет екенін дәлелдеді. Конференцияда айтылған практикалық маңызы бар ұсыныстарды жинақтап, зерттеу, олардың өндіріске енгізілуін ұйымдастыру — қалалық партия комитетінің алдындағы шұғыл міндет.

Ш. ЕСМҮРЗАЕВ.

Коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі тақырыбына

Еңбек етпеген ішіп-жемейді

Б. ЖҰМАҒАЛИЕВ,

*Қазақстан Компартиясы Орал облыстық комитетінің
секретары*

Журнал редакциясы оқушылардан түскен сұрақтарға байланысты, коммунизм құрылысшысының партиямыздың жаңа Программасында белгіленген моральдық кодексіне жататын адамгершілік принциптер жөнінде жеке-жеке мақала жариялауды ұйғарды.

Төменде коммунизм құрылысшысының моральдық кодексінде айтылған адамгершілік принциптердің бірі туралы Б. Жұмағалиев жолдастың мақаласын жариялап отырмыз.

Коммунизм жер жүзінде барлық халықтың Бейбітшілігін, Еңбегін, Бостандығын, Теңдігін, Туысқандығын және Бақытын орнықтырады.

Еңбек! Ерікті, игілікті еңбек! Бұл — дүние жүзіндегі жаңа, ең әділетті, ең әсем қоғамдық құрылыстың ұраны. Еңбек адамзат қоғамының барлық кезеңінде, ғасырдан-ғасырға адаммен бірге жасап келеді. Тарих керуенінің ұзақ та соны жолдарында сансыз ұрпақтардың еңбегі адамзаттың кәзіргі байлығын жасады. Адамды адам еткен, оның мәртебесі мен даңқын көтерген де осы еңбек.

Егер өткенге көз жіберсек, бұрынғы тарих шежіресіне үңілсек қоғамның материалдық игіліктерін жасаушылардың еңбектің қуанышын да, бақытын да көре алмағанын аңғарамыз. Мұндай жағдай әлі де кездеседі. Қай жерде қанау болса, сол жерде еңбек рахаты болмақ емес. Мұндай жағдайда еңбек ауыр жүк, лағнат атанады. Капиталистік дүниеде еңбек кәзірде де дәл осылай болып отыр.

Азат еңбектің алғашқы желісін Ұлы Октябрь социалистік революциясы тартты. Ол бостандық алған халықтың ерікті еңбек правосына ие болып, өзі үшін, өз қоғамы үшін, жалпы игілік үшін еңбек еткенде ұлы жеңіске жететінін әлемге паш етті.

Біздің елде еңбек ер атандырады, даңққа, сый-құрметке бөлейді. Кім коммунизм мүддесі үшін қалтқысыз еңбек етсе, біздің шын бағырымыз сол болады. Адам өз еңбегімен, өз ісімен даңқты, адамның қабілеті мен таланты еңбекте ашылады, адамзат тек еңбек арқылы мәңгі өмір сүре алады, — деді Никита Сергеевич Хрущев партияның XXII съезінің биік мінбесінен.

Жер жүзінде еңбекті коммунизм орнықтырады. Коммунизм мен еңбек егіз. Болашақ қоғамды жатып ішерлердің, еңбек етпейтіндердің қоғамы деп түсіну — ізгі мұратқа дөрекі, тұрпайы қарағандық.

Коммунизм тұсында да «еңбек етпеген ішіп-жемейді» деген принцип сақталады.

Адамзаттың абзал ұлдары тамаша болашақ, жарқын өмір ерікті, игілікті еңбек арқылы орнайтынын ертеден-ақ айтып келеді. Қиялшыл социалистер өмірдің еңбекпен ғана гүлденетінін әйгілеп кетті. Данышпан Карл Маркс келешекте тұрпайы жалдамалы еңбек ерікті, қуанышты еңбекке айналатынын бүкіл әлемге жариялады. Кеменгер Ленин ұлылық тек еңбекте көрінетінін ескертті.

Бүкіл әлем еңбекшілерінің кеменгер көсемдерінің пікірін өмір дәлелдеді. Мұны Совет Одағының мысалынан айқын көруге болады. Миллиондардың еңбегі нәтижесінде Совет Одағы асудан-асуға өрлеуде, коммунизм идеяларының өмір орнықтырушы күші салтанат құруда. Жұмысшы табы, еңбек адамы өкімет билігін өз қолына алып, еңбек өмірлік қажетке айналған жағдайда еңбекшілердің қандай табысқа жететінін бүкіл әлем көріп отыр. Совет халқы өз елінде социализм орнатып, коммунизм құрылысын кеңінен өрістетуде.

Елімізде коммунистік қоғам құрылысы барысында еңбектің ролі бұрынғыдан арта түседі. Сондықтан да қоғам игілігіне адал ниетпен еңбек ету — коммунизм құрылысшысының моральдық кодексінің басты шарттарының бірі деп бекер айтылмаған партия Программасында «Еңбек етпеген ішіп-жемейді». Бұл принциптің мазмұнын қалай түсінуге болады? Бұған біздің тамаша еңбек өрендеріміздің, оза шығып, жүлде алған шамшырақтарымыздың творчестволық еңбегі, үлгі-өнегесі айқын дәлел бола алады. Мысалы, біздің облыстың Фурманов совхозында Қайша Миханова шопан болып істейді. Ол Социалистік Еңбек Ері, СССР Жоғарғы Советінің депутаты. Мұндай даңққа ол қалай жетті? Ең алдымен, ол саналы да қажырлы еңбек етті. Қайша мемлекетке арзан қой етін, сапалы да биязы жүн өткізуде. Социалистік мал шаруашылығының шебері, республика Жоғарғы Советінің депутаты, әр 100 саулықтан 162 қозы алып өсірген шопан Ескендір Есімов, мемлекетке ең арзан әрі семіз ет өткізуші Ғаббас Ізтілеуов, тағы басқалардың даңқы адал еңбек арқасында шығып отыр. Мұндай адамдар бір орында тоқырап қалмайды, үнемі жаңалық іздейді, алға ұмтылады. Олардың «жақсыға жаны құмар».

Социалистік қоғамда әр адамның шынайы адамгершілігі, моральдық қасиеті, ең алдымен оның еңбекке көзқарасы арқылы айқындалады. Сондықтан совет адамдары жалқауларды, жатыпішерлерді, біреудің арқасында күн көрушілерді жоқ көреді.

Бір адамды екінші бір адамның қанауына негізделген буржуазиялық қоғам еңбекті ауыр азапқа, қиын михнатқа айналдырады. Өндіріс құрал-жабдығын иемдену арқылы ат төбеліндей қанаушылар еңбекші бұқараны сүліктей сорады, олар жасаған материалдық игіліктерді өзі пайдаланады. Сол себептен де үстем тапқа тән арамтамақтық капиталистік дәуірде өзінің шыңына жетеді. Құлқын құмарлық, алыпсатарлық, не қилы жолмен пайда тауып, баю — капиталистерді зұлымдық әрекеттерге жетелейді. Капитализм, оның идеологиясы, үстем таптың бүкіл тұрмыс-салты адамдарды рухани жарымжан етіп, еңбек қуанышынан айырады. Ауыр да азапты еңбек, жұмыссыздық, жалақының аздығы — осының бәрі еңсесі түсіп, еркінен айрылған адамдарды қылмысқа итермелейді. Мұны ең қуатты капиталистік ел — Америка Құрама Штаттарының мысалынан айқын көруге болады. Капитализмнің бұл «гүлденген елінде» миллиондаған жұмысшы қайыршылық өмір сүреді, жұмыс іздеп сергелденге түседі; олар іс жүзінде еңбек ету правосынан айрылған.

Еңбекші бұқара әлеуметтік теңсіздік пен қанаудан қажырлы күрес арқылы ғана құтыла алады. Өндіріс құрал-жабдығына қоғамдық

меншік үстем болып отырған социалистік қоғам ғана адамды еңбекке жаңа көзқарас рухында тәрбиелейді. Социализм жағдайында ғана еңбек творчестволық сипат алады, адамдарды біріктіретін, жаңа мораль рухында тәрбиелейтін қуатты факторға айналады.

Социализм еңбекті қанаушылардан қорғап, данққа, құрметке бөледі. Еңбек адамы өз елінің қожасы болып алды, өйткені ол арамтамақ қанаушылар үшін емес, өз елі, өз жұрты үшін, жер жүзінде әділетті қоғам орнату үшін еңбек етеді. Бұл адамның еңбекке көзқарасын өзгертті. В. И. Ленин мұндай өзгеріс буржуазияны құлатудан да мәндірек, деді. Себебі әңгіме адам санасын түбірінен өзгертуде, қанаушы қоғам тұсында ғасырлар бойы қалыптасқан ескі әдет-ғұрыптарды түпкілікті жеңуде болып отыр.

Еңбек үстінде патриоттық бастамалар тууда. Коммунизмдегіше еңбек етіп, коммунизмдегіше өмір сүру, коммунистік еңбек бригадалары атағын алу үшін күресу, жұмыстың артта қалған учаскелеріне өз еркімен сұранып бару, қоғамдық бастама негізіндегі жұмыстар — мұның бәрі бүгінгі өміріміздің жарқын нышандары.

Коммунистік еңбек коллективі атағын алу қозғалысы біздің облыста да кең құлаш сермеді. Кәзірдің өзінде мұндай атақты оңдаған коллектив жеңіп алды.

Коммунизмнің сәулетті сарайы қажырлы еңбекпен орнатылады. Әрбір совет адамы оған өз үлесін қосады, сол арқылы жарқын болашақты жақындатады. Біз орнататын коммунистік қоғам саналы, ерікті еңбеккерлердің қоғамы болмақ; онда еңбек ету әркімнің өмірлік қажетіне, қасиетті ісіне айналады. «Коммунистік қоғамда адам еңбек етпей отыра алмайды. Оның сана сезімі де, жұртшылықтың пікірі де еңбек етпеуге мүмкіндік бермейді, қабілетіне қарай еңбек ету қоғамның барлық мүшесінің әдетіне, ең бірінші өмірлік қажетіне айналады», делінген партияның жаңа Программасында.

Заманымыздың ұлы документі болып отырған бұл Программада коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі тұжырымдап айтылған. Ол кодекстің негізгі қағидаларының бірі — қоғамға адал еңбек ету. «Еңбек етпеген ішіп-жемейді». Бұл қасиетті сөздің кәзіргі кезінде зор тәрбиелік мәні бар. Коммунизм совет адамдарының күнделікті ісіне айналып, коммунистік еңбектің үлгілері барған сайын бұқаралық сипат алып отырған кезде арамызда еңбектен бой тасалайтын адамдар болмауы қажет. Коммунизм сән-салтанат құрушылардың қоғамы емес.

Еңбек етпейтін адамдарды халық «арамтамақтар» дейді. Арамтамақтар әртүрлі болады. Ол — жалқау, алыпсатар, саудагер, ұры, тек жеке басының қамын ойлайтын мансапқор, әртүрлі айла-құлықпен пайда табуды көздейтін өзіншіл адамдар. «Басқалар істесе істесін, мен істемесем болғаны, «акша — дүниенің кілті». Олардың моралі міне осындай. Арамтамақ әдетте саңылау іздейді, тәртіп жоқ жерде ұялайды.

Біздің облыстың партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары өздерінің саяси-бұқаралық, тәрбие жұмыстарын, ең алдымен, еңбекшілерді еңбекке баулу бағытында жүргізуде. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Қоғамдық пайдалы жұмыстан бас тартып, қоғамға жат арамтамақтықпен өмір сүретін адамдарға қарсы күресті күшейту туралы» Указына сәйкес облыстағы еңбек етпейтін адамдардың есебі алынып, олардың бірқатары жұмысқа орналастырылды, ал еңбектен бастартушылар жауапқа тартылып, оларға қарсы тиісті шара қолданылуда. Бұл жұмысқа біз жергілікті Советтерді, қоғамдық ұйымдарды, өнеркәсіп орындары мен шаруашылық басшыларын, үй, көше комитеттерін, халық жасақтарын кеңінен қатыстырудамыз. Облыстың бірсыпыра селолық Советтері мен еңбекшілер депутаттары-

ның қалалық Советі бұл мәселені өздерінің сессияларында талқылады.

Жоғарыда айтқандай, арамтамақтар қоғам игілігін пайдаланғанымен, оған пайда келтіруді ойламайды. Олардың кейбіреулері «пайдалы», «тиімді» орын табу үшін түрлі айла-шарғы қолданады, ал дегеніне жете алмаса, еңбек етушілердің есебінен күнкөруге тырысады. Енді біреулері жеке меншіктік жолмен баюды көксейді. Мысалы, облыстың Қазталовка ауданында Сағиденов деген арамтамақ заң жүзінде жазаға тартылды. Ол 1959 жылдан бері еш жерде жұмыс істемеген. Малды ұлықсатсыз көп өсіріп, қымбат бағамен сатып отырған. Соңғы бірер жылда ғана ол алты сиыр, бір жылқы, оншақты қой сатқан. Малды колхоздың пішен-жемімен семірткен. Сағиденов Саратов облысындағы бір қалада сақтық кассасынан өзіне счет ашқан. Қазталов аудандық халық сотының үкімі бойынша ол 5 жылға жер аударылды, оның дүние-мүлкі, ақшасы мемлекет есебіне алынды. Милиция органы облыстың Қаратөбе ауданынан Ерғашев деген біреуді ұстады. Ол еңбек адамы деген құрметті атақты жамылып, алып-сатарлық, саудагерлік жолға түскен. Өзбек, Қырғыз республикаларындағы саудагерлермен байланыс жасап, олардан сирек кездесетін товарлар алып, қымбат бағамен сатып отырған.

Мұндай жеке-дара арамтаманың әлі де болса кездесуі адам санасындағы ескінің сарқыншақтарына байланысты. «Ескі қоғам өлген кезде, — деп жазды В. И. Ленин, — оның өлігін табытқа салып, шетелеп, молаға апарып қоюға болмайды. Ол біздің ортамызда бұзылып сасиды, бұл өлік шіриді және біздің өзімізге ауру жұқтырады» (Шығармалар, 27-том, 441-бет). Демек адамның салт-санасындағы ескінің қалдықтарын, әдет-ғұрпын түгел жою уақытты, күнделікті тәрбие жұмыстарын керек етеді.

Ескінің қалдықтары сақталуына капиталистік дүние де әсер етеді. Ол мұны қандай жолмен болсын сақтап қалуға ұмтылады. Бұл, әсіресе біздің жастар үшін өте қауіпті. Кейбір қызметкерлер, — деп ескертті Н. С. Хрущев жолдас, — біздің жастарға буржуазиялық ықпалдың зиянды екенін жете бағаламайды, олар капиталистік дүние бізден қашық, сондықтан зиянсыз деп есептейді. Бұл дұрыс емес, біз совет адамдарының, әсіресе жастардың арасына жат көзқарас пен салттың енуіне қарсы, буржуазиялық ықпалға қарсы батыл күрес жүргізуге міндеттіміз. Әрине, ескінің қалдықтары көбіне артта қалған кейбір адамның санасына ұялайды. Сондықтан біз әрбір совет адамымен тәрбие жұмысын жүргізуге тиістіміз.

Бізде, жасыратыны жоқ, семьяда, мектепте еңбекке баулу әлі де жетіспей жатады. Комсомол, пионер ұйымдарының, оқытушылардың жұмысында да елеулі кемшіліктер бар. Олар кейбір жағдайда жастарды, оқушыларды еңбекке баулу мәселесін ең шешуші, ең басты мәселенің дәрежесіне көтере алмай келеді. Мұндай кемшіліктерді жою үшін күресе отырып, жастарды еңбекті құрметтеуге тәрбиелеудің, оларды еңбекке баулудың маңызы ерекше зор.

Жатып-ішер жалқаулық, бейқамдық, орынсыз сейіл-серуен — бізге жат. Болашақтың адамдары, біздің тамаша дәуіріміздің адамдары, олардың салт-санасы нағыз қайнаған өмірде, ең алдымен, коммунизм үшін, қоғам үшін пайдалы еңбекте қалыптасады. Еңбек — коммунистік бақыт пен қуаныштың бірден бір қайнар көзі.

Колхоз-совхоз өндірісі басқармалары барынша нығайтылсын

Ауыл-селодағы партиялық шешуші буын

Еліміздегі коммунистік құрылыстың ең жауапты да қиын саласы — ауыл шаруашылығы. Партияның Орталық Комитетінің март Пленумы: кезек күтпейтін басты міндет ауыл шаруашылығын күшті қарқынмен өркендетіп, қысқа мерзімнің ішінде еліміздің ауылшаруашылық өнімдері жөніндегі өскелең талаптарын толық қанағаттандыру, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін арттыра беру деп көрсетті.

Бұл міндет Коммунистік партияға, оның әрбір ұйымына, әрбір коммунистке ерекше күшті жауапкершілік жүктеп отыр. Н. С. Хрущев жолдас біз халық алдында ауыл шаруашылығының жағдайы үшін бүкіл партияның беделімен жауап береміз, деп көрсетті.

Партия коммунистік құрылыстың әрбір кезеңінде өзінің алдында тұрған міндеттерге сәйкес ұйымдастыру және саяси жұмыстың жаңа түрлері мен әдістерін қолданып отырады. Партиялық басшылықтың күші — ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстардың тығыз бірлігінде.

Бұдан бұрын партия еліміздің өнеркәсібін күшті қарқынмен өркендете беру талабына сай кәсіпорындар мен құрылысқа басшылықты қайта құрған еді. Бұл шараның тамаша нәтиже бергені бүкіл халыққа аян. Енді партияның март Пленумы шешімдеріне сәйкес бүкіл елімізде ауыл шаруашылығына басшылық қайта құрылды. Колхоздар мен совхоздарға тікелей басшылық жасайтын территориялық өндірістік басқармалармен бірге ауыл-селода партиялық жаңа буын — бір топ нұсқаушылары бар партия ұйымдастырушылары тағайындалып, жұмыс істей бастады. Осыған байланысты ауыл шаруашылығына басшылық жасаудың сипаты мүлде өзгерді. Ауыл шаруашылығын басқаратын бұл жаңа органдардың түбегейлі ерекшелігі сол, олар басқару жұмысын нұсқау беру немесе бұйрық жазу арқылы емес, әрбір колхоз бен совхозда істі қолма-қол ұйымдастыру арқылы жүргізеді. Олардың қызметкерлері әрбір колхозда, совхозда істің жағдайын анықтап, етті, сүтті, астықты және басқа өнімдерді молайтудың мүмкіндіктерін қолма-қол жүзеге асырып отыруға міндетті.

Колхоз-совхоз өндірісі басқармаларының жанындағы партиялық саяси аппарат ауыл-селода партиялық жұмысты жақсартта түсуге, бастауыш партия ұйымдарына қолма-қол көмектесіп, олардың ролі мен беделін күшейте беруге, осы арқылы бүкіл ауыл шаруашылығын көтеруге тиіс.

Жаңа құрылған өндірістік басқармалар, партия ұйымдастырушылары, олардың нұсқаушы топтары колхоздар мен совхоздардың өмірінде ерекше күшті роль атқарады. Партияның Орталық Комитеті март Пленумында жасаған баяндамасында Никита Сергеевич оларды бір кезде МТС-тердің жанында жұмыс істеген саяси бөлімнің қызметкерлерімен теңеді. Бұл кездейсоқ нәрсе емес.

Саяси бөлімнің қызметкерлері елімізде колхоз құрылысының жеңуі үшін жаянамай күрескен партияның ең тандаулы жауынгерлері

болатын. Олар колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту, колхоздар мен совхоздардың басшы кадрларын өсіру, бастауыш партия ұйымдарын құрып, нығайту, колхозшыларды қоғамдық саналылыққа тәрбиелеу жөнінде аса үлкен тарихи жұмыс атқарған еді.

Саяси бөлім қызметкерлері ауыл-селода партиялық-саяси басшылықты нұсқау жазу, қаулы-қарар шығару арқылы емес, колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының қалың ортасында болып, оларға шаруашылықты жолға қою ісіне қолма-қол көмектесу, нақты ақыл-кеңес беру, бұқараны адал еңбекке, коммунистік саналылыққа тәрбиелеу арқылы жүргізген болатын. Партия кәзір партия ұйымдастырушылары мен олардың нұсқаушыларына халықпен жұмыс істеудің саяси бөлім қызметкерлері шебер қолданған осы лениндік дәстүрін, лениндік әдістері мен тәсілдерін үлгі етіп тарта отырып, олардың бұл дәстүрлерді байыта, дамыта беретініне сенеді.

Партия ұйымдастырушылары болып тағайындалған коммунистер өздеріне партия көрсетіп отырған осы зор сенімді мақтаныш етумен бірге, оны ақтау жолында жанаямай күресуге тиіс. Бұл — олардың коммунистік борышы. Партия ұйымдастырушылары мен нұсқаушылар топтары колхоздар мен совхоздар партия ұйымдарының өміріне жаңа леп әкелді. Осының нәтижесінде ауыл-село тұрмысына партиялық басшылық жақсара түскенін алғашқы тәжірибе көрсетіп отыр.

Партия ұйымдастырушысы етіп партия ең таңдаулы ұйымдастырушыларды, білімді де тәжірибелі кадрларды жіберді. Мысалы, біздің республикада кәзір аудандық партия комитетінің 42 бірінші секретары, 8 екінші секретары, аудандық совет атқару комитетінің 11 председателі, облыстық партия комитеттерінің бөлім меңгерушілері мен олардың орынбасарлары территориялық өндіріс басқармаларының партия ұйымдастырушылары болып жұмыс істейді. Бұлардың ішінен 35 адамның жоғары ауылшаруашылық білімі бар.

КПСС Орталық Комитетінің қаулысында өндірістік басқармалар партия ұйымдастырушыларының, олардың нұсқаушыларының міндеттері айқын көрсетіліп берілген. Олар колхоздар мен совхоздардың алдына қойылған өндірістік міндеттердің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етуге тиіс. Бұл үшін партия ұйымдастырушысы мен оның нұсқаушылары жұмысын мәжілістер мен кеңестер өткізу, анықтама, ақпарат жазу жолымен емес, адамдар еңбек етіп жатқан жерлерде — колхоздар мен совхозда, бригадалар мен фермаларда, бастауыш партия ұйымдарында болып, олардың арасында әсерлі ұйымдастыру, көпшілік-саяси жұмыс жүргізуі керек. Міне сонда ғана олар колхоздар мен совхоздардағы жағдайды жете зерттеп біліп, ауыл-село коммунистерімен, колхозшылармен, совхоз жұмысшыларымен, мамандармен тығыз байланыс жасай алады.

Партия ұйымдастырушысы — саяси қайраткер. Сондықтан оның іс-әрекетінде кеңсешілдіктің, төрешіліктің, әкімшіліктің ізі де болмауға тиіс. Жанды творчестволық жұмыс қана еңбекшілер бұқарасын еңбекте ерлік істер жасауға бастайды.

Жақында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті облыстық партия комитетінің өндірістік басқармалар жанындағы партия ұйымдастырушыларының республикалық кеңесін өткізіп, олардың алғашқы жұмыс тәжірибесін жинақтады. Партия ұйымдастырушылары мен олардың нұсқаушылары ауыл-село партия ұйымдарының күшін ауыл шаруашылығы өндірісінің шешуші буындарына шоғырландыруға баса назар аудара бастаған.

Бұл жөнінде Семей облыстық партия комитетінің Жаңасемей өндірістік басқармасы жанындағы партия ұйымдастырушысы И. Машинцев жолдас пен оның нұсқаушылар тобының жұмысын мысалға келтіруге болады. Алғашқы күннен бастап-ақ олар мал шаруашылығының

берік жемшөп қорын жасау, мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыру, егіншілікте арамшөпті құрту сияқты негізгі мәселелерді шешуге көңіл аударған.

Партия ұйымдастырушысы колхоздар мен совхоздардағы бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жақсартып, коммунистердің ролін көтермейінше, ауыл шаруашылығын өрге бастырудың осы сияқты практи. қалық мәселелерін шешу мүмкін емес екенін жақсы түсінген. Сондықтан партия ұйымдастырушысы және нұсқаушылар бірнеше колхоздар мен совхоздарда ұзақ уақыт болып, партия ұйымдарының жұмысымен егжей-тегжейлеп танысқан, оларға коммунистер мен комсомолецтерді шаруашылықтың шешуші учаскелеріне орналастыруға, партиялық бақылау комиссияларының жұмысын жолға қоюға, колхоз-совхоз кадрларының идеялық тәрбиесін, іскерлік мамандығын арттыруды ұйымдастыруға көмектескен.

Кәзіргі жағдайда ауыл шаруашылығына басшылықты жақсартып, оны шапшаң қарқынмен өрге бастырудың сара жолы — колхоздар мен совхоздардың шаруашылығына ғылым жаңалықтары мен озат тәжірибені кеңінен енгізу, бұл жолдағы социалистік жарысты ұйымдастыру, село еңбекшілерінің ауылшаруашылық өнімдерін молайтуға деген материалдық ынталылығын арттыру. Партия ұйымдастырушылары мен нұсқаушылар тобы ұйымдастыру жұмысының бұл шешуші буындарын бірінші күннен бастап-ақ қызу қолға алды.

Бұл жөнінде Көкшетау облыстық партия комитетінің Рузаев өндірістік басқармасындағы партия ұйымдастырушысы В. Загорский жолдастың тәжірибесін мысалға келтіруге болады. Партия ұйымдастырушысы және нұсқаушылар бірнеше шаруашылықтарда болып, оларда механикаландырылған отрядтардың дұрыс құрылмағанын, механизаторлардың қай жерде және қандай машинамен жұмыс істейтінін білмейтінін, жалақы төлеудің келісім-сыйлық жүйесінің қолданылмайтынын анықтады. Олар бұл кемшіліктерді қолма-қол жоюға көмектесті. Механикаландырылған әрбір отрядқа жер учаскесі, техника бекітіліп берілді, жалақы төлеудің келісім-сыйлық жүйесі жасалып, барлық совхоздарға берілді. Совхоздардың дирекциясы мен механикаландырылған отрядтардың арасында еңбек келісімдері жасалды.

Партия ұйымдастырушысының аса жауапты міндеті — өндірістік басқарманың колхоздар мен совхоздардың өндірістік жұмыстарына жедел де дұрыс басшылық жасап отыруын қамтамасыз ету, басқарманың кадрларына идеалық-саяси жағынан, мамандық іскерлігі жағынан өсуіне көмектесу, оларды партия мен халық алдында өздеріне тапсырылған іс үшін қатаң жауапкершілікке тәрбиелеу.

Сонымен бірге партия ұйымдастырушылары облыстың комсомол комитеттерінің өндіріс басқармалары жанындағы комсомол ұйымдастырушылары мен оның нұсқаушы топтарына да басшылық жасап, жастардың инициативасын қолдап, таратып отыруға тиіс. Комсомол ұйымдарына партиялық басшылық жақсы жүргізілген жерде жастардың белсенділігі мен жігері арта түседі. Мысалы, Степной ауданы Қарл Маркс атындағы колхоздың жастары жақында егістің арам шөбін құрту жөнінде бастама көтерді. Жастар таяудағы 2—3 жылдың ішінде совхоздың 33 мың гектар егістік жерін қара сұлы және басқа арам шөптерден тазартпақшы. Олар мамандармен бірлесе отырып, агротехникалық шаралардың жоспарын жасады, кәзір жастар ол шараларды іске асыруға жаппай жұмылуда.

Партия ұйымдастырушысының қолында өткір саяси құрал бар. Ол — ауданаралық газет. Партия ұйымдастырушылары газет редакцияларына күнделікті басшылық жасап, оларға колхоздар мен совхоздардың шаруашылығын, мәдениетін өркендетудің түбегейлі мәселелерін терең де жедел көтеріп отыруына көмектесуге тиіс. Целиноград

өндірістік басқармасының партия ұйымдастырушысы А. Секира, Жымпиты басқармасының партия ұйымдастырушысы Е. Серікбаев, Затобол басқармасының партия ұйымдастырушысы А. Паршин жолдастар және басқа көптеген партия ұйымдастырушылары ауданаралық газеттерге осылай басшылық жасап отырады.

Осындай жанды басшылықтың нәтижесінде бұл өндірістік басқармалардың жанынан шығатын ауданаралық газеттер аз уақыттың ішінде-ақ ауыл-село еңбекшілерінің сүйіп оқитын газетіне, ақылшы, кеңесшісіне айналды. Бұл газеттердің әсіресе озат тәжірибені таратуға, жергілікті партия, совет, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының өмірі мен жұмысын терең жазуға бет бұра бастауы әбден қостарлық та қолдарлық іс.

Дегенмен бірсыпыра ауданаралық газеттер өздеріне қойылып отырған талаптың дәрежесінде емес. Олар әлі де аудандық газеттің сарынымен шығып келеді. Облыстық партия комитеттері, партия ұйымдастырушылары бұл кемшіліктерді жедел жойып, өз газеттерінің дәрежесін көтере түсуі керек.

Ауданаралық баспасөздің жұмысын жақсарту берудің тағы бір шарты — олардың полиграфиялық базасын күшейту. Көп жерде полиграфиялық базаның жағдайы бұл газеттердің алдына қойылған жаңа міндеттердің дәрежесіне сай емес. Сондықтан облыстық, республикалық баспа органдары ауданаралық газеттерге материалдық көмек көрсетуге міндетті.

Облыстық партия комитеттерінің өндірістік басқармалардағы партия ұйымдастырушылары бастауыш партия ұйымдарының жұмысын тексеріп, ауданның және облыстың партия, совет органдарына колхоздар мен совхоздардағы істің жағдайын жақсартуға бағытталған ұсыныстар жасайды. Партия ұйымдастырушылары колхоздар мен совхоздарды, шаруашылық ұйымдарын басшы кадрлармен нығайту туралы партия, совет органдарының алдына мәселе қойып, шешіп отыруға тиіс. Мысалы, Жаңарқа өндірістік басқармасы, оның партия ұйымдастырушысы ең алдымен, артта қалып келе жатқан шаруашылықтарға көңіл бөлді. Олардың артта қалу себебін ашып, оны жоюдың нақты шараларын қолға алды.

Жаңарқа ауданындағы ең артта қалған шаруашылық Киров атындағы колхоз болатын. Онда еңбекке жарайтын 292 колхозшы болса, соның 132 көп уақыттан бері қоғамдық еңбекке қатыспай, өздерінің жеке меншік малын бағумен келген. Колхозда өз ішінен шыққан 4 ғана тракторшы болған.

Колхоз жыл сайын егіс жұмыстарының барлығын сырттан шақырылған адамдардың күшімен атқарып келген. Партия ұйымдастырушысы Аққазиев жолдас колхоз коммунистерімен, қатардағы колхозшылармен кенесе отырып, артельдің шаруашылығын жолға қоюдың дұрыс шешімін тапты. Ең алдымен, кейбір колхозшылардан артель ұстабының мөлшерінен тыс малды алу жөнінде комиссия құрылды. Екіншіден, бастауыш партия ұйымы нығайтылды, оның құрамына жаңадан бірнеше коммунист келді, артельге тыңнан басшы кадрлар, көптеген механизатор жіберілді.

Ауыл-селода құрылған партиялық жаңа буын — партия ұйымдастырушылары, оның нұсқаушылар тобы, өндірістік басқармалар мен олардың ұйымдастырушы-инспекторлары осындай нақты ұйымдастыру жұмысын жүргізгенде ғана партия қойып отырған міндетті — ауыл шаруашылығын шапшаң көтеру міндетін ойдағыдай орындай алады.

Колхоз-совхоз өндірісі басқармаларының құрылуымен, партия ұйымдастырушыларының тағайындалуымен байланысты аудандық партия комитеттері жұмысының сипаты мүлде өзгерді.

Енді аудандық партия комитеттерінің идеологиялық жұмыспен нақты шұғылдануына, коммунистік еңбек жолындағы жарысты өрістеуіне, советтердің, кәсіподақ, комсомол және басқа қоғам ұйымдарының жұмысына жедел басшылық етуіне бай мүмкіндіктері бар.

Осыған қарамай, кейбір аудандық партия комитеттері өздерінің тікелей міндеттерін атқарудың орнына, өндірістік басқармалардың жұмысына араласады, тіпті олардан есеп беруді талап етеді, өндірістік басқармалардың колхоз-совхоз өндірісін басқару жұмыстарын пленумда, бюро мәжілісінде талқыламақ болады. Бұл дұрыс емес. Олардың бұл ісі өндірістік басқармаларды барлық жағынан нығайту және ауыл шаруашылығын басқарудағы олардың жауапкершілігін арттыру жөнінде партия қойып отырған талаптарға қайшы келеді.

Н. С. Хрущев жолдас Россия федерациясы орталық аудандарының өндірістік басқармалары қызметкерлерінің кеңесінде сөйлеген сөзінде мұндай кемшіліктерді сынай келіп, былай деп көрсетті: «Партиямыздың Орталық Комитетінің колхоз-совхоз өндірісін басқаратын басты және бірден-бір орган өндірістік басқарма болып табылады деген шешімін тек сөз жүзінде айтып қана қоймай, оны іс жүзіне кәміл асыру керек. Өндірістік басқарма аудандық жерде өшкімге бағынбайды, ол өзінен жоғарғы органдар — облыстық, өлкелік, республикалық партия және совет органдарынан басқа өшкімге де есеп бермейді. Аудандық партия комитеті де, аудандық атқару комитеті де өндірістік басқармалардың жұмысына қол сұқпаулары керек».

Жаңа жағдайда колхоз және совхоз өндірісін ұйымдастыру, оны жоспарлау, оларға техника және агрономия жағынан қызмет ету өндірістік басқармалардың тікелей міндеті. Өйткені материалдық-техникалық қорлар солардың қолында және олардың жеткілікті маман кадрлары бар.

Қолхоз бен совхоз өндірісін басқаруға тиісті негізгі кадрлар өндірістік басқармалардың қызметкерлері — басқарма бастығы, партия ұйымдастырушысы, комсомол ұйымдастырушысы, ұйымдастырушы-инспектор және нұсқаушылар тобы болуға тиіс. Осыған байланысты әрбір колхоз бен совхоздағы істің жағдайы үшін колхоз председателдерімен, совхоз директорларымен бірге ол шаруашылыққа бекітілген инспектор-ұйымдастырушы да жауап береді.

Н. С. Хрущев жолдас Россия федерациясы орталық аудандарының өндірістік басқармалары қызметкерлерінің кеңесінде сөйлеген сөзінде аудандық партия комитеттері колхоз және совхоз өндірісінің жағдайына қалай ықпал жасай алады деген мәселені де шешіп берді. Аудандық партия комитеттерінің бірінші секретарьларын өздері істейтін аудандарда колхоздар мен совхоздар бойынша облыстық партия комитеті партия ұйымдастырушысының орынбасарлары етіп бекіту керек. Осылай еткенде аудандық партия комитеттері өздерінің бірінші секретарьлары арқылы ауылшаруашылық өндірісін басқару ісінде өз орындарын табатын болады, деп көрсетті Никита Сергеевич.

Кәзіргі басты міндет — өндірістік басқармаларды және оның жанындағы жаңа құрылған партиялық буынды нығайта беру, олардың бұқараны ұйымдастырушылық ролін көтере беру. Осы мақсатпен алдағы уақытта әкімшілік аудандарын шамамен осы күнгі өндірістік басқармалардың аймағын қамтитындай етіп қайта құру мақсаты көзделіп отыр.

Ауыл шаруашылығына басшылық қайта құрылғаннан бергі аз уақыттын ішінде ауыл-селода партиялық-саяси жұмыстың дәрежесі арта түскені, партиялық басшылықтың ықпалы едәуір күшейе түскені байқалады. Дегенмен жаңа жағдайдың барлық мүмкіндіктері пайдаланылмай жатыр. Олар әлі де барған жерлерінде шаруашылықтарға ұсақ-түйек қамқорлық жасауға әуестенеді, адамдармен жұмыс істеуге,

оларды тәрбиелеуге, бастауыш партия ұйымдарына жеткілікті көңіл бөлмейді.

Осындай себептерден кейде колхоздар мен совхоздардың кадрлары, еңбекшілер бұқарасы кімнің партия ұйымдастырушысы екенін, кімнің басқарма бастығы екенін ажырата алмайтын да кезі болады. Партия ұйымдастырушысы мен оның нұсқаушылары колхоз бен совхозға келгенде ең алдымен партия ұйымының жағдайымен танысуы, коммунистермен әңгімелесіп ақылдасуы керек. Олар шаруашылықтың жағдайына партия ұйымы, коммунистер арқылы ғана ықпал жасай алатынын естен шығармауға тиіс.

Партия ұйымдастырушыларының қолға алатын басты міндетінің бірі — бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жақсарту. Өйткені ауыл шаруашылығын шұғыл көтеру жөніндегі міндеттердің орындалуы, ең алдымен, солардың іскерлігі мен талабына байланысты. Сондықтан да Н. С. Хрущев жолдас партияның XXII съезінде жасаған баяндамасында: «Бастауыш ұйым — партияның негізі, олар бұқараның қалың ортасында күнделікті жұмыс істейді. Ісіміздің табысты болуы партияның төменгі ұйымдарындағы ұйымдастыру және саяси жұмыстардың дәрежесіне байланысты» деп көрсеткен болатын.

Республикамызда соңғы жылдары колхоздар мен совхоздардағы бастауыш ұйымдардың қатары мықтап өсті. Ауыл шаруашылығында 130 мыңнан астам коммунист жұмыс істейді. 476 колхоз бен совхозда партия комитеті бар. Орта есеппен алғанда әрбір колхоз партия ұйымында 49 коммунист, әрбір совхоз партия ұйымында 71 коммунист жұмыс істейді. Бұл — колхоздар мен совхоздардағы істің жағдайына шешуші ықпал жасай алатын үлкен күш.

Бірақ ауыл-село бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жақсартуды барлық партия ұйымдастырушылары бірдей қолға алған жоқ. Осының салдарынан көптеген колхоздар мен совхоздарда партия ұйымдарының жұмысы нашар, коммунистердің авангардтық ролі төмен, партиялық бақылау комиссиялары жұмыс істемейді. Мысалы, Талас аудандық партия комитетінің бастауыш партия ұйымдарымен байланысы нашар. Бірсыпыра совхоздың бөлімшелері мен бригадаларында партия топтары ұйымдастырылмаған. Сол сияқты Алматы облысы Киров ауданындағы Мұсабеков атындағы колхоздың партия ұйымы бірнеше жылдан бері ешкімді партия қатарына қабылдаған жоқ. Мұнда партия жиналысы өте сирек шақырылады. Кейбір шопан-коммунистер көп уақыттан бері партия жиналысына қатысқан емес.

Партия ұйымдастырушылары ауыл-селода партиялық-саяси жұмысты жолға қойып, ауыл шаруашылығы өнімдерін молайтудың партия мен үкімет қойыл отырған міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етулері үшін ең алдымен бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жақсарту, коммунистердің авангардтық ролін арттыру керек екенін ұмытпауға тиіс.

Кәзір бастауыш партия ұйымдарында есеп беру, сайлау жиналыстары өтіп жатыр. Бұл сайлауда партия уставының талаптарына сай партия ұйымы секретарьларының жартысынан көбі жаңадан сайланады. Облыстық партия комитеттерінің партия ұйымдастырушылары мен олардың нұсқаушылары партия ұйымдарының секретарьлығына іскер де жігерлі, білімді де беделді коммунистердің сайлануына қамқорлық жасауға тиіс. Өйткені партия ұйымының іскерлік дәрежесі көп жағдайда оның секретарына байланысты.

Өндірістік басқармалардың, оның жанындағы жаңа ұйымдастырылған партиялық аппараттың ортақ мақсатты жүзеге асыру жолында нәтижелі жұмыс істеуі үшін олар өз жұмыстарын жоспармен жүргізулері керек. Мұндай жоспар партиялық және шаруашылық органда-

рының жұмысын ұштастырып отыруға, жұмыстағы қосарланушылыққа жол бермеуге көмектеседі.

Партия ұйымдастырушыларының жаңа талаптарға сай жұмыс істеуі оларға облыстық партия комитеттерінің басшылық дәрежесінде байланысты. Осылай бола тұрса да кейбір облыстық партия комитеттері ауыл шаруашылығына басшылық етудің жаңа жағдайына сәйкес өз жұмыстарын қайта құрған жоқ. Олар өндірістік басқармалар мен партия ұйымдастырушыларын аттап өтіп, аудандық партия комитеттеріне күн сайын «талқылау керек», «шұғыл орындау керек», деп талап етіп көптеген шешім, телеграмма жібереді немесе телефон арқылы шаруашылық мәселелері бойынша ұсақ-түйек тапсырма береді. Мұндай жағдай әсіресе Жамбыл, Ақтөбе облыстық партия комитеттерінің тәжірибесінде көп кездеседі.

Кейде партия ұйымдастырушысына оның мақсаты мен мүмкіндігіне сай келмейтін тапсырма береді. Мысалы, Қостанай облыстық партия комитеті жақында партия ұйымдастырушыларына насихатшылардың методикалық семинарын өткізуді тапсырған. Бұл мүлде дұрыс емес. Біріншіден, насихатшылардың семинарын өткізу аудандық партия комитетінің тікелей міндеті. Екіншіден, партия ұйымдастырушысының насихатшылардың семинарын әзірлеп өткізуге ешқандай мүмкіндігі жоқ.

Облыстың партия комитеті ауыл-селодағы партия органдарына басшылығын жақсартуға түсуге, олардың жаңа жағдайдағы жұмыс тәжірибесін қорытып, таратып отыруға тиіс. Міне сонда ғана партия ұйымдастырушылары мен олардың нұсқаушылар топтары ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмыстарын кеңінен жүргізе отырып, колхоздар мен совхоздар еңбекшілерін партияның Орталық Комитетінің март Пленумы алға қойған міндеттерді орындауға бір кісідей жұмылдыра алады.

Өндірістік басқармалар мен ауыл-селодағы партиялық жаңа орган қызметкерлерінің, партия ұйымдарының, бүкіл ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің міндеті—астық, ет, сүт және басқа өнімдерді молайту жөнінде биыл елеулі табыстарға жетіп, алдағы уақытта ауыл-шаруашылық өндірісін жедел ілгері бастыруға берік негіз жасау.

Басшылық дәрежесі жоғары болсын

Партия мен үкімет ауыл шаруашылығына басшылықты мықтап жақсарту шараларын көп ойластырды. Ауыл шаруашылығын жоспарлау тәртібін өзгерту, колхозшылар мен жұмысшыларды материалдық жағынан ынталандыру талабын батыл қолдау, машина-трактор станцияларын қайта құру сияқты күрделі шаралар село мен ауылдың өміріне үлкен жаңалық енгізді. Осы және басқа да шаралардың нәтижесінде ауыл шаруашылығының өнімі жылдан жылға артып келеді.

Елімізде коммунистік құрылыстың кең өрістеуіне байланысты ауыл шаруашылығына қойылатын талаптар үздіксіз артып отыр. Өскелең өнеркәсіптің дабылына орай жаңа орталықтар салынууда. Елімізде халықтың саны жедел көбейіп келеді. Еңбекшілердің материалдық жағдайының жақсаруына қарай халықтың тұтыну дәрежесі де өсіп отырады. Демек, елімізде ауыл шаруашылығының өнімін үздіксіз көбейту — коммунизм орнатушылардың нағыз шұғыл міндетінің бірі.

Партияның Орталық Комитеті март Пленумында ауыл шаруашылығын өркендету бүкіл партияның, бүкіл халықтың айбынды міндеті деп атап көрсетілді. Орталық Комитет ауыл шаруашылығына басшылықты жақсартудың шарасын, жолын дәл тапты. Өндірістік-территориялық басқармалар құрылды. Бұл шара өзінің маңызы жөнінде өнеркәсіпке басшылықты қайта құрумен тепе-тең түседі.

Партия ауыл шаруашылығына басшылықты күшейтудің басқа мәселелерін де жедел шешіп отырады. Мысалы, ұлан-байтақ Қазақстанның құрамында тағы да екі өлке — Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан өлкесін ұйымдастыру түптеп келгенде ауыл шаруашылығын және өнеркәсіпті дәйекті, пәрменді, нақты басқару мақсатын көздейді. Республикамызда тағы екі өлкенің құрылуы — партия мен үкіметтің Советтік Қазақстанның өндіргіш күштерін онан әрі дамыту жөніндегі үздіксіз қамқорлығының айқын айғағы.

Республиканың бүкіл еңбекшілері, барша коммунистері партия мен үкіметтің аталық қамқорлығына іспен жауап беруге ұмтылады. Өлкелік ұйымдардың қайнаған жұмыстың басынан шығуы да осыдан. Өлкелер халық шаруашылығының көкейтесті мәселелерін жанжақты, терең зерттеп, қолма-қол шешіп отыратын болады. Өлкелердің бірыңғай табиғи-географиялық жағдайы, қалыптасқан тығыз экономикалық байланысы бар екенін естен шығаруға болмайды. Мұның өзі партия мен үкіметтің әрбір экономикалық өңірдің ерекшеліктерін ескеру, оның мүмкіндіктерін шебер де толық пайдалану жөніндегі талабын орындауға жағдай туғызады, сайып келгенде шаруашылықты мамандандыру ісі алға басады. Демек, басшылықтың мән-мазмұны да тиянақты болады.

Оңтүстік Қазақстан өлкесі — «көгінен күн аумайтын» шұрайлы өңір. Мұнда суда өніп, суда түлейтін күріш, күнді сүйіп, күнге күшак ашатын ақ мақта, бал шырынды қант қызылшасы өседі. Мәуелі бау-бақша, дәнді дақылдар, мыңғырған бес түлік мал да осында. Осы өлкеге енетін Шымкент, Жамбыл, Қызылорда облыстарының халқы-

ның ұзын саны екі миллионнан асады. Өлкеге 34 аудан, 10 қала 290 ауылдық және селолық совет қарайды. Өлкеде 113 совхоз және 223 колхоз бар Оңтүстік Қазақстан өлкесінің өнеркәсіп пен құрылысы да өркендеп келеді. Мұнда ірі кәсіпорынның саны екі жүз алпыстан асады. Былтыр өнеркәсіптің жалпы өнімінің құны 636 миллион сом болды. Құрылысқа бөлінген күрделі қаржы 200 миллион сомнан асып түсті.

«Жері байдың — елі бай» дегендей егін жайы, жайылымы көз жеткісіз Оңтүстік Қазақстан өлкесі мал шаруашылығын өркендетуге өте қолайлы. Мұнда ауылшаруашылық жерінің көлемі 40 миллион гектарға жуық, демек бүкіл республикадағы жер байлығының бестен бірі оңтүстіктің үлесінде. Соңғы жылдары бұл өңірдің колхоз-совхоздары қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде едәуір табысқа жетті. Жетіжылдықтың алғашқы үш жылында өлкені тұтас алғанда ет 1,6 есе, жүн — 14,6 процент, сүт — 7 процент артық өндірілді. Бұл жылдары, әсіресе қаракөл елтірісін көбейту жөнінде көп жұмыс істелді. Қаракөл елтірісі үш жылда 1,4 есе көбейді. Мұнымен қатар қоғамдық мал саны да өсті. Өлкенің колхоздары мен совхоздарында сиыр 18 процент, қой-ешкі — 9 процент, жылқы — 12,2 процент, шошқа — 1,5 есе көбейді. Былтыр өлкенің шаруашылықтары мемлекетке ет және қаракөл елтірісін сату жоспарын орындап шықты.

Өлкенің «Мақтаарал», «Шымқорған» совхоздарының, «Трудовой пахарь» колхозының, Ә. Шахабаев, Ж. Қуанышбаев, Ы. Жақаев, М. Кренер сияқты шамшырақтарының бүкіл Қазақстанға, қалды бүкіл елімізге үлгі боларлық тәжірибесі бар. Мұнымен бірге өлкенің бірқатар колхоздары мен совхоздарында мал шаруашылығының жайы мәз емес. Мал шаруашылығының бүгінгі дәрежесі партияның XXII съезінің және Орталық Комитеттің март Пленумының талаптарына төтеп бере алмайды. Мал басының өсуі және мал шаруашылығы өнімінің өндірілуі жөнінде жетіжылдықтың тапсырмалары орындалмай келеді. Оның үстіне соңғы екі жылда сүт сауу және жүн қырку бұрнағы жылғыдан кеміп кетті. Мұнымен қатар мал шаруашылығы өнімінің түсер құны артып отыр. Мысалы, былтыр еттің түсер құны 1959 жылға қарағанда 30—40 процент артып кетті. 1961 жылы өлкенің колхоздары мен совхоздары әрбір 100 гектар егістік жерге шаққанда болғаны 8 центнер ет, ал әрбір 100 гектар басқа ауылшаруашылық жеріне алғанда — 1,7 центнер ет өндірді. Демек, мал шаруашылығы саласында өлкенің колхоздары мен совхоздарының міндеті орасан зор.

Осыған байланысты Оңтүстік Қазақстан өлкелік бірінші партия конференциясында «Өлкенің колхоздары мен совхоздарында мал шаруашылығын онан әрі өркендетудің және мал өнімдерін өндіруді арттырудың шаралары туралы» мәселе қаралды. Баяндамашы И. Юсупов жолдас және сөйлеген делегаттар қоғамдық мал шаруашылығын партияның Орталық Комитеті март Пленумының, партия мен үкіметтің халыққа арнаған Үндеулерінің талабына сәйкес өркендетудің мәселелерін кеңінен толғап, терең талдады.

Мал шаруашылығын шұғыл өркендету үшін басшылықтың дәрежесін мықтап көтеру керек екені ерекше айтылды. Өндірістік территориялық басқармалардың құрылуына байланысты ауыл шаруашылығына, оның ішінде мал шаруашылығына басшылықты жақсартудың мүмкіндігі туып отыр. Өндірістік басқармалардың инспектор-ұйымдастырушылары бұл жөнінде жаңалықтың тұтқасы бола алады. Бұл инспектор-ұйымдастырушылар 3—4 шаруашылықты қамтиды. Бұлар — колхоз бен совхоздың жұмысына қолма-қол араласып, нағыз ұйымдастырушының міндетін атқаруға дәрмені жететін адамдар. Өйткені олардың көбі мамандар.

Конференцияда өндірістік басқармалардың алғашқы қадамы жайлы байсалды сөздер айтылды. Олар колхоз бен совхоздың жұмысына жедел араласа бастады. Делегаттар В. Плахов, А. Алтысбаев (өндірістік басқарма бастықтары), Д. Әлжанов, Ж. Түйебеков (обкомның партия ұйымдастырушылары) жолдастар өздерінің пікірін фактілермен дәлелдеді. Свердлов өндірістік басқармасы техниканың пайдаланылуын жақсарту мәселелерін қолға алды. Механизаторлармен бұл жөнінде кеңес өткізілді. Көнігі-механизаторлар тәжірибесін ортаға салды. Механизатор кадрларды тұрақтандыру, орналастыру жөнінде тиянақты шаралар қолданылды. Бұл басқарма шаруашылықтардың озат тәжірибесін қорытып, тарату ісіне үлкен маңыз беріп отыр. Мұнда әрбір апта сайын мамандар үздік шаруашылықта болып, құнды тәжірибені кәдеге жаратады. Басқарма бұл жұмысты үлкен дәйектілікпен жүргізеді. Жуырда бір топ мамандар «Үлгілі» колхозында болды. Мамандар бұрынғыдай шаруашылыққа ат үстінен емес, қайта ебдейлі араласып кетті.

Озат тәжірибені тарату, оны өндіріске енгізу — барлық ұйымдардың төл міндеті. Бұл арада басқармалар, жергілікті партия, совет, кәсіподақ ұйымдары «бір женнен қол шығаруға» тиіс. Іс жүзінде осылай болады да. Мысалы, Жетісай колхоз-совхоз өндірісі басқармасы «Мақтаарал» совхозында семинар ұйымдастырған болатын. Семинарға барғандар жемшөп дайындауды түгел механикаландырудың жай-жапсарымен танысты. Семинарды өткізуге басқарманың инспектор-ұйымдастырушылары және мамандары жаппай араласты.

Ал, Шымкент өндірістік басқармасы шаруашылықтарда қой қырқудың орынборлық әдісін таратудың мұрындығы болды. Басқарма жүгері мен мақтаның шапшаң жетілуіне жағдай жасайтын НРВ препаратын, сондай-ақ қойдан төл алуды көбейтетін СЖК препаратын кең қолдану мәселесін көп құнға тады. Басқарма бұл жұмыстың бәрінде бастауыш партия ұйымдарының қызметімен ұштастырып отырды.

Бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жақсарту, олардың іскерлік қабілетін арттыру мәселелері — аудандық ұйымдардың, сол сияқты облыстық партия комитетінің өндірістік басқармадағы партия ұйымдастырушысының тікелей міндеті. Жамбыл облыстық партия комитетінің Шу территориялық өндірістік басқармасындағы партия ұйымдастырушысы Ж. Түйебеков жолдас конференцияда былай деді:

— Біз өз жұмысымызды аудандық партия комитеттерімен және бастауыш партия ұйымдарымен бірлесе отырып, колхоздар мен совхоздардағы партиялық күшті орналастыру ісін қайта қараудан бастадық. Шаруашылықтың жай-жапсарын таразылап көрсек, көптеген олықылық бар екен. Соған байланысты бірқатар коммунистер мен комсомолецтерді мал фермасына, мал отарына үстел жіберуге тура келді. Мәселен, Көктерек ауданындағы коммунистердің 40 проценті кәзір мал фермаларында істейді. Мұның өзі малшылар арасындағы саяси жұмысты жақсарту түсуге себеп болды.

Партия ұйымдастырушысы ауыл-село коммунистерінің бүгінгі ісін баяндап берді. Коммунистер мен комсомолецтер ферма малшыларына ішкі резервтерді ашуға, социалистік міндеттемені орындау жолындағы жарысты кең өрістетуге көмектесті. Коммунистердің атсалысуы арқасында ет өндіруді күрт көбейту шаралары іске асырыла бастады. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан өлкесі колхоздары мен совхоздарының көбі шошқа өсірумен шындап шұғылданбады. Таяудағы екі жылда ет өндіруді екі есе арттыру міндеті алға қойылып отырған жағдайда бұл кемшілікті жоймаса болмайды. Сондықтан шошқа өсіру, бордақылау жайы жедел қолға алынды. Шу және Қордай аудандарының шошқа өсірушілері социалистік міндеттемелерін қайта қарап, биыл Шу ауда-

ны мемлекетке 6 мың центнер, Қордай ауданы 12 мың центнер шошқа етін қосымша өткізетін болды.

Конференцияға қатысушыларды Түлкібас ауданы еңбекшілерінің талабы қатты сүйсіндірді. Бұл ауданның колхоздары мен совхоздары мемлекетке биыл кемінде 4 мың тонна ет сатуға міндеттенді. Бұл былтырғыдан едәуір артық. Алдағы жылы аудан мемлекетке 5518 тонна ет сатады, ал 1964 жылы Түлкібастың колхоз-совхоздары 8219 тонна ет өткізеді. Мемлекетке биыл сатылатын еттің 30 проценті шошқа еті болмақ. 1963 жылы мемлекетке сатылатын еттің 50 проценті шошқа еті болады. 1964 жылы ауданда әрбір егістік гектарға шаққанда бір шошқа өсірілмек, сонда аудан 100 гектар егістікке 75 центнер, ал басқа ауылшаруашылық жерінің 100 гектарына 16 центнер ет өндіру міндетін орындап шығады.

Бұл ауданның әрбір колхозы мен совхозы ет өндіруді жедел арттырудың нақты жоспарын жасаған. Аудан шаруашылықтары ет, сүт сатудың жартыжылдық жоспарын, жұмыртқа сатудың жылдық жоспарын орындап шықты. Аудан еңбекшілері биыл мал азығының біржарым жылдық қорын жасауды ұйғарып отыр. Үстіміздегі жылдың 24 июніне шөп дайындау жоспарының 50 проценті орындалды, яғни 30 мың тоннадан астам шөп әзірленді. Жемшөп әзірлеу, әсіресе концентратты мал азығын дайындау жөніндегі міндетті ойдағыдай орындап шығу үшін егістік жердің құрылымын жақсартудың және ауыл шаруашылығының барлық дақылының өнімін арттырудың үлкен маңызы болды.

Өлкенің «Мақтаарал» совхозы тамаша бастама жасады. Совхоз бір-екі жылдың ішінде етті шұғыл көбейту шараларын белгілеп, социалистік жарыстың туын көтерді. Мұнда да өсімтал шошқа етін молайту негізінде мал шаруашылығының өнімі күрт көбейеді. Совхоз шошқа етін өндіруді үш жарым есе арттырмақ, сонда барлық өткізілетін еттің 40 проценті осы ет болады. Совхоз берік жемшөп қорын жасау жолын да жанжақты ойластырды. Совхозда жембұршақ, жүгері егісі мықтап қолға алынды. Совхоз үстіміздегі жылдың өзінде 75—16 міндетін орындап шығуға, сөйтіп екінші шөлке 1965 жылы жетуге бел байлап отыр.

Мал шаруашылығын шұғыл өркендету жолындағы жұмыстардың осындай берік арқауы бар. Етті, сүтті мықтап көбейту басшылықтың дәрежесіне тікелей байланысты болып отырғанын басқа мысалдармен де дәлелдеуге болады. Мысалы, өлкенің колхоздары мен совхоздарында малдың өлім-жітімі, орынсыз шығыны өрескел көп. Былтыр Шымкент облысының Арыс ауданындағы XXII партсъезд атындағы колхозда шошқаның 50 проценті, ірі қараның 7,5 проценті, қойдың 7,2 проценті шығын болды. Мұндай мысалдар көп-ақ. Егер малдың өлім-жітімі әбден азайтылса, қоғамдық мал шаруашылығы тез өркендейтін болар еді. Конференцияда мынадай мәлімет келтірілді: егер малдың өлім-жітімі, орынсыз шығыны болмаса, қосымша 39 мың тонна ет өндіруге болады. Тағы бір мысал келтірейік. Малды бордақылауды, жайып семіртуді жақсарту нәтижесінде колхоз бен совхоздар үлкен бір мүмкіндікке кенеледі. Қазір өлкенің колхоздары мен совхоздарында малды бордақылау жұмысына көңіл бөлу нашар. Малдың салмағын арттырғаны үшін ақы төлеуді дұрыс ұйымдастырып отырған колхоз бен совхоз кемде-кем. Осының салдарынан өлке шаруашылықтарында мемлекетке өткізілетін әрбір ірі қараңның, қойдың салмағы былтырғымен салыстырғанда едәуір кеміп кетті. Көптеген шаруашылықтар салмағы 30—35 килограмнан аспайтын қойды, 25—30 килограмдық шошқаны мемлекетке тапсырып жүр. Ал, іс жүзінде мемлекетке өткізілетін қойдың салмағы кемінде 50 килограмм, шошқаның салмағы — 80 килограмм болуы шарт.

Колхоз-совхоз басшылары, өндірістік басқармалардың мамандары, инспектор-ұйымдастырушылары мал шаруашылығындағы осындай мүмкіндіктерді есепке алып, жұмысқа нақты кіріссе нұр үстіне нұр. Сырдария, Шу, Талас өзендерінің бойы — таптырмайтын жайылым. Бұл өңірде малды жазы-қысы бордакылауға әбден болады. Ну қамысты шауып алып, ол жерде малазығындық дақылдар ексе шаруашылыққа өте тиімді. Өлкеде шамамен 1 миллион 200 мың гектар қамыс бар. Соның 200 мың гектарын игергеннің өзінде қыруар пайда көруге болады. Өлкеде жылқы өсірудің мол мүмкіндіктері тағы бар. Өзге малдың мойны жетпейтін алыстағы жайылымда үйір-үйір жылқы ұстауға болады. Бірақ амал не, жылқы жылдан-жылға азайып барады.

Өлкеде құс өсіруге шындап кірісетін уақыт жетті. Кез келген колхоз бен совхозда ұсақ құс фермасын ұстаудың салдарынан құс етінің түсер құны сұрапыл мөлшерден бір-ақ шықты. Мысалы, Жамбыл облысының Жамбыл атындағы совхозында 1960 жылы әрбір он жұмыртқа 18 сомнан айналды, ал былтыр 4 сом 78 тиын болды. Егер құс фермасы ірілендірілсе, мұндай олқылыққа жол бермеуге болады. Конференция құс өсіруді мамандандыру дұрыс деп көрсетті. Қалалардың және өнеркәсіп орталықтарының іргесінде құс өсіретін арнаулы шаруашылықтар бой көтереді. Жетіжылдықтың соңғы жылында өлкенің шаруашылықтары 29—30 мың тонна құс етін, кемінде 99 миллион жұмыртқа өндіруге тиіс. Ал былтыр болғаны 20 миллион жұмыртқа өндіріліп, 766 тонна құс еті дайындалды.

Мал шаруашылығын өркендетуді дұрыс жоспарлаудың үлкен маңызы бар. Әрбір шаруашылықтың нақты мүмкіндігіне сүйенген жоспар бүкіл жұмысқа тұғыр бола алады. Ал кейде жоспар шаруашылықтың болашағымен дәл ұштастырылмайды да, ойда жоқта қиыншылық туғызады. Мысалы, Қызылорда облысы мемлекетке ет сатудың 1964 жылға белгіленген көрсеткішін 1961 жылы орындап шықты. Ал мал санын арттыру жетіжылдық жоспардың дәрежесінен көп төмен жатыр. Қаракөл елтірісін дайындау және мемлекетке сатуды жоспарлау ісінде де кемшіліктерге жол берілуде, — дейді Қызылорда обкомының секретары делегат С. Тоқтамысов жолдас. Мәселен, 1962 жылға қаракөл елтірісін өткізу жөніндегі жоспардың қомақтылығы соншалық, оны орындау үшін колхоздар мен совхоздар төлдің 60 проценттен астамын союға мәжбүр болады. Мұның өзі кейін қаракөл елтірісін көп өндіруге нұқсан келтіруі ықтимал.

Конференция мал шаруашылығын өркендетудің басқа өзекті мәселелеріне де көп көңіл бөлді. Фермадағы жұмысты механикаландыру, мал қораларын салу, жайылымдарды игеру, суармалы жерлерде малазығындық дақылдың өнімін арттыру жайы байсалды ақылдасылды.

Бірінші өлкелік конференция өлкенің экономикасы мен мәдениетін партияның XXII съезінің, Орталық Комитеттің март Пленумының талаптарына сай өркендетуді көздеген шаралар белгілеп, қаулы алды. Конференция өлке партия ұйымының басшы органдарын сайлады.

С. ХАЙДАРОВ.

Басты бағыт

Партияның Орталық Комитеті март Пленумының шешімдері бойынша құрылып іске кіріскен колхоз-совхоз өндірісі басқармалары, олардың жанынан белгіленген партия ұйымдастырушысы мен нұсқаушылар топтары аз уақыттың ішінде-ақ ауыл шаруашылығына партиялық басшылықты жақсартып берудің аса қолайлы да тиімді органдары екенін іс жүзінде көрсете бастады.

Біздің өндірістік басқарма Орал облысының Жымпиты және Қаратөбе аудандары шаруашылықтарын қамтиды, онда 14 совхоз және бір колхоз, бұл шаруашылықтардың 2 миллион гектарға жуық егістік жері бар. Ол шаруашылықтардың көпшілігі-ақ экономика жағынан күшті, осыған қарамай оларда ауыл шаруашылық өнімдерін молайта берудің әлі де пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктері мол. Біздегі «Правда» газеті атындағы астық совхозы, Қалдығайты мал совхозы—бүкіл республикамызға мәлім ірі шаруашылықтар.

Ауыл шаруашылығына басшылықтың қайта құрылуы колхоздар мен совхоздардың экономикасы мен мәдениетін жаңа қарқынмен өркендете беруге, шаруашылықтың әлі пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктерін тиімді жүзеге асыруға, сонымен бірге ауыл-селода кадрларды өсіріп, тәрбиелеуге қолайлы жағдай туғызып отыр. Әсіресе партия ұйымдастырушылары мен олардың нұсқаушылар топтарының тағайындалуына байланысты ауыл-село партия ұйымдарының жұмыстарына көмекті күшейтуге, бүкіл партиялық ұйымдастыру және саяси тәрбие жұмыстарын өрістете түсуге қолайлы жағдай туды.

Жасыратыны жоқ, бұрын аудандық партия комитеттері мен партия ұйымдары, олардың қызметкерлері көбінше ұсақ-түйек шаруашылық жұмыстармен айналысатын, күнделікті жұмыс оларға шаруашылық пен мәдениеттің келелі мәселелерін тыңғылықты шешуге мүрша бермейтін. Енді колхоздар мен совхоздарға тікелей басшылық етіп олардың өндірісін жоспарлау, материалдық және техникалық жағынан жабдықтау мәселелерін, бүкіл шаруашылық мәселелерін шешіп, қолма-қол басшылық етіп отыратын өндірістік басқармалардың құрылуына байланысты партия қызметкерлерінің бұқара арасында ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмыстарын жүргізуіне мүмкіндіктері көбейді. Енді партия органдары—аудандық партия комитеттері мен партия ұйымдастырушылары колхоздар мен совхоздардың шаруашылық жұмыстарының жақсаруына өздерінің саяси жұмыстары арқылы ықпал жасауға тиіс.

Ауыл шаруашылығына басшылық жасаудың жаңа органдарын құру көктемгі ауылшаруашылық жұмыстарының қызу науқаны кезінде іске асырылды. Біз өндірістік басқарманы, партия ұйымдастырушысын құра отырып, бірінші күннен-ақ бұл органдардың партия мен үкіметтің қойып отырған талаптарына сай бағыт алуына көңіл бөлдік. Аудандық партия комитеттерімен, аудандық совет атқару комитеттерімен бірлесе отырып, өндірістік басқарманың аппаратына

және партия ұйымдастырушысының жанындағы нұсқаушылар тобына ең алдымен тәжірибелі, ауылшаруашылық өндірісін білетін, іскер ұйымдастырушыларды тандап алдық.

Партия ұйымдастырушысының жанындағы облыстық партия комитетінің нұсқаушылары болып аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі болып істеген Қажымов және аудандық газеттің партия ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің меңгерушісі Батырғалиев жолдас-тар бекітілді. Сол сияқты ауданаралық газеттің редакциясы да маман, тәжірибелі журналистермен нығайтылды. Облыстық комсомол комитетінің комсомол ұйымдастырушысы болып бұрынғы аудандық комсомол комитетінің секретары Тастанбеков жолдас бекітілді.

Біз басқарманың аппаратына кадрларды іріктеп ала отырып, колхоздар мен совхоздарды кадр жөнінде әлсіреткеміз жоқ, қайта оларға көмектестік, соңғы кездің өзінде ғана біз совхоздарға 19 жас маман жібердік. Олардың ішінде 7 агроном, 7 зоотехник, 5 механик бар.

Басқарманың инспектор-ұйымдастырушылары да бізде дұрыс іріктеп алынған, олардың барлығы да тәжірибелі партия-совет қызметкерлері. Мысалы, Әлиев жолдас бұрынғы аудандық партия комитетінің екінші секретары, Есқалиев жолдас та аудандық партия комитетінің секретары, Нұрғалиев жолдас аудандық совет атқару комитеті председателінің орынбасары болып істеген болатын.

Сонымен бірге колхоз-совхоз өндірісі басқармасының советін құрдық. Советтің құрамына шаруашылықтың басшылары, партия ұйымының секретарьлары, мамандар барлығы 35 адам кірді. Советтің алғашқы мәжілісінде өндірістік басқарманың бастығы Жақсығалиев жолдастың «ауыл-селода құрылыс жұмыстарын жақсартудың шаралары туралы» баяндамасы талқыланды.

Колхоз-совхоз өндірісі басқармасының инспектор-ұйымдастырушылары және партия ұйымдастырушысының жанындағы нұсқаушылар колхоздар мен совхоздарға, партия ұйымдарына нақты көмек көрсете бастады. Бұл жөнінде мынандай бір мысал келтіруге болады: Біздің нұсқаушымыз Қажымов жолдас көктемгі егістің алғашқы күнінен бастап-ақ партияның XXII съезі атындағы совхозда болды. Ол партия ұйымының жұмысына баса назар аударды. Партия комитетіне коммунистер мен комсомолецтерді жұмыстың шешуші буындарына қоюға, үгіт-насихат жұмысын ұйымдастыруға, партия ұйымының жұмыс жоспарын жасап, оны іске асыруға көмектесті. Өндірістік басқарманың инспектор-ұйымдастырушысы Әлиев және нұсқаушы Батырғалиев жолдастар да Абай атындағы және Қоскөл совхоздары партия ұйымдарына осы сияқты нақты көмек көрсетті.

Партия, совет және шаруашылық ұйымдарының жүргізген ұйымдастыру және саяси жұмыстары жақсы нәтижеге жеткізді. Биыл біздің колхоздар мен совхоздар көктемгі егісті ең қысқа мерзімде, агротехникалық ережелерді берік сақтай отырып өткізді. Егістің 97 процентіне сортты тұқым себілді. Қазір егістің өсуі жақсы, мол өнім алуға толық мүмкіндік бар. Колхоздар мен совхоздар биыл 22,5 мың гектар жүгері екті, бұл өткен жылғыдан 6,5 мың гектар артық. Қазір отамалы дақылдарды күту, баптау жұмыстары қызу жүргізілуде.

Біз өз жұмысымыздың алғашқы күнінен-ақ озат тәжірибені тарауға, оны колхоздар мен совхоздардың шаруашылығына қолдануға ерекше көңіл бөлдік. Жүгері және бұршақ дақылдары біздің аймақта жаңа дақыл, сондықтан біз колхоз-совхоз еңбекшілеріне осы дақылдарды күтіп-баптау әдістерін үйретуді ойладық. Бұл дақылдарды өсіру жөнінде «Правда» газеті атындағы совхоздың әдеуір тәжірибесі бар. Бұл совхоз үлгі-тірек шаруашылығы болып саналады.

Біз партия, совет, комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып, шаруашылық басшыларының, партия ұйымы секретарьларының, брига-

дирлердің және звено бастықтарының жүгері және бұршақ өсіру жөніндегі семинарын өткіздік. Семинарда бұл дақылдарды күтіп-баптау жұмыстары тәжірибе жүзінде көрсетілді. Семинарға «Правда» газеті атындағы совхоздың бас агрономы Третьяк, бас инженері Колосов және жүгері өсірушілер звеносының бастығы Фахт жолдастар белсене қатынасып, өз тәжірибелерін ортаға салды.

Осымен бірге біз мал шаруашылығы мамандарының семинарын өткіздік. Онда қойды орынборлықтардың әдісі бойынша қырку, ірі қараны қолдан ұрықтандыру, арзан да тез салынатын мал қораларын салу және қойды бағу әдістері туралы мәселелер талқыланды.

Біз аудандық партия комитетімен бірлесе отырып, КПСС Орталық Комитетінің еліміздің барлық еңбекшілеріне арнаған Үндеуі туралы бірсыпыра жұмыс жүргіздік. Біздің нұсқаушылар партия ұйымдарында ауылшаруашылық өнімдерінің бағасы туралы, партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын өркендетуге жасап отырған қамқорлығы туралы бірнеше баяндама-лекциялар оқыды. Осының нәтижесінде жиналысқа катысқан көптеген адамдар тікелей ауылшаруашылық өндірісіне барып жұмыс істеуге тілек білдірді.

Колхоз-совхоз өндірісі басқармасы және партия ұйымдастырушысы әрбір шаруашылықтың жағдайын терең зерттеп, білуге көңіл бөлді. Мұның өзі бізде әлі де пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктер көп екенін көрсетті. Мысалы, Жымпиты ауданында таяудағы 3—4 жылдың ішінде егіс көлемін кәзіргі 147 мың гектардан 170 мың гектарға, Қаратөбе ауданында кәзіргі 25 мың гектардан 40 мың гектарға жеткізуге болады деген қортындыға келдік. Бұл мүмкіндік биылдың өзінде-ақ іске асырыла бастады. Биыл күзде Жымпиты ауданының шаруашылықтары 15 мың гектар тың жерді көтеріп, келесі жылдың егісіне әзірлеуді белгілеп отыр.

Біздің аудандардың жерінде оннан астам ірілі-ұсақты өзен бар. Осы өзендердің суын пайдаланып, жемшөп қорын молайта беру — зор мүмкіндіктің бірі. Бұл өзендердің суымен 35 мың гектар шабындықты суландыруға болады. Өндірістік басқарма келешекте осы істі жүзеге асыруға бағыт ұстап отыр.

Біздің басқармаға қарайтын колхоздар мен совхоздар биыл жыл аяғына дейін ірі қараны 78100-ге, қойды 510 мыңға, шошқаны 2840-қа, жылқыны 7260-қа жеткізуге тиіс. Сөйтіп мемлекетке 105560 центнер ет, 18700 центнер сүт, 13429 центнер жүн, 14600 қаракөл елтірісін, 3 миллион пұт астық тапсыруға міндетті.

Кәзір колхоздар мен совхоздарда, барлық партия ұйымында да осы нақты міндеттемені жүзеге асыру жолында социалистік жарыс өрістей түсті. Біздің нұсқаушылар аудандық партия комитетінің қызметкерлерімен бірлесе отырып, бастауыш партия ұйымдарына еңбекшілердің жарысын ұйымдастыруға көмектесуді өздерінің басты міндеттерінің бірі деп түсінеді.

Социалистік жарысты ұйымдастыру әсіресе «Правда» газеті атындағы совхоз партия ұйымында (секретары Хасанов жолдас) және Қалдығайты совхозы партия ұйымында (секретары Жаманқарин жолдас) жақсы жолға қойылған. Бұл совхоздарда еңбек озаттарының қатары да тез өсіп келеді.

Қалдығайты совхозының атақты шопаны Сұлтанғазиев Қенже, Нәбиев Жалғас жолдастар жыл сайын әрбір жүз саулықтан 130—135-ке дейін қозы алып өсіріп келеді. «Правда» газеті атындағы совхоздың Эдвард Риффель жолдас басқаратын трактор егіс бригадасының тәжірибесі де көңіл бөлерлік. Бұл бригаданың құрамында 25 механизатор бар. Олар 3831 гектар егінді өздері егіп, баптап, өздері жинап алмақшы. Оның ішінде 506 гектар жүгері бар. Бұл бригада коммунистік еңбек коллективі атағын алу жолындағы жарысқа қосылды.

Бригада коллективі көктемгі егісті 5—6 жұмыс күні ішінде жоғарғы агротехникалық дәрежеде өткізді. Қазір егісті күтіп-баптау жұмыстарын қызу жүргізіп, өздерінің алған міндеттемелерін аброймен орындап шығуға берік бел байлап отыр.

Біз осы сияқты озаттардың тәжірибесін барлық колхоз бен совхоздың игілігіне айналдыру үшін қажырлылықпен күресудеміз. Партия ұйымдастырушысы және оның жанындағы нұсқаушылар тобы колхоз-совхоз өндірісі басқармасының жұмысын жақсарту беруге барынша көмектесуде.

Біздің жұмысымызда әлі де болса кемшіліктер көп. Біз барлық күш-жігерімізді сол кемшіліктерді жойып, ұйымдастыру, және саяси-тәрбие жұмысын аудандық партия комитетімен, бастауыш партия ұйымдарымен тығыз бірлесе отырып жүргізуге көңіл бөлудеміз. Бұл жөнінде біздің алдымызда тұрған міндеттер ұшан-теңіз. Алдымен, партия ұйымдарына колхоздар мен совхоздардың бригадаларын, фермаларын, бөлімшелерін қолынан іс келетін шебер ұйымдастырушылармен нығайтуға көмектесуіміз керек.

Сол сияқты колхоздар мен совхоздарда еңбекшілердің ауылшаруашылық өнімдерін молайтуға материалдық ынталылығын арттыру принциптерін қатаң жүзеге асырып отыру жөнінде де көп жұмыс істеуге тура келеді.

Біздің аз уақыт жұмыс істеген тәжірибеміз ауылшаруашылық өндірісін партияның Орталық Комитеті март Пленумының шешімдеріне сай өркендетудің шешуші кілті бастауыш партия ұйымдарының қолында екенін тағы да көрсетеді. Сондықтан біз өз жұмысымызды ең алдымен бастауыш партия ұйымдарына көмектесуге, коммунистердің авангардтық ролін арттыруға бағыттаймыз.

Бізге бұл жөнінде облыстық партия комитетінің күнделікті басшылығы керек-ақ. Менің өз тәжірибем қарағанда облыстық партия комитеті партия ұйымдастырушыларымен жеткілікті байланыс жасап отырмайды. Келешекте облыстық партия комитеті жұмыстың жаңа жағдайына сай біздің жұмысымызға жеткілікті көңіл бөліп, көмектесіп отыруға тиіс.

Партия бізге жауапты да құрметті міндет жүктеп отыр. КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерінде және Н. С. Хрущев жолдастың сөздерінде ауыл шаруашылығына басшылықты қайта құруға байланысты ауыл-селодағы партия, совет, шаруашылық ұйымдарының міндеттері айқын көрсетіліп берілген. Біз бұл документтерді басшылыққа ала отырып, ұйымдастыру және саяси-тәрбие жұмысын күшейте береміз.

Н. С. Хрущев жолдас Россия Федерациясы Орталық аудандарының өндірістік басқармалары қызметкерлері кеңесінде сөйлеген сөзінде: «Сіздердің міндеттеріңіз—жергілікті жерде, әрбір колхозда, совхозда істің жайын анықтап, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді молайту мәселелерін нақтылы шешу. Кемшіліктер туралы актілер жазбай, қайта толғағы жеткен мәселелерді бірден-ақ шешіп отырыңыздар» деп көрсетті. Біз — өндірістік басқарманың қызметкерлері өз жұмысымыздың әдістері мен тәсілдерін осы негізде құрып, жетілдіре береміз.

Біздің аз уақыттағы жұмыс тәжірибеміз партияның ауыл шаруашылығына басшылықты қайта құрып, колхоздар мен совхоздарға жедел басшылық жасайтын жаңа орган құруы уақтылы да керекті шара болғанын көрсетеді.

Е. СЕРІҚБАЕВ,

Орал облыстық партия комитетінің Жымпиты территориялық өндірістік басқармасындағы партия ұйымдастырушысы.

Жетісай өндірістік басқармасында

Коммунистік партия марксизм-ленинизм теориясын творчестволықпен дамыта отырып, мемлекетті, шаруашылықты басқарудың әдісі мен тәсілін жетілдіре түсуде. Партиямыздың лениндік Орталық Комитетінің үстіміздегі жылғы мартта болған Пленумының шешімі мұны айқын дәлелдейді. Март Пленумы ауыл шаруашылығына басшылықты қайта құру жөнінде тарихи қаулы қабылдады. Осыған орай республикамызда 69 территориялық-өндірістік басқарма құрылды. Солардың бірі — Оңтүстік Қазақстан өлкесіндегі Жетісай басқармасы.

Бұл жаңа басқарма Қазақстанның ең мақталы өніріндегі Ильич, Киров және Мақтаарал аудандарын қамтиды. Жаңа өлкенің ауыл шаруашылығын дамытуда Жетісай басқармасы үлкен роль атқарады. Олай дейтініміз, өлкеде өндірілетін шитті мақтаның 74,6 процентін осы басқарманың қамтуындағы колхоздар мен совхоздар береді. Атап айтқанда, өлке үстіміздегі жылы елімізге 225 мың тонна «ақ алтын» беруге міндеттенсе, соның 168 мың тоннасы Жетісайда өндірілмек.

Басқарманың қамтуында 16 колхоз, 14 совхоз бар. Олардың ішінде 24 шаруашылық мақта егісімен, 4 совхоз мал шаруашылығымен айналысады. Алдағы уақытта Мырзашөлді игеру есебінен мұнда тағы да көптеген мақта өсіруші совхоздар құрылмақ. Сонда бұл басқарма республикада өндірілетін мақтаның 80—90 процентін беретін болады.

Биыл Жетісайда 68 150 гектар жерге шит себілді. Бұл жоспардағыдан едәуір артық. Оның 91 проценті шаршы-ұялап отырғызылды.

Мұнда мақтамен бірге дәнді дақылдар да егіледі. Биыл колхоздар мен совхоздарда 40 мың гектардай бидай, арпа, 6 700 гектардай жүгері егілді.

Жетісай басқармасының қамтуында мал шаруашылығын өркендетуге де мүмкіндік мол. Кәзір мұнда 606 мыңнан аса қой-ешкі, 22 мыңдай ірі қара, 14 мыңдай шошқа, 8 мыңдай жылқы, 9 мың құс бар.

Ал бау-бакша, жеміс-жидек, әсіресе жүзімдіктер мұнда өте көп. Кәзір 2 400 гектардай жеміс және жай ағаштар бар. Оның ішінде 1 400 гектардай жүзімдік мол өнім береді. Колхоздар мен жұмысшылардың қажетін өтеуге биыл 1 900 гектар картоп, овощ егілді.

Жаңа басқарма колхоз, совхоз өндірісіне жаңаша басшылық ете бастады. Ол алғашқы адымында шаруашылықтарды жеке-жеке зерттеп, олардың артта қалғандарын алдыңғыларға тенеу шараларын ойластырды. Колхоздар мен совхоздарда еңбек ұйымдастыру жұмысын жақсартуға зер салды. Жер мен техниканы дұрыс пайдалану ісін қолға алды. Ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені енгізу мәселесіне ерекше назар аударды.

Басқармада колхоздар мен совхоздардағы істің жайын коллегиялық жолмен талқылап, толғағы піскен мәселелерді, өмір талап еткен шұғыл міндеттерді ақылдасып шешу үшін 42 адамнан совет құрылды. Оған аудандардың және шаруашылықтардың басшы қызметкерлері де енді. Бұл советтің мәжілісінде өте актуальді, көкейтесті мәселелер талқыланып отырады. Мысалы, 26 апрельде болған тұңғыш мәжілісте: көктемгі егістің қорытындысы және мақта мен жүгерінің жер бетіне дүгел көктеп шығуын қамтамасыз ету міндеттері, егінді техника күшімен баптау шаралары, төл алу ісін ойдағыдай аяқтау, мал басын шығын етпеу, қой қырку жұмысын дұрыс ұйымдастыру мәселелері, мем-

лекетке мал шаруашылығы өнімдерін сатудың барысы, малды жайып бағу және бордақылау ісінің жайы талқыланды.

Совет мәжілісінде айтылған ұсыныстар бойынша басқарма дереу жер-жерде колхоз, совхоз мамандарының семинарын өткізді. Әсіресе, «Победа» совхозында өткізілген семинар қызықты болды. Оған Киров ауданындағы колхоздар мен совхоздардың барлық агрономдары қатысты. Семинарда коза баптау ісінде техника күшін дұрыс пайдалану, культиваторлардың жұмысшы тетіктерін ретке келтіріп, шебер орналастыру, топырақты жұмсарту үшін ротациялық тетіктерді қолдану, тағы басқа шұғыл міндеттер әңгіме етілді. Колхоз, совхоз мамандарына нақты нұсқау, пайдалы кеңес берілді. Мұндай семинар басқа аудандарда да болды.

Мұнда мал шаруашылығы мәселесіне арналған семинар да өткізіліп, фермалардың қызметкерлеріне көмек көрсету, ет, май, сүт өндіруді молайту, мал азығын дайындау жұмысын жеделдету мақсатымен колхоздар мен совхоздарға мамандар жіберілді.

Басқарма колхоздар мен совхоздардың шаруашылық-экономикалық жұмыстарына тікелей араласып, оларға техника, тыңайтқыш, химикат, қоспа жем, құрылыс материалын, ақша тағы басқаларын бөліп беріп отыруды өз қолына алды. Демек, кәзір колхоздар мен совхоздарға иелік ететін басқарма құрылып, оларды басқару, жабдықтау ісі жақсара түсті.

АГРОНОМ — ЕГІНШІЛІК ИНЖЕНЕРІ

Партия мен үкімет соңғы кезде агрономдар мен мал мамандарына көп көңіл бөліп, олардың колхоз, совхоз өндірісіндегі ролін арттыра түсті. Кәсіпорындарында инженер қандай роль атқарса, енді агроном да колхоз, совхоз өндірісінде сондай роль атқаруы керек. Демек, агроном — егіншілік инженері. Ол егін даласындағы жұмыстардың агротехникалық ережелерге сәйкес жүргізілуін талап етеді, бақылайды, егіншілерге бағыт-бағдар сілтейді, істегі кемшіліктерді тез жою үшін нұсқау-кеңес береді. Мұны Жетісай басқармасының қамтуындағы агрономдардың іс-әрекетінен айқын аңғаруға болады.

Кәзір басқармада, оның қамтуындағы шаруашылықтарда 2500-ге жуық агрономдар, мал мамандары, инженер-механиктер бар. Бұл — үлкен күш. Әңгіме оны дұрыс пайдалана білуде болып отыр. Қай жерде агрономдар өз міндетіне жауапты қарап, берілген правоны жөнімен пайдалана білсе, сол жерде егіншіліктің мәдениеті артып, мол өнім алуға қол жетуде. Мәселен, Ильич ауданының «Красная звезда» совхозында 15 агроном істейді. Оның көбісі бөлімшелер мен бригадаларда тұрып, тікелей совхоз өндірісіне қатысуда. Демек, агроном — мақта өсірудегі басты тұлға. Совхоздың жыл сайын мол өнім алуына себепкер болып жүрген де солар.

Биыл жаңа басқарманың аппаратындағы агрономдар да мол өнім алу жолындағы күрестің алдыңғы сапында болып, колхоз, совхоз өндірісіне елеулі ықпал ете бастады. Әсіресе, белгілі бір шаруашылықтарға бекітілген агрономдар, яғни инспектор-ұйымдастырушылар егіншілерге көрсеткен көмегімен көзге түсуде. Бұған мысалға Киров ауданының «Победа», «Большевик» және «30 лет Октября» совхоздарына бекітілген агроном Анатолий Терещенконы алуға болады. Ол — жалын атқан жас жігіт, комсомолец. Анатолий 18 апрельде, мақта егісінің ең қауырт кезінде іске кірісті. Ол шит себілген жерлерді аралап көрді. Жер бетіне қылтып шыққан дәнеңе жоқ. Әрі ойланып, бері ойланып, ақыры ол шитті қайта себу керек деген қорытындыға келді. Дереу бөлімшелердегі агрономдарды жинап, ақылдасты. Арнаулы комиссия құрылып, ол қай жерге қашан шит себілгенін, топы-

рак суық болғандықтан шиттің шірігенін және қанша жердің мақтасын бұршақ бүлдіріп кеткенін анықтады. Сөйтіп өз учаскесінде жүздеген гектар жерге шитті қайта себуге бел байлады. Терещенко бұл жұмысты жедел әрі сапалы жүргізуді ұйымдастырды. Еңбек еш болған жоқ. Шит жедел өніп, жер бетіне түгел көктеп шықты. Ұқсата баптап, күткендіктен бұл жерлердің де қозасы жедел жетіліп кетті.

Терещенко жолдас сол өзіне бекітілген учаскеге көшіп барды. Сондықтан да ол совхоздардың өндірістік ісімен терең таныс. Оларда не болып жатқанын бес саусағындай жақсы біледі. Ол тек егіншілікпен ғана айналысып қоймайды, сонымен қатар мал шаруашылығы жұмысына да жіті көзімен зер салып, ондағы кемшіліктерді жоюға дереу ат салысады. Терещенко ең әуелі мал азығын мол дайындау қамын ойластырып, совхоздарда сүрлем үшін жүгері егу жұмысын қолға алды. Бұл жөнінде ол совхоздарға нақты көмек көрсетті. «30 лет Октября» совхозында былтыр жүгері аз егілді, оның үстіне нашар бапталды. Өзіне мұндай селқос қараушыларға «дала аруы» оң қарай ма, жонын көрсетті. Совхоз жүгеріден айтуға тұрмайтын аз өнім алды. Осы ащы тәжірибеден қорытынды шығарған агроном биыл совхозда жүгері өсіретін арнаулы бригада ұйымдастыруды талап етті. Бұл талап іске асты. Жүгері бригадасы құрылды. Оған ең құнарлы жер бөлінді. Ол жер техника күшімен сапалы өңделді. Тұқым дер кезінде шаршы-ұялы әдіспен отырғызылып, өсімдікті екі бағытта баптауға жағдай жасалды. Жаңа құрылған бригаданың мүшелері бұл аса бағалы дақылды күш-жігерін аямай, зор ықыласпен баптап, күтуде. Соның нәтижесінде 450 гектар жерде сәнімен сап түзей тұрған «дала аруы» кәзір күннен күнге сыландап, бойжетіп келеді.

Терещенко кемшілікке төзбейтін, принципшіл, табанды жігіт. Таяуда ол шабындықты аралап жүргенде мынадай өрескел фактіге кездесті. «Победа» совхозының пішеншілері «директор рұқсат еткен» деген сылтаумен өздерінің жеке меншік малына беру үшін он тоннадай жоңышқаны үйді-үйіне үлесіп алып кеткен. Инспектор-ұйымдастырушы совхоз директоры Шалатаевтан жоңышқаны кері қайтару жөнінде шұғыл шаралар қолдануды талап етті. Бұл жөнінде болған қарсылықтарға табандылықпен тойтарыс берді. Сөйтіп, жоңышқа жедел кері қайтарылды. Мұнымен қатар Терещенко «Большевик» совхозындағы шошқа фермасын қайта құрып, ондағы түлікті жасына, қондылығына қарай топ-топқа іріктеп бөлу, «Победа» совхозының № 4 бөлімшесінде жаңадан сиыр қора салу жөнінде ұсыныс жасап, оны жүзеге асыруды ұйымдастырды.

Сол сияқты агроном Төлеген Нұрахметов жолдас та өзінің инспектор-ұйымдастырушылық қызметін жақсы атқарып, мақташылардың қадыр-құрметіне ие болып отыр. Ол істі колхоздардағы еңбек ұйымдастыру жұмысынан бастады. III интернационал атындағы колхозда бұрын жұмыс наряды он күнде бір беріліп, колхозшылар оған дейін не істегенін, қанша еңбеккүн тапқанын білмейді екен. Инспектор оны ескірген әдіс деп тауып, өзгертуді қолға алды. Наряд күн сайын беріліп, қай колхозшының қанша ақша тапқаны күнбе-күн жарияланып отыратын болды. Мұның өзі колхозшылардың еңбекке деген ынтасын арттыра түсті.

ҚОС БАСЫНДАҒЫ САЯСИ ЖҰМЫС

Жетісай басқармасында Шымкент облыстық партия комитетінің партия ұйымдастырушысы және төрт нұсқаушысы жұмыс істейді. Олар колхоздар мен совхоздардағы, олардың бөлімшелері мен бригадаларындағы жүзге жуық бастауыш партия ұйымдарының жұмысына нақты көмек көрсетуде. Парторг Дербіс Әлжанов жолдас үш аудан,

дағы партия ұйымдарымен бірте-бірте танысып, олардағы партиялық саяси және ұйымдастыру жұмысын жақсартуға зер салуда. Ол Киров ауданының «30 лет Октября» совхозындағы партия ұйымында болып, коммунистерді өндірістің жауапты учаскесіне орналастыру жұмысының жайымен танысты, партиялық-саяси жұмыстағы кейбір кемшіліктердің бетін ашты, партия ұйымының секретары Сейдірасулов жолдасқа оларды жоюдың жолдарын нұсқап, пайдалы кеңестер берді.

Ал облыстық комитеттің нұсқаушылары С. Бексейітов, И. Когут, Ә. Сақтағанов және И. Бекетов жолдастар да өздері бекітілген аудандағы бастауыш партия ұйымдарында жиі болып, оларға практикалық көмек көрсетіп отырады. Мысалға Мақтаарал ауданына бекітілген нұсқаушы Ә. Сақтағанов жолдасты алайық. Ол мақта егісінің қызу кезінде Абай атындағы ең алыс колхозға барды. Оның себебі, бұл колхоз былтыр мемлекет алдында борышты болып қалған-ды. Биыл содан тиісті қорытынды шығару керек болды. Сақтағанов істің барысымен танысты да дереу партия ұйымының ашық жиналысын шақыруды ұсынды. Онда жұмыстағы кемшіліктер атап-атап көрсетіліп, оған кінәлілер қатты сынға алынды. Партия жиналысы барлық күш мүмкіншілікті жұмылдырып, кездескен кемшілікті тез жоюдың, сөйтіп мақта егісін әрі тез, әрі сапалы аяқтаудың нақты шараларын белгіледі. Оны іске асыруға барлық коммунистер мен комсомолецтер жұмылдырылды. Қос басындағы саяси жұмыс кең өрістетілді. Көрнекі үгіт күшейтілді. Социалистік жарыстың нәтижесі күн сайын көрсеткіш тақтасына жазылып тұрды. Осындай партиялық-саяси, ұйымдастыру жұмысын күшейтіп, қалың бұқараны қажырлы, ерлік еңбек етуге жұмылдырудың нәтижесінде колхоз мақта егісін ауданда бірінші болып аяқтады. Нұсқаушы қол жеткен табысты баянды ету үшін келешекте жүргізетін бұқаралық-саяси жұмыстың жоспарын жасауда партия ұйымының секретары Садықов жолдасқа қолма-қол көмек көрсетті.

Колхозшылар мен совхоз жұмысшылары арасындағы социалистік жарысты кең өрістетіп, бұқаралық-саяси жұмысты күшейтуде Шымкент облыстық партия комитетінің территориялық басқарма жанынан шығатын «Жетісай» газеті де үлкен роль атқаруда. Ол алғашқы номерінен бастап ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені насихаттауға ерекше назар аударуда. Әсіресе оның Киров ауданындағы «Большевик» колхозы мен Ильич ауданындағы «Мақтаарал» совхозының Коминтерн атындағы бөлімшесінің жұмыс тәжірибесі жөнінде берген арнаулы беттері өте тартымды болған. Сонымен қатар «Жетісай» газеті партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарында кездескен кемшіліктерді батыл сынап, партия ұйымдарына көмек көрсетуде. Оның Ильич ауданының «Красный луч», Киров атындағы, Мақтаарал ауданының Жамбыл атындағы колхоздарын, олардағы партия ұйымдарын сынаған мақалалары нысанаға дөп тиді. Газет дабылынан кейін бұл партия ұйымдары қос басындағы үгіт-бұқаралық және саяси жұмысты жандандыра түсті.

КЕЙБІР КЕМШІЛІКТЕР

Жетісай территориялық басқармасының жұмысында кемшіліктер де жоқ емес. Мұнда партиямыздың Орталық Комитетінің март Пленумы белгілеген шаралардың кейбірі әлі іске асырылмаған. Колхоз, совхоз өндірісін басқарысып, ауыл шаруашылығы өнімдерін молайтуға бағытталған, яғни бұқарамен біте кайнасқан жанды ұйымдастыру жұмысы әлі де нашар.

Үлкен бір кемшілік, басқармада мамандарды пайдалану ісі нашар. Бас мамандарға жеке шаруашылықтар бекітілмеген. Олар «жалпылама» басшылық етеді. Әртүрлі есеп қағаздары мен информация-

лар жазады. Керек десеңіз, олар жұмыс уақыттарын да дұрыс пайдаланбайды. Бас агроном Пак, бас зоотехник Цой, жоспарлау бөлімінің бастығы Ерошкин тағы басқалары бұрынғы істеген жерінде тұрып, қызметке 25—30 километр жерден келеді. Мұның үстіне басқарма қызметкерлері, әсіресе мамандар жұмысты біржақты істейді. Олар егіншілікпен көбірек айналысады да, мал шаруашылығының жайына зер салмайды. Соның салдарынан мұнда мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін, әсіресе ет, сүт, жүн тапсыру жұмысының барысы мүлде қанағаттанғысыз. Жемшөп дайындау жағы да мәз емес. Кейбір инспектор-ұйымдастырушылар көрген, сезген кемшіліктерді іс үстінде түзету үшін нақты шаралар қолданбай, оны тізіп, дабыл қағады да қояды. Ниязов, Тен, Қасымбеков сияқты инспектор-ұйымдастырушылар туралы осыны айтуға болады.

Басқарманың басшы қызметкерлері колхоз, совхоз өндірісіне тікелей араласып отырмағандықтан онда-мұнда қағаз жазуға әуес. Өзі құрылғалы бергі екі айдың ішінде басқарма колхоздар мен совхоздарға 78 нұсқау хат жазған. Ал осы мерзім ішінде басқарма жоғары жақтан 151 нұсқау хат алған. Оның ішінде 100 хат облыстық колхоз, совхоз өндірісі басқармасынан келген. Бұл құлаш-құлаш қағаздар кейде топ-тобымен будақ-будақ болып келеді. Мысалы, басқармаға 8 майда 25, 11 майда 24 нұсқау хат түскен. Мұнша қағазды оқып шығудың өзіне бастықтың бір жұмыс күні жетпеуі де ықтимал.

Баяғыдағы Райзо кезіндегідей, басқарманың мұндай қағазбастылыққа, кеңсешілдікке ойысып бара жатқаны июнь айының бас кезінде, Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінде болған кеңесте қатты сынға алынды. Кеңесте екі айлық жұмысының қорытындысы жөнінде есеп берген басқарма бастығы И. Қ. Мороз жолдас жоғарыда айтылған кемшіліктердің орын тепкенін мойындауға мәжбүр болды және оларға бұдан былай жол бермейтінін білдірді.

Басқармадағы партторгтың жұмысында да ірі кемшіліктер кездесіп отыр. Ол облыстық партия комитетінің осындағы өкілі, көз-құлағы ретінде жұмыс жүргізіп, жергілікті партия ұйымдарына бағыт-бағдар сілтеп отыруға, олармен бірлесе отырып, партиялық-саяси, ұйымдастыру жұмысын өмір талабына сай күшейте түсуге тиіс.

Басқарманың қамтуындағы колхоздар мен совхоздарда 2 300 ден аса коммунист, 3 мыңнан аса комсомолец бар. Мұның үстіне жергілікті советтердің 1 500-ден аса депутаты, кәсіподақ ұйымының мыңдаған мүшесі жұмыс істейді. Бұл — үлкен күш. Олардың өндірістегі авангардтық, жетекшілік, ұйымдастырушылық ролін арттырып, социалистік жарысқа ұйтқы ету, оларға арқа сүйеп жұмыс істеу — партия, комсомол, кәсіподақ қызметкерлерінің төл ісі. Бірақ, партторг Д. Әлжанов, комсорг О. Көлбаев жолдастар жұмыстың бұл жағын мықтап қолға ала алмай келеді. Көп жерде социалистік жарыстағы формализм әлі арылмаған, үгіт-бұқаралық, саяси жұмыс нашар. Құрмет, көрсеткіш такталарына жарыста озып жүлде алғандар жазылып тұрмайды. Ал Әлжанов, Көлбаев жолдастар бұған зер салмай, шаруашылық мәселелермен айналысуға ойыстай береді.

Жетісай территориялық-өндірістік басқармасы өзінің алғашқы адымында кездесіп отырған кемшіліктерді іс үстінде жедел жойып, партиямыздың лениндік Орталық Комитетінің март Пленумы алға қойған және Н. С. Хрущев жолдастың биыл 27 июньде РСФСР Орталық аудандарының өндірістік басқармалары қызметкерлерінің кеңесінде сөйлеген сөзінде белгіленген міндеттерді бұлжытпай орындау жолында қажырлы күрес жүргізуде.

Ә. ТҮЯҚБАЕВ.

Оңтүстік Қазақстан өлкесі.
Жетісай поселкесі.

Істі қолма-қол ұйымдастырамыз

Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің Зайсан территориялық өндірістік басқармасының партия ұйымдастырушысы А. ІБІЖАНОВ жолдаспен әңгіме

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы елімізде ауыл шаруашылығын мықтап өркендету шараларын белгілеп берді. Бүкіл елімізде ауылшаруашылық өндірісі коммунизм құрылысының екпінді майданының бірі болып отыр.

Зайсан территориялық басқармасы Алтайдың сілемінен Сауыр, Сайқан, Тарбағатай, Маңырақ тауларына дейінгі кең алқапты алып жатыр. Мұнда 4 аудан, 20 шаруашылық бар. Облыс тұрғындарының бестен бірі осы аймақты мекендейді. «Жері байдың—елі бай» дегендей облыстағы пайдалы жердің жартысынан астамы біздің шаруашылықтардың қолында.

Зайсан территориялық басқармасының басты бағыты — мал шаруашылығы. Шығыс Қазақстандағы бүкіл ірі қараның 25 проценті, қой-ешкінің 67 проценті, жылқының 37 проценті осында өсіріледі, еттің 37 проценті дайындалады.

Басқармада 7 ұйымдастырушы-инспектор бар. Бұлар бұрын істе ысылған, кабілетті адамдар. Дәуленов, Тумашев, Текешев, Ширяев сынды ұйымдастырушылар бұрын аудандық партия комитетінің секретары, бөлім меңгерушісі болған тәжірибелі қызметкерлер. Бұлардың қай-қайсысы болсын өз қызметін алғашқы күннен-ақ жергілікті жерде тікелей ұйымдастырушылық істен бастады. Ұйымдастырушы-инспекторлардың, партия ұйымдастырушысының жанындағы нұсқаушылардың, бас мамандардың бүгінгі қызмет орны — егіс даласы мен мал фермасы.

Басқарманың Марқакөл ауданы бойынша ұйымдастырушы-инспекторы Әбілғазин жолдас белсенді ісімен көзге ілінді. Ол ауданның совхоздарында үнемі болып тұрады. Көктемгі төл алу күндерінде Әбілғазин жолдас жұмыстың басында болды. Ол Боран совхозында төл алуды неғұрлым ұйымшылдықпен өткізуге көп күш салды. Нәтиже жаман болған жоқ. Совхозда қой қоздату ойдағыдай өткізілді, әр жүз саулықтан жүзден астам қозы алынды. Сөйтіп, совхоз қойды өз төлі есебінен өсіреді; енді ол бұл жөніндегі бұрынғы кемшілігін жойды.

Партия ұйымдастырушысының Тарбағатай ауданындағы нұсқаушысы Текешев жолдас аудан шаруашылықтарының жайын жетік біледі. Ол биыл тұңғыш рет егіліп отырған бұршақты дақылдарды өсіру агротехникасын барлық совхоз жұмысшылары мен механизаторларының тез үйренуіне көмектесті. Бұршақ егу агротехникасы семинарларда үйретілді. Мұндай семинарлар ауданның барлық совхозында өткізілді. Кәзір бұршақты дақылдар жақсы өсіп келеді.

Мал шаруашылығын кадрлармен нығайту мәселесіне ерекше назар аударудамыз. Бұл жұмысты совхоз, колхоз басшыларымен, партия ұйымдарымен бірлесе, ақылдаса отырып шешудеміз. Мәселен, Тарбағатай ауданындағы Ласты совхозының мал фермаларында коммунистер мен комсомолецтер аз еді. Біздің нұсқаушымыз Текешев

жолдас совхоз партия комитетімен бірлесе отырып кемшілікті жою мәселесін көтерді. Коммунистер бұл ұсынысты қызу қолдады. 7 коммунист, 11 комсомолец шопан болып орналасты.

Зайсан ауданының «Освобождение» колхозы мен Кеңдірлік совхозында коммунистер мен комсомолецтер мал шаруашылығына аттанауда. Кеңдірлік совхозының жоғары білімді зоотехнигі Кенжебек Молданбаев жолдас патриоттық өнеге көрсетті. Ол өзінің үй-ішімен 116 бас қазактың ақбас сиырын өз бағуына алды. Жас зоотехниктің бұл бастамасын жұртшылық арасына кеңінен таратпақпыз.

Іздей білгенге резерв те, мүмкіндік те мол. Оларды тауып, ұқсаста пайдалануға, барлығын шаруашылықтың игілігіне айналдыруға зер салып отырамыз. Үйренерлік тәжірибесі бар шаруашылықтың бірі — «Освобождение» колхозы. Сондықтан мұнда тікелей егіс басында жүгері өсіру жөнінде семинар ұйымдастырылды. Семинарда озат жүгеріші Байтұрсынов жолдас жүгері егу агротехикасын толық баяндап, оны іс үстінде көрсетіп берді. Шамшырақтардың тәжірибесін таратып, өндірісте қолдану ұйымдастырушы-инспекторлардың, нұсқаушылардың күнделікті ісіне айналып келеді.

«Партия, — деді Н. С. Хрущев жолдас Россия Федерациясы Орталық аудандарының өндіріс басқармалары қызметкерлерінің кеңесінде сөйлеген сөзінде, — ауыл шаруашылығы өндірісін басқарудың жаңа органдарын құрғанда шаруашылықты анағұрлым шебер жүргізіп, өндірістің экономикасын терең біліп отыруды, әрбір колхоз бен совхоздың резервтерін анағұрлым толық пайдалануды міндет етіп қоюда». Өндірістік басқарманың басшылары мен мамандары Н. С. Хрущев жолдасын бұл нұсқауын әрдайым басшылыққа алып отырады. Олар шаруашылықтардағы істің жайын байыбына жете зерттеп, кемшіліктердің бетін ашуда, оларды жоюдың нақты шараларын қолдануда. Басқарманың бас зоотехнигі Петров жолдас Күршім ауданының Высокогорье совхозының экономикалық жағдайын терең зерттеді. Мұның мәнісі бар еді. Совхоз соңғы жылдары артта қалып, көп шығынға батып келді. Тексере келгенде, совхозда мал шаруашылығына басшылықты нашар екені анықталды. Фермалар мен бөлімшелер кадрлармен, мамандармен нығайтылмапты. Жемшөп те жеткіліксіз екен. Соның салдарынан мал өз төлі есебінен өсу орнына өлім-жітімге ұшыраған. Қазір совхоздағы кемшілікті жоюдың нақты шаралары қолға алынуда. Оның нәтижесі жаман болмайды деген үміттеміз.

Біздің алғашқы қадамымыз осындай. Бірақ басқарма жұмысында кемшіліктер де бар. Әсіресе малшыларды материалдық жағынан ынталандыру, әрбір шаруашылықтың экономикасын жете зерттеп, ғылым мен озат тәжірибенің жетістіктерін өндіріске енгізу мәселелерін шындап қолға алғанымыз жоқ. Н. С. Хрущев жолдасын өндіріс басқармалары қызметкерлерінің Москва қаласындағы кеңесінде айтқан сын ескертпелерінен біз тиісті қорытынды шығарамыз.

Басқарма қамтитын колхоздар мен совхоздарда қазір мал, егін шаруашылығының жайы жаман емес. Енді жауапты да шешуші күрес алда тұр. Егін орағын сақадай сай қарсы алып, жемшөптің мол қорын жасауымыз, мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жөніндегі міндеттемені орындауымыз керек.

Жазып алған К. САПАРҒАЛИЕВ.

Шығыс Қазақстан облысы,
Зайсан ауданы.

Баспасөзге шолу

Ауданаралық газеттердің алғашқы адымы

«Правданын» елу жылдық мерекесі мен совет баспасөзі күні қарсаңында партияның Орталық Комитеті март Пленумының шешімдеріне сәйкес ауданаралық газеттер шыға бастады. Олар өздерінің алғашқы қадамынан бастап-ақ бар назарын негізгі мәселеге — ауыл шаруашылығының барлық саласын онан әрі өркендету мәселесіне аударды.

Шығыс Қазақстан облысының Зайсан территориялық өндірістік басқармасының жанынан шығатын «Достық» газеті өзінің тұңғыш номерін «Сенің газетің, малшы» деген бас мақаламен ашты. Бас мақалада өндірістік басқарманың қамтуындағы аудандар алдында тұрған міндеттер көрсетіліп, жаңа газет партия ұйымдарының жауынгер көмекшісі, өткір қаруы болатыны айтылды. Газетте Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің Зайсан совхоз-колхоз өндірісі басқармасы жанындағы партия ұйымдастырушысы А. Ібіжанов жолдастың «Біздің аймақ» деген көлемді мақаласы бар. Автор өзінің мақаласында осы басқармаға кіретін Күршім, Зайсан, Марқакөл, Тарбағатай аудандарының шаруашылық, мәдени өсу жолына тоқтайды. Газет оқушылары облыста өсірілетін ірі қараның 25 проценті, қой-ешкінің 67 проценті, жылқының 36 проценті осы аймақта екенін оқып біледі.

— «Тың» және «тың игеруші» деген сөздер, — деп жазады Көкшетау облыстық партия комитетінің Рузаев өндірістік басқармасы жанындағы партия ұйымдастырушысы В. Загорский жолдас ауданаралық «Ленинец» газетінде, — әлемдегі барлық халықтың тілінде «спутник», «лунник» деген сөздермен қатар естілуде. Қазір жер жүзінде «тың жер» дегенді білмейтін жан жоқ. Мұның өзі — өте қысқа мерзім ішінде құлазыған даланы жайқалған егінге, мәуелі баққа айналдырған совет адамдарының қажырлы еңбегінің нәтижесі. Тың жерді игере бастаған жылдардың ішінде Рузаев және Қазан аудандары Отанымызға 132 миллион пұттан астам астық тапсырды.

Орал облысының Жымпиты өндірістік басқармасының жанынан шығатын ауданаралық «Қызыл ту» газеті де өзінің алғашқы қадамын сәтті бастады. Газет өндірістік басқарманың жұмысын үзбей жазып отырады. Басқармадағы күн сайынғы болып жатқан жаңалық та, оның инспектор-ұйымдастырушыларының ісі де газет бетінен түспейді.

Ауыл шаруашылығы озаттарының бай тәжірибесі мен ғылым жетістіктерін кеңінен насихаттап, оның көпшілік игілігіне айналуына күш салу, өнегелі істердің жаршысы болу — ауданаралық газеттердің төл ісі. Қарағанды облысындағы Жезқазған өндірістік басқармасының жанынан шығатын «Октябрь туы», Целиноград облысындағы Есіл өндірістік басқармасының жанынан шығатын «Хлебороб Приишимья», осы облыстың Атбасар өндірістік басқармасының жанынан шығатын «Простор» газеттері ауыл шаруашылығындағы озат тәжіри-

бені насихаттап, әлі де болса толық пайдаланылмай отырған ішкі резервтер мен мүмкіндіктерді ашуда партия ұйымдарына үлкен қолқабыс тигізуде.

Көптеген ауданаралық газеттер мамандарға сөз беріп отырады. Өйткені, мамандар әрқашан өндірістің басы-қасында жүреді, істің жайын жақсы біледі. Орал облысының Фурманов өндірістік басқармасының жанынан шығатын ауданаралық «Коммунист» газетінің соңғы бір санында «Малды жайып семіртушілерге қосымша ақы төлеу туралы» деген мақалада өндірістік басқарманың жоспарлау-экономика бөлімінің менгерушісі құнды пікірлер айтса, келесі санында өндірістік басқарманың бас зоотехнигі қозыларды бағып-күту жөнінен кеңес береді. Мамандарға сөз бере отырып, газет совхоздар мен колхоздарда шаруашылықты тиімді жүргізу әдісін насихаттайды.

Ақтөбе облысындағы Қарабұтақ өндірістік басқармасының қамтуындағы аудандар үшін шығатын «Совхоз өмірі» газеті де егінші, малшылар өмірін жүйелі жаза бастады. Газет ҚазТАГ-тың, «Жаңалық» агенттігінің материалдарын шақтап, қажетіне қарай беріп отырады. Газеттің техникалық көркемделуі тәп-тәуір. Шаруашылықты, мәдени өмірді баяндайтын тартымды хабарлар көп. Газет екі рет әдебиет бетін берді. Жергілікті тілшілердің, авторлардың хат-хабарлары газет бетінде үзбестен жарияланып тұрады. Газеттің «Партия тұрмысы», «Партия ұйымдарында», «Біздің замандастарымыз», «Озат тәжірибе мектебі», «Өнер көзі — халықта», «Республикалық экономикалық конференция қарсаңында» деген рубрикалары бар. Қой шаруашылығын өркендету мәселелерін қозғайтын «Екінші тыңның табысы тасысын» деген аңшлагпен берілген екі арнаулы бет—газеттің ауыл шаруашылығы тақырыбын байыпты көтеруге талпынғанының белгісі. Бірсыдырғы тәп-тәуір шығатын осы газетте бір үлкен кемшілік бар. Газет шопандардың, сауыншылардың, мал мамандарының, дихандардың материалдарын өте аз басады. Т. Досқалиев деген газет бетінен түспейді. Ол көлдей-көлдей мақалалар, хатқа шолулар жазады, шикілі-пісілі өлеңдер де жариялайды. Тіпті, сол Досқалиевтің «Т. Досұлы» деп қол қойған материалдарының өзі көп.

Ауданаралық газеттердің шыға бастағанына екі—үш-ақ ай болды. Осы аз уақыт ішінде олар мәселе көтеруі, мақалалардың сапасы, сының дәрежесі, өрнектеліп, көркемделуі жағынан өздерінен бұрын шығып келген аудандық газеттерден әлдеқайда озық екенін көрсетіп отыр.

Бірақ, кейбір ауданаралық газеттердің кәзіргі дәрежесі КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы алға қойған міндеттерге сай емес. Бұлар жұмысты әлі де ескіше істеуде, ауыл шаруашылығын оған әрі өркендетудің келелі мәселелерін байыпты жаза алмауда. Әсіресе, Жамбыл, Орал, Павлодар, Семей облыстарындағы кейбір ауданаралық газеттердің алғашқы сандары тартымсыз, сүреңсіз.

Павлодар облысындағы Ермак өндірістік басқармасының жанынан шығатын «Жаңа жол» газетінің 5 майдағы номері, неге екені белгісіз, алты бет болып шықты. Газеттің үшінші, төртінші және бесінші беттері кешігіп қалған ресми материалдармен толтырыла салған. «Басты мәселе — шаруашылыққа басшылық етуде» деген ресми материалдың өткен номерден қалған жалғасы газеттің екі бетіне бөлініп берілген. Ал бесінші бетте өндірістік басқарманың өміріне ешқандай қатысы жоқ, Новгород облысынан ТАСС-тың материалы басылған. Сол сияқты Жамбыл облысы, Шу өндірістік басқармасының жанынан шығатын ауданаралық «Шу өңірі» газетінің де сол күнгі саны ресми материалдармен шықты.

Семей облысының Георгиевка өндірістік басқармасының жанынан шығатын «Молшылық үшін» газетінің соңғы бір санында «сы-

қак бұрышы» беріліпті. «Пышағы бар сүйгенін жейді» деген сын мақалада қойманың маңына келген жұрт әуелі қара қарғаға, онан соң екі аяқты, қанаты жоқ бүркітке теңеледі. Жұмысшыларды «бүркіттен кашқан тауықтай» деп суреттейді. Мақала ұстамсыз жазылған.

Жалпы алғанда, ауданаралық газеттерде сынның дәрежесі төмен. Газеттерде тап басатын сындар аз. Мәселен, ілгеріде өзіміз тәуір деп атаған «Совхоз өмірі» (Ақтөбе облысы) газеті жақында «Божыраған басшылық» деген көлемді сын мақала басты. Алған нысанасы, фактілері шымбайға батырып шымшитын кемшіліктер. Бірақ сын нақты емес, кінәлі адамдарды атап көрсету, жеке бөлімше, ферма мүмкіншіліктерін талдау, кемшілікке ұрындырған негізгі себептерді ашып айту деген аз. Соның салдарынан сын жалпылама болып шыққан. Фактілері көп, бірақ автордың өз пікірі, түйіні жеткіліксіз. Осы номердегі арнаулы тілші Б. Тәшкеновтың «Өсімтал түлікке өгейлік» деген сын мақаласында да мәселеге тура көшудің орнына айналшықтап, шалғайлап орағыту басым. Соның салдарынан ауданаралық газеттерде сын пәрменді болмай отыр. Бұған газет дабылының тым аз жарияланатыны дәлел.

Газет мақала, хабарларының әсері оның тілінің тазалығына, сауаттылығына, стиль жатықтығына, ойының айқындығына байланысты. Газет тіліндегі орашолақтықты кейбір журналистердің материал әзірлеуге атүсті, жеңіл-желпі қарауынан деу керек. Мәселен, Орал облысының Фурманов өндірістік басқармасының жанынан шығатын ауданаралық «Коммунист» газеті өзінің соңғы бір санында «Партия оқуы өндірістік басқарма камтуындағы аудандарда жақсы қорытындылады» деген тақырыппен арнаулы бет берді. Тақырыбының өзі түсініксіз, әрі орашолақ. Әлгі бетте «Қорытынды сабақ», «Саяси сабақты қорытындылағанда» (?) деген екі материал бар. Редакция осының екіншісінің шекесіне «репортаж» деп жазыпты. Ал «қорытынды» деген сөз бір беттегі үш мақаланың бас тақырыбында бірдей кездеседі.

Бұл газеттің тілі қойыртпақтан да сау емес. Соның бір-екеуін келтірейік. «Үш дана фотосуретті директордың атағына (?) жіберу керек» (№ 15). 3 июньдегі бас мақаласында «...ойлайтын өз құлқының құлы болды» деген сөйлем бар. Сондай-ақ «біресе мына құралдарын құралдап жүрген колхоздың озат механизаторы», «агрегат үйіндегі (?) адымды қимылдар» деген түсініксіз сөйлемдер ұшырайды.

Кейбір газет қызметкерлері нені суреттеп отырғанын өздері де аңғармай, тіл безеуге салынып кетеді. Жамбыл облысының Мерке өндірістік басқармасының жанынан шығатын «Коммунизм туы» газеті 9 майдағы номерінде «Шошқа өсіруші Максим» деген корреспонденция басты. Сонан мынадай сөйлемдерді оқимыз: «Сұрауды сұрауға сабақтай жалғап (?) екінші базға да келіп қаппыз. Онда кілең бордақылар. Құлақтары қалқиған қазанбас шошқалар шыланған жемге жаңа ғана бас қойған екен, бәрі де кем нектерін (?) кемсендете (?), талпақ танауларын таңырайтып, бізге қарай қалды. Сығырайған кішкене өткір көздерінде таңданудың ізі (?) бар».

* * *

Бұл күндері ауыл-село еңбеккерлері қызу еңбек үстінде. Республикамыздың оңтүстік облыстары егін орағын аяқтауға жақын. Астықты алқап — Тың өлкесі мол астықты ысырапсыз жинап алуға кіріскелі отыр.

Совет баспасөзінің жаңа отряды—ауданаралық газеттер еліміздің өміріндегі маңызды кезеңде дүниеге келіп отыр. Совет баспасөзінің даңқты дәстүрлері мен тәжірибесінен үлгі ала отырып, олар ауыл-село еңбеккерлерін партия алға қойған орасан зор міндеттерді орын-

дауға жұмылдыруда партия ұйымдарына жауынгер көмекші болуға тиіс. Облыстық партия комитеттері мен облыстық совет атқару комитеттерінің газеті болып табылатын олар ауыл-село өмірін ауданды газеттерден әлдеқайда жақсы да, байыпты да жаза алады. Жаңа газеттер ауыл шаруашылығының экономикасына тереңірек үңіліп, кемшіліктерді батыл сынауы керек.

Ауданаралық газеттер бастапқы кезде өз жұмысында белгілі қиыншылықтарға кездесуде. Олардың қайсыбіреулері жергілікті партия ұйымдарының саяси-бұқаралық және ұйымдастыру жұмысын, өндірістік басқармалардың қызметін кейде үстірт жазып жүр. Бұл арада оларға республикалық, өлкелік, облыстық газеттер, тәжірибелі журналистер елеулі көмек көрсете алады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі мен республика журналистер одағының басқармасы өткен айда тәжірибелі журналистердің үлкен бір тобын ауданаралық газеттерге көмекке жіберіп алды.

Ауданаралық газеттер өндіріске неғұрлым жақын болып, әрбір колхоз бен совхоздағы, бригададағы, бөлімшедегі, фермадағы істі жайына қанық болуға тиіс. Олардың жұмысындағы ең басты нәрсе — оңат тәжірибенің мән-жайын айқын ашып, жаңа еңбек әдістерінің артықшылығы мен тиімділігіне жұрттың көзін жеткізе білу, шамшырақтардың тәжірибесін күнделікті насихаттаумен ғана тынбай, сол тәжірибенің барлық жерде таралуына атсалысу.

Жұмысшы және ауыл-село тілшілері — совет баспасөзінің сенімді тірегі. Соңғы жылдары баспасөздің бұқарамен байланысы нығая түсті. Баспасөзде қоғамдық негіз кең өріс алып, жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің қатары көбеюде. Республикамыздың газеттері мен журналдары редакцияларының жанында 695 штаттан тыс бөлім, 200 авторлар советі жұмыс істейді. Өнеркәсіп орындарында, колхоздар мен совхоздарда 250 тілшілер посты құрылды. Жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің саны 75 мыңға жетті. Тілшілер рейділерін ұйымдастырған газеттердің дәстүріне айналды.

Ауданаралық газеттер де осы тамаша дәстүрді дамытып, өздерінің бүкіл жұмысында халық тілшілеріне арқа сүйеуге, газет оқушыларымен тығыз байланыс жасап, олардың ұсыныстарына мұқият көңіл қойып отыруға тиіс. Газеттің бұқарамен байланысы жақсарған сайын, оның беделі де арта түседі.

Жаңа газеттерді оқып отырғанда колхоздар мен совхоздарда бүгінгі кең тынысты, зор шабытты аңғарасың. Ауыл-село өмірінде бұл жаңа лепті тудырған КПСС Орталық Комитетінің март Пленуми партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттырғын түсуді көздейтін соңғы шаралары.

Ауданаралық газеттер — партия ұйымдарының жауынгер көмекшісі, КПСС XXII съезі алға қойған тарихи міндеттерді ойдағыдай орындау жолындағы күресте олардың атқаратын қызметі үлкен.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З.,
Әбілдаев Қ., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т.,
Мендібаев Қ., Хайдаров С. (жауапты секретарь),
Ыдырысов Т.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 10
Тел. 2-23-03, 2-24-95

